



А. ИБАТОВ

ҚАЗАҚ  
ТІЛІНДЕГІ  
ЕСІМДІКТЕРДІҢ  
ТАРИХЫНАН

АЛМАТЫ — 1966



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ  
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

А. ИБАТОВ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ  
ЕСІМДІКТЕРДІҢ ТАРИХЫНАН



Қазақ ССР-ның «ҒЫЛЫМ» баспасы  
АЛМАТЫ — 1966

Бұл еңбек қазақ тілі тарихының келелі мәселелерінің бірі есімдіктердің тарихына арналған. Ол, негізінде, көне түрік ескерткіштерінің тілдік материалдары мен қазіргі туысқан түрік тілдерінің қажетті жерде монғол және манжур-тұңғыс тілдерінің материалдары мен заңдылықтарына сүйене отырып, салыстырма-тарихи метод жүйесімен жазылған. Онда есімдіктердің құрылымында кездесетін ерекше тілдік элементтер мен олардың пайда болу және өзгерістерге ену заңдылықтары түгел қамтылып сөз етілген. Жұмыс қазіргі қазақ тіліндегі есімдіктердің шығу тегі, олардың қандай заңдылықтар арқылы дамып жетілуі жөнінде толық мәлімет береді.

Кітап ғылыми қызметкерлер мен жоғарғы оқу орындарының филология факультеттерінің оқытушылары және студенттеріне, сол сияқты грамматикалық категориялар тарихымен қызығушы мамандар мен оқушы көпшілікке арналған.

Жауапты редактор — филология ғылымының  
докторы А. И. ЫСҚАҚОВ

## КІРІСПЕ

Есімдіктер өзінің құрамдық ерекшеліктерінің айрықша көзге түсуі негізінде ғалымдар зейінін ерте кезден бастап-ақ өзіне тартқан. Сондықтан есімдіктерге тән жалпы қасиеттер мен заңдылықтарды зерттеуге, олардың тарихы мен қалыптасу жүйесін анықтауға арналған еңбектердің саны аз емес. Ондай еңбектер алға қойған мақсаттары мен қамтитын мәселелерінің көлеміне байланысты кейде есімдіктерді өте кең түрде, яғни алтай тілі тұрғысынан зерттеген, кейде түркі, монғол не манжұр-тұңғыс тілдері тұрғысынан, кейде жеке тілдердегі есімдіктер немесе сол есімдіктердің жеке топтары мен жеке сөздеріне тән заңдылықтар мен ерекшеліктер тұрғысынан жазылған еңбектер болып келеді. Оларды өте қысқа түрде атап өтетін болсақ, мына сияқты еңбектер мен олардың авторларын еске алуға болар еді.

Алтай тілдеріндегі есімдіктерді зерттеу жұмысын алғаш рет қолға алушы әйгілі ғалым Кастрен болды. Оның 1850 жылы Гельсингфорсте жарияланған «Die affixis personalibus linguarum altaicarum» атты еңбегі осы алтай тілдеріндегі есімдіктер жайын сөз етуге арналған тұңғыш ғылыми зерттеу болған еді. Бұдан соң алтай тілі жайындағы құнды еңбек О. Бётлингктің «Über die Sprache der Jakuten Altajische studien» атты Санктпетербургте басылып шыққан еңбегі болды. Онда жалпы алтай және монғол, түрік туыстас тілдер жайында да өте құнды пікірлер айтылған еді. Ол

пікірлердің дені кейінгі зерттеуші ғалымдардың көбінің ойынан шыққан нағыз қажетті пікірге айналған. Бұларға жуық В. Шотт урал-алтай тілдеріндегі есімдіктерге байланысты көптеген зерттеулер жүргізді. Солардың ішінде «Altajische Studien» атты еңбегін баса атауға болады. Кейінірек Б. Мункачи зерттеулерінде де урал-алтай тілдеріндегі есімдіктердің салыстырма зерттеу әдісі кеңінен орын алды. Бұл салыстыра зерттеу әдісі артынша В. Радловтың «Die alttürkische Inschriften der Mongolei», «Die Jakutische Sprache in ihrem verhältnisse zu den Türk Sprachen» атты күрделі еңбектерінде онан да әрі дамытылды. Бұдан соң Г. Рамстедттің «Über mongolische pronomina» және В. Бангның «Studien zur vergleichenden Grammatik der Türk Sprachen», «Vom Köktürkischen zum Osmanischen» сияқты жалпы түрік тілдеріндегі есімдіктер мен кейбір жұрнақтар және сұрау есімдіктеріне арналған көлемді еңбектері пайда болды. Бұл жерде Ж. Денидің «Grammaire de la langue turque (dialekte osmanli)» деген атақты еңбегін атап өтпеуге болмайды. Сол сияқты, көптеген ескертпелер мен жеке пікірлер В. Богородицкийдің «Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками». К. Грэнбектің «Der türkische Sprachbau» атты еңбектерінен де жиілеп кездесіп отырады.

Бұлардан соң алтай тіліндегі есімдіктерді талдауға түсірген құнды еңбектің бірі В. Котвичтің «Les pronoms dans les Langues Altaïques» атты жұмысы болды. Түрік туыстас тілдердің есімдіктер жүйесін зерттеуге А. П. Поцелуевскийдің «Происхождение личных и указательных местоимений» және Н. А. Баскаковтың «О соотношении значений личных и указательных местоимений», Ф. Г. Исхаковтың «Местоимения», Ф. Д. Ашниннің «Указательные частицы в тюркских языках» сияқты еңбектері арналды.

Жеке тілдерге тән есімдіктер жүйесі мен ондағы есімдіктердің жеке топтарын сөз етуге арналған зерттеулер қатарында: Н. К. Дмитриевтің «Указательные местоимения в османском языке», «Об указательных местоимениях в башкирском языке», Ф. Д. Ашниннің «Принципы дифференциации туркменских указательных местоимений», «Принципы дифференциации турецких указательных местоимений»; Н. Сауранбаев-

тың «Есімдіктер»; Ш. Сарыбаевтың «К вопросу о местоимении в казахском языке», «О местоимениях *ту, тунеу*»; А. Төлеуовтың «Қазақ тіліндегі есімдіктер»; С. Құдайбергеновтың «Қырғыз тіліндегі есімдіктер»; А. Ибатовтың «Қазақ тіліндегі есімдіктер»; А. Боржаковтың «Түрікмен тіліндегі есімдіктер» деген сияқты еңбектерін атауға болады.

Бұл келтірілген еңбектердің бәрінде де жеке авторлардың есімдіктер тарихы және олардың құрамы мен қалыптасу жүйесі т. б. мәселелер жайында айтқан өзіндік пікірлері көп-ақ. Ондай ойлар жұмыс ішінде есімдіктердің әрбір жеке топтарын және жеке сөздерін талдау кезінде арнайы түрде аталып отырылады.

Есімдіктердің қай кезде, қай замандарда пайда болғанын дәлдеп айту қиын. Бірақ ғалымдар арасына кең тараған пікірлер бойынша, есімдіктер өте көне заманда пайда болған сөздер қатарына жатқызылады.

Есімдіктердің өте ерте заманда пайда болуы, ең алдымен, олардың мағыналарының жоғары дәрежеде абстракциялануынан, яғни мағыналарының тым жалпылама түрде келуінен көрінсе, екіншіден, олардың түбір сөздері мен қосымшаларында кездесетін өте көне формалардың сақталып қалуынан да айқын көрінеді. Сонымен қатар есімдік сөздердің әр тілдің өзіндік ерекшелігіне қарай аздаған өзгешеліктері болмаса, барлық түрік тілдерінде бірыңғай сөздер болып келуінен де білінеді. Мысалы, қазақ тіліндегі *мен, сен* есімдіктері өзге түрік тілдерінде, айталық, түрікмен, құмық қарачай, қаракалпақ, өзбек, ойрот, шор, қырғыз, алтай тілдерінде *мен, сен*; гагауз, караим, ноғай тілдерінде *бән, сән*; азербайжан, ұйғыр, тува тілдерінде *мән, сән*; түрік тілінде *бен, сен*; татар, хакасс тілдерінде *мин, син*; башқыр тілінде *мин, һин* боп қолданылады. Бұл сөздер жеке тілдердің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты, кейбір фонетикалық өзгешеліктерімен ғана ажырасатыны болмаса, барлық түрік туыстас тілдерде бір түбірге тән сөздер екені өте анық байқалады. Сол сияқты, көптеген есімдік сөздер белгілі бір грамматикалық көрсеткіштер арқылы немесе қолдану мақсаттарына қарай өзге сөз таптарына және грамматикалық көрсеткіштер (қосымшалар) қатарына да айналып кеткені байқалады. Есімдіктердің бір кездерде өзге категорияларға, яғни қосымшалар мен грамматикалық

көрсеткіштерге ауысу қабілеті өте күшті болғаны ерекше көзге түседі. Бұл жағдай негізінде жіктеу есімдіктерінде кездеседі. Мысалы: *мен, сен, ол* жіктеу есімдіктерінен *-мын, -мін, -сың, -сің* сияқты жіктік жалғаулары және *-м, -ң, -ы* сияқты тәуелдік жалғаулары; *біз, сіз* жіктеу есімдіктерінен *-мыз, -міз, -сыз, -сіз* сияқты көптік, сыпайылық мәндегі жіктік жалғаулары және тәуелдік жалғаулары жасалған.

Бұл жіктеу есімдіктерінің өзге грамматикалық категорияларға айналу дағдысы тіл ғылымы зерттеушілерінің көптеген еңбектерінде кең түрде әржақты сөз етілген. Еңбектің авторлары негізінде түбір сөздердің жалғауға айналу амалында ерекше көзге түсетін сөздер ретінде жіктеу есімдіктерінің жіктік жалғаулары дәрежесіне ауысу заңдылықтарын және олардың кейбір құранды қосымшалар құрамында қолданылу ерекшеліктерін, сол сияқты, шылау немесе басқа да жалғау не жұрнақтар дәрежесіне ауысу заңдылықтарына тоқталады. Сөйтіп, жіктеу есімдіктерінен әр түрлі жіктік жалғауларының пайда болу ізін, олардың қалыптасу жүйесін ескі ескерткіштер мен қолжазбалардан тарта күні бүгінге дейінгі әдеби мұралардан көптеген мысалдар келтіре отырып орынды дәлелдейді. Жіктеу есімдіктерінің тек қана *-мын, -мыз, -сың, -сыз* емес, одан әрі қарай қысқара, ықшамдала барып, әрқилы фонетикалық өзгерістерге түсу бағытында *-м, -ың, -ы* формаларына көшу ізінің заңдылықтарын да жүйелі түрде баяндайды. Мысалы, қазақ тіліндегі *сен* есімдігінің *-сен > //-сың//сің > -ың//ң* боп қалыптасу (барсан, бара-сың, бар-ың-ыз, қара-ң-ыз), сол сияқты, *біз, сіз* жіктеу есімдіктерінің *-мыз, -міз* сияқты көпше жіктік жалғауларына және *-сыз, -сіз* сияқты сыпайы түрдегі жіктік жалғауларына ауысу ізі және ондағы заңдылықтар сипатталады.

Жіктеу есімдіктерінен пайда болған жіктік жалғаулары тюркологияда көбіне «аффикс сказуемость» (баяндауыш аффикстер) деп аталынады. Міне, осы баяндауыш жалғаулар қазақ тілінде етістіктер мен есім сөздерге бірдей жалғана беретін және тек қана етістік сөздерге жалғанатын жалғаулар боп негізгі екі жікке бөлінеді. Сонда тарихи қалыптасу жағынан етістіктер мен есім сөздерге жалғана беретін жалғаулар өзінің шығу тегінің формасын толығырақ сақтаған



жалғаулар болып келеді де, тек етістіктерге ғана жалғанатындары бұған қарағанда фонетикалық өзгерістерге молырақ ұшырап, ықшамдалып қысқарған формалар болып келеді.

Тарихи жағынан алып қарағанда, баяндауыш аффикстердің бірінші жақ жекеше *-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін* және екінші жақ жекеше *-сың, -сің, -сыз, -сіз* түрлерінің *мен, сен, сіз* жіктеу есімдіктерінен шыққанын, сондай-ақ, көпше түріндегі *-мыз, -міз, -быз, -пыз, -піз* жалғауларының *біз* есімдігінен шыққанын ескі ескерткіштер мен қолжазбаларда кездесетін фактілерден өте айқын көруге болады. Мысалы, ескі ескерткіштерде мына сияқты фактілерді кездестіреміз: *қырқыз оғлы мән — я киргиз<sup>1</sup> Үчін Күлүг Тіріг оғлы бән. Күлүг Тоған бән — я сын Учин-Кулюг — Тирига. Я — Кулюг Тоған*<sup>2</sup>. *Абаң сән барсасан — егер сен барсаң*<sup>3</sup>. *Мұны тіламаса сән айру нә кәрәк? — Сен бұны істемесең, басқа не керек?...<sup>4</sup> Qaly qorqmasa sän kücün qorqutur! — Если ты не боишься его, то тебя устрашает силой*<sup>5</sup>.

Осындағы «оғлы мән», «йарған мән», «оғлы бән», «Тоған бән» деген тіркестердегі «мән», «бән» сөздері қазіргі қолданылу дағдысындағы *-мын, -бын* жіктік жалғауларының ол бастағы әлі де болса дербестігін жоя қоймаған дәуірінің кепілі. Сол сияқты, «барсасан», «тілэмәсә сән», «qorqmasa sän» дегендер де қазіргі кезде *барсаң, тілемесең, қорықпасаң* болып қолданылатын етістік сөздерге жалғанылатын *-ң* (екінші жақ) жіктік жалғауының алғашқы кездерде қолданылған дағдыларының көрінісі.

*Біз аз біз тэйін қорқмыс* — нас мало, говоря, боялся<sup>6</sup>; *Бу атымыз Умай бэг біз* — это наше имя Умай бег<sup>7</sup>; *йоқламаз біз* — мы не возвышаемся<sup>8</sup> деген сөй-

<sup>1</sup> С. Е. Малов. Енисейская письменность тюрков. М.—Л., 1952, стр. 84.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 80-бет.

<sup>3</sup> Махмуд Кашгари. Туркий сұзлар дивони. Тошкент. 1960, 140-бет.

<sup>4</sup> Бұл да сонда, 146-бет.

<sup>5</sup> С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, стр. 264.

<sup>6</sup> Бұл да сонда, 9-бет.

<sup>7</sup> Бұл да сонда, 53-бет.

<sup>8</sup> Бұл да сонда, 62-бет.

лемдердегі «біз» де қазіргі *-мыз, -міз, -быз, -біз* жіктік жалғауларының ол бастағы қолданылу дағдысы.

Жіктік жалғауларының екінші жақтық аффиксі қазақ тілінде *-ыңыз, -сыңыз, -іңіз, -сіңіз* түрінде де қолданылады. Дәл осы форма башқыр тілінде *-ығыз, -егез* түрінде кездеседі. Жіктік жалғаудың бұл түрі жөнінде Н. К. Дмитриев *-ығ, -ег* бөлімі екінші жақтық аффикс те, *-ыз, -ез* бөлігі көптік жалғауының көне түрі<sup>9</sup> дегенді айтқан. Біздің қазақ тіліндегі *-ыңыз, -іңіз* жалғаулары туралы да осыны айтуға болатын сияқты<sup>10</sup>.

Есімдіктер — түгел дерлік туынды сөздер. Олардың қайсы бірі біріккен сөздер болса, кейбірі қосымшалар арқылы жасалынған, кейбірі сөздердің синтаксистік тұрақты тіркестері арқылы жасалынған сөздер. Есімдік сөздердің бұлай боп келуі дербес сөздер тіркесінен бастап ол тіркестегі сөздердің кейбірінің мағыналық солғындауы, тіпті аффикстер дәрежесіне көшуіне дейінгі процестердің бәрін де бастан кешірген. Сонда оларды қалыптасу процесіне қарай ежелгі (байырғы, көне) есімдіктер және бертінде пайда болған (кейінгі, жаңа) есімдіктер деп күрделі екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа: а) бір кездерде дербес сөз не қосымшалар есебінде қолданылған, қазіргі кезде есімдік сөздердің белгілі бір дыбыстық құрамы сияқты боп кеткен *-н, -м, -з* элементтері арқылы жасалынған *мен, сен, ол* (<он//ан), *біз* (<бі-сі), *сіз* (<сі-сі), *қай* (<қан), *кім* (<кі-м) сияқты және *-дә* элементі арқылы жасалынған *дәнеңе* (<дә-неңе <дым-неңе) сияқты сөздер; ә) байырғы сілтеу мәнді тұлғалардың бірігуі арқылы жасалынған *бұл* (<б-ол), *міне* (<мін-е), *мына* (<мын-а), *әне* (<ән-е), *ана* (<ан-а), *осы* (<ош-бу), *сол* (<ош-ол), *қане* (<қан-і) сияқты көне тұлғалы сөздер жатады.

Екінші топқа жататын сөздер іштей екі саладан құралады.

1) Лексикалық тәсіл арқылы пайда болған сөздер. Бұған а) өзге сөз таптарынан ауысқан *бар, бүкіл, бір, біреу, түк, дым* сияқты есімдіктер; ә) басқа тілдерден

<sup>9</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка. М.—Л., 1942, стр. 53.

<sup>10</sup> А. И. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1964, 87-бет.

ауысқан күллі, тамам, әлде, әр, пәлен, еш сияқты сөздер жатады.

2) Грамматикалық тәсіл арқылы пайда болған есімдіктер. Бұған а) көне есімдік тұлғалардың кейбір сілтеу, сұрау есімдіктерімен бірігіп айтылуы арқылы жасалынған *мынау* (<мына-у), *анау* (<ана-у) сияқты сөздер; ә) кейбір сілтеу және сұрау есімдіктерінің бірігіп айтылуы арқылы жасалынған *осынау* (<осы-анау), *сонау* (<сол-анау), *қайсы* (<қай-сол) сияқты сөздер; б) әр қилы қосымшалар арқылы жасалынған *бәрі, барлық, барша, қанша? неше? қандай?* т. б. сияқты сөздер және; в) сөз тіркестерінен пайда болған *бір де, бірде-бір* сияқты сөздер жатады.

Біз бұл жерде Ф. Энгельстің: «Материя и форма родного языка только тогда могут быть поняты, когда прослеживают его возникновение и постепенное развитие, а это невозможно, если оставлять без внимания, во-первых, его собственные омертвевшие формы, во-вторых, родственные живые и мертвые языки»<sup>11</sup> — деген қағидасын негізге ала отырып, осы күрделі екі жікке бөліне көрсетілген есімдік сөздердің тұлғалық құрамдары мен олардың шығу тегі жайында біраз ойлар ұсынбақпыз.

## § 1. Жалпы мәселе

Есімдіктердің шығу тегі дегенде, ең алдымен, көзге түсетін және ерте кезден бастап-ақ зерттеушілердің көңлін аударған мәселе — жіктеу есімдіктері мен сілтеу есімдіктерінің генетикалық байланысы. Сілтеу есімдіктері мен жіктеу есімдіктерінің арасындағы генетикалық байланыс туралы пікір алғаш рет О. Бётлингтен<sup>12</sup> басталады. Кейіннен В. Радлов<sup>13</sup> *бән, сән* сөздерінің *бә* (бі) және *сә* (сі) сияқты таза түбірлерін бөліп алып қарауынан бастап, бұл мәселе біраз зерттеушілердің негізгі зерттеу объектілерінің біріне айналады. Мысалы, В. Банг «Vom Köktürkischen zu osmanischen» деген еңбегінде *beru, beri, biri* сөздерін барыс

<sup>11</sup> К. Маркс и Ф. Энгельс. Собрание сочинений. т. XV, стр. 327.

<sup>12</sup> O. B ö h t l i n g k. Über die Sprache der Jakuten, I (Jakutische Grammatik).

<sup>13</sup> W. W. R a d l o f f. Die alltürkischen Inschriften der Mongolei. Neue Folge. St. Petersburg, 1897, 72.

септігінің көне формасындағы I жақ жекеше *be-, bi-*<sup>14</sup> есімдіктері деп түсіндіреді. Сөйтіп бұған қарама-қарсы мағынадағы сөз есебінде барыс септігінің көне формасындағы *ағь* сөзін алып, оны III жақ жекеше *a*<sup>15</sup> жіктеу есімдігі деп көрсетеді. Бұл сияқты сілтеу есімдіктері мен жіктеу есімдіктерінің ұқсастығы жөніндегі пікірді Мункачи, Немет, И. Дени, А. Зайончковскийдің еңбектері<sup>16</sup> мен В. Котвичтің<sup>17</sup> «Алтай тіліндегі есімдіктер» деген еңбегінен, Н. К. Дмитриевтің «Башқыр тіліндегі сілтеу есімдіктері туралы» деген еңбегінен де кездестіреміз. Н. К. Дмитриев осы еңбегінде: «В тюркских языках генезис указательных местоимений надлежит рассматривать в связи с личными местоимениями»<sup>18</sup>, — деп көрсеткен болатын.

Сілтеу есімдіктері мен жіктеу есімдіктерінің генетикалық байланыстары жөнінде арнайы жазылған екі мақала бар. Олардың бірі — А. П. Поцелуевскийдің «Жіктеу және сілтеу есімдіктерінің тегі» деген мақаласы да, бірі — Н. А. Баскаковтың «Түрік тіліндегі жіктеу және сілтеу есімдіктерінің мағыналық байланыстары жөнінде» деген мақаласы.

А. П. Поцелуевский I және II жақ жіктеу есімдіктерінің шығу тегі жағынан *бу* (<му) және *шу* сілтеу есімдіктерінің морфологиялық құрамдарымен бірдей болып келетінін ескерте келе, мынадай үлгіні ұсынған:

«б-ен < м-ен < м-ин : м-ун < м-ын < м-ин  
с-ен < с-ин : ш-ун < \*ш-ын < \*ш-ин —»<sup>19</sup>.

Сонда қазіргі қолданылудағы *бу* сілтеу есімдігі мен *бен* жіктеу есімдіктері ертедегі бір замандарда *мин* сөзінен тараған сөздер; *шу* сілтеу есімдігі — *шин*;

<sup>14</sup> W. Bang. Von Köktürkischen zu Osmanischen. I Mitteilug. АРАW, N 6. Berlin, 1917, 7.

<sup>15</sup> Бұл да сонда, § 3.

<sup>16</sup> Keleti Szemle. Budapest, XVIII, 136; «Turan» I, 490; Gram., 616; Prace Komisji Orientalistycznej Polskiej Akademji Umiejstnosci. Krakow, N — 15, 48.

<sup>17</sup> W. Kotwicz. Les pronoms dans les Langues altaïques. РКО. Krakow, 1936, N 24, 51.

<sup>18</sup> Н. К. Дмитриев. Об указательных местоимениях в башкирском языке. «Труды Московского ин-та востоковедения», № 4, 1947, стр. 47.

<sup>19</sup> А. П. Поцелуевский. Происхождение личных и указательных местоимений. Ашхабад, 1947, стр. 15.

сен жіктеу есімдігі *син* сөзінен пайда болған сөздер болып шығады. Оның үстіне, автор бұл келтірілген сілтеу және жіктеу есімдіктерінің түбірін *ин/ын* деп таниды да, сөздердің алғы *б, м, ш, с* дыбыстарын префикстік көрсеткіштер деп атайды. Бұл жөнінде автор: «Сопоставление косвенных падежных форм местоимений «бу» и «шу» позволяет выделить их общую основу «ун», к которой присоединяются в порядке префиксации форманты «б» или «м» и «ш»<sup>20</sup>, — дегенді айтқан. Сонымен қатар бұл түбірді түрікмен тіліндегі *ин-е* (вот!), қазақ тіліндегі *м-ін-е*, шор тіліндегі *м-ин-е, м-ын-а*<sup>21</sup> сөздерінің бойында сақталған деп көрсеткен. Бұдан әрі автор III жақ жіктеу есімдігі мен *ол* сілтеу есімдігінің байланысын сөз ете келе: «что же касается генезиса указательного местоимения «ол» (> «о») то, оно в форме номинатива должно быть, по нашему мнению, возведено к указательному образованию междометийного типа «һол» или «һо : л» (вот! вон там! во-он!)»<sup>22</sup>, — дегенді ұсынған.

Н. А. Баскаков жіктеу және сілтеу есімдіктерінің генетикалық байланысын сілтеу, тәуелдеу және жіктеу есімдіктері деген ізбен сатылай<sup>23</sup> көрсетеді. Сонда бұл есімдіктердің көне түрі сілтеу есімдіктері болады да, әрі қарай дамудың екінші сатысы — тәуелдеу есімдіктері (ілік жалғауындағы сілтеу және жіктеу есімдіктері), үшінші саты — жіктеу есімдіктері болып көрсетіледі.

Біздің ойымызша, бұл келтірілген сілтеу есімдіктері мен жіктеу есімдіктерінің түбір морфемаларының генетикалық байланысы, дау тудырмайтын мәселелердің бірі болса керек. Бұл мәселе жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерінде толық дәлелденген деп айтуға болады. Егер біз қазіргі қазақ және түрік туыстас тілдердің бәрінде де *ол* сөзінің әрі жіктеу, әрі сілтеу есімдігі ретінде қолданылуын еске алсақ, бұл мәселенің күмәнді болмауы онан да дәлірек айқындала түседі.

<sup>20</sup> Бұл да сонда, 7-бет.

<sup>21</sup> Бұл да сонда, 9-бет.

<sup>22</sup> Бұл да сонда, 6-бет.

<sup>23</sup> Н. А. Баскаков. Соотношение значений местоимений в тюркских языках. Доклады и сообщения ин-та языкознания АН СССР. № 1, 1951, стр. 134.

Келесі күрделі мәселе *мен, сен, ол (<ан), қай?* (<қан) есімдіктерінің соңында келетін *-н* дыбысы туралы. Бұл мәселе алғаш рет В. Радловтың жіктеу есімдіктерін *мен-н, се-н*<sup>24</sup> деген екі элементтен құралған сөздер дегенінен басталады. Бұдан әрі әркім әр түрлі пікір айта бастайды. Оларды топтай келгенде, мынадай болады.

Біріншіден, *-н* дыбысын қыстырма («вставочный») дыбыс немесе жалғастырушы дауыссыз («соединительный согласный») не жалғастырушы қыстырма дауыссыз («соединительный вставочный согласный») дыбыс деп тану. Бұл пікірдегі ғалымдардың бірі И. А. Батманов<sup>25</sup> қырғыз тіліндегі *бу* сілтеу есімдігінің септелуінде *tunda, tupaп* сияқты жағдайларда қыстырма («вставочный») *n* пайда болады деп көрсеткен. Ол *n* III жақ тәуелдік жалғаулы *at* сөзінің септелуінде (*atnda* дегендегі *n* сияқты) қосылып айтылатын *n* дыбысымен тектес дегенді айтқан. И. А. Батмановтың соңғы еңбектерінде де бұл «вставочный *-н*» түрінде танылады<sup>26</sup>.

М. Ряснен: «Очень распространенный «соединительный согласный» *n*, который обычно наблюдается после корней на гласный в родительном, дательном и винительном падежах (частично и после согласных) и которого не было в древнетюркском языке, произошел из местоименного склонения: *an-yn, an-ga, an-ug* вследствие неправильного слогоразделения *a-nyuп*»<sup>27</sup>, — деп жазған. Ал, Г. И. Рамстедт монғол тіліндегі жіктеу есімдіктерінің септелуінде пайда болатын *n* жалғастырушы қыстырма дауыссыз («соединительный вставочный согласный») дыбыс<sup>28</sup> болып саналады деген.

Ал, А. М. Щербак *n* дыбысын «қыстырма» дей отыра, мына сияқты екі түрлі ойды айтады. Бірінші-

<sup>24</sup> W. W. Radloff. Die alttürkischen Inschriften der Mongolei. Neue Folge. St. Petersburg, 1897, 72.

<sup>25</sup> И. А. Батманов. Части речи в киргизском языке. Фрунзе, 1936, стр. 12; «Грамматика киргизского языка». Вып. I, Фрунзе — Казань, 1939, стр. 26.

<sup>26</sup> И. А. Батманов. Современная и древняя Енисеика. Фрунзе, 1962, стр. 175, 191.

<sup>27</sup> М. Ряснен. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955, стр. 121.

<sup>28</sup> Г. И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. М., 1957, стр. 33.

ден, түрік тілдерінде қос септіктер бар екенін ескеретін болсақ, «қыстырма» *n* оруднокомитативный немесе притяжательный (ілік) септіктің рудименті болуы ықтимал. Ал, екіншіден, бұлайша дәлелдеуге келмейтін кейбір орындарда ол туынды сөздерде ғана қалпына келетін (восстановливающимся) түбірдің құрамдық (конструктивный) элементі болу керек<sup>29</sup>, — дейді.

Екінші, *-н* дыбысын «факультатив» көрсеткіш деп тану. Бұл дағды алғаш рет Н. К. Дмитриевтен<sup>30</sup> басталады. Кейіннен В. Н. Хангильдин<sup>31</sup>, Т. М. Гарипов<sup>32</sup> т. б. ғалымдардың еңбектерінде кездесіп жүр.

Үшіншіден, *-н* дыбысын ілік септігінің қысқарған түрі деп қарау. Бұл пікірді алғаш рет В. Радлов<sup>33</sup> айтады да, оны қолдаушылардың бірі К. Грөнбех<sup>34</sup> болады. К. Грөнбех *-н* дыбысын ілік септік жалғауынан пайда болған тұлға дей келе, ілік септік жалғауының (Genetivsuffik) өзі бір кездерде *nän*<sup>35</sup> «Sache, Ding» деген толық мағыналы сөз дәрежесінде дербес қолданылған заттық атау сөз болған деп көрсетеді. Сол сияқты, В. И. Насилов 1940 жылғы грамматикасында *-н* дыбысының ұйғыр тіліндегі жіктеу есімдігінің септеу жүйесінде *-нән* түрінде толық қолданылатын дағдысына сүйене отырып, барыс, жатыс, шығыс септіктеріндегі *sänindin*, *suninga* деген сияқты сөздерді қосқабат септік жалғаулы сөздер деп атаған. Сөйтіп мұндай сөздерді септік жалғауларының жеке бір түрі есебінде қосқабат септеу (двойной падеж) деп атап, ол туралы: «Когда между предметами пространственное отношение выражается местоимением, стоящим в притяжательном падеже, образуется двойной падеж местоимения, стоящий из притяжательного падежа, к

<sup>29</sup> А. М. Щербак. Грамматический очерк языка тюркских текстов X—XIII вв. из Восточного Туркестана. М.—Л., 1961, стр. 70.

<sup>30</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика кумыкского языка. М.—Л., 1940, стр. 77.

<sup>31</sup> В. Н. Хангильдин. Татар теле грамматикасы. Қазан, 1954, 145-бет.

<sup>32</sup> Т. М. Гарипов. Башкирское именное словообразование. Уфа, 1959, стр. 143—144.

<sup>33</sup> В. В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий. I, СПб, 1893, стр. 226.

<sup>34</sup> С. Сгёнбосх. Der türkische Sprachbau, I, Kopenhagen, 1936, 107.

<sup>35</sup> Б ұ л да с о н да.

которому присоединяются суффиксы падежей, выражающих пространственные отношения: *ga, da, din*<sup>36</sup>, — деген түсінік берген болатын.

-н дыбысының ілік септігінің қысқарған түрі және ілік септік жалғауы *нӧң* сөзінен пайда болған деген пікір әсіресе Н. А. Баскаковтың еңбектерінде кең орын алады. Н. А. Баскаков «Түрік тілдеріндегі есімдіктердің мағыналық байланыстары» деген мақаласында -н дыбысының қалыптасу жолын баяндай келе: «...аффикс родительного падежа, образовавшийся из слова с самостоятельным значением «тело» > «сущность» > «вещь» и имеющий различные степени фонетического развития: *неньѣ* > *нень* >  $\frac{нынь}{нинь}$  >  $\frac{нын}{нин}$  >  $\frac{ны}{ни}$  -н т. е. от полной формы *нынь* до одного согласного -н...»<sup>37</sup>, — деп қорытқан.

Сөйтіп ілік септік жалғауының фонетикалық ықшамдалу дәрежесінің толық не жартылай болып қалыптасуына қарай есімдік сөздерді жіктеу есімдігі, сілтеу есімдігі және тәуелдеу есімдігі деген топтарға жіктеген. Сонда, айталық, алғашқы форма *бу-неньѣ*: а) егер *муньнь* (му-нынь) // *менинь* (ме-нинь) болып толық түрде қолданылса — ілік септігіндегі сілтеу және жіктеу есімдіктері: ә) егер *мунь* (му-ны) боп фонетикалық жартылай ықшамдалған қалыпта қолданылса — сілтеу есімдігі; ал, б) егер *мен* (ме-н)<sup>38</sup> сияқты жеке -н дыбысына дейін ықшамдала қолданылса — жіктеу есімдіктері боп табылатын болады. Автордың бұл пікірі 1952 жылы шыққан «Қарақалпақ тілі»<sup>39</sup> кітабында да қайталанады. -н дыбысын ілік септігінің қысқарған түрі деген пікірді К. К. Юдахин<sup>40</sup> мен С. Құдайбергеновтың<sup>41</sup> еңбектерінен де кездестіреміз.

<sup>36</sup> В. И. Насилов. Грамматика уйгурского языка. М., 1940.

<sup>37</sup> Н. А. Баскаков. Соотношение значений местоимений в тюркских языках. Доклады и сообщения ин-та языкознания АН СССР. 1951, № 1, стр. 138.

<sup>38</sup> Бұл да сонда, 136-бет.

<sup>39</sup> Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык. II. Фонетика и морфология. М., 1952, стр. 460.

<sup>40</sup> Киргизско-русский словарь, М., 1957, стр. 101.

<sup>41</sup> С. Құдайбергенов. Кыргыз тилиндеги ат атоочор. Фрунзе, 1960, 27-бет.



-н дыбысы жөнінде А. Н. Кононовтың пікірі өзгеше болып келеді. Автор -н дыбысы жайында: «...конечное -н не является органическим структурным элементом местоимений *мен, сен* (ср. формы мн. ч. *мен — биз, сен — сиз*), а служит лишь признаком формы их основного п.»<sup>42</sup>, — дегенді айтады.

Еңбектердің ішінде *н* дыбысын бірде тәуелдеу форманты<sup>43</sup> деп танитын болса, бірде жекелік ұғымның (санның) көрсеткіші<sup>44</sup> деп қарайтын, ал, кейбір жерлерде субстантивтендіруші элемент<sup>45</sup> деп те санау әдеттері кездесіп отырады.

Бұл келтірілген пікірлердің қай-қайсысы болса да ұсынушы авторлар үшін, әрине, орынды. Ол пікірлер белгілі дәрежеде нақтылы материалдармен де дәлелдене алады. Бірақ солай бола тұрса да, -н дыбысын ілік септігінің қысқару, ықшамдалу жолымен пайда болған тұлға деп қарау көңілге қонымды сияқты. Өйткені мұндай заңдылықтарды біз түрік тілдерінің даму, қалыптасу бағытындағы көптеген фактілерден анық байқай аламыз.

Мысалы, бұл заңдылық, біріншіден, жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелу жүйесінде кездесетін *mänindin* (КВ, II, 57, 63<sub>29</sub>; W, 33<sub>29</sub>), *anıнда* (Q, 46, W, 27; KB; II, 48—49) деген сияқты формаларда ескі мұраларда кездесе, *мениңға, меніңдін* (Малов. У. Я. 169), *униңға, мениңдин, сениңдин, униңдин, мениңдә, сениңдә, униңдә* деген сияқты қазіргі ұйғыр тілінің жіктеу есімдіктерінің септелу жүйесінде сақталып отырылады.

Екіншіден, бұл ілік септік жалғауының ізі түрік туыстас тілдердің біразында есімдіктер мен *бірлә, білә* сөздерінің тіркесе қолданылған жағдайларында және

---

<sup>42</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1960, стр. 174.

<sup>43</sup> А. Н. Кононов. Происхождение прошедшего категорического времени в тюркских языках. Тюркологический сборник. I, М.—Л., 1951, стр. 117; Е го же. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.—Л., 1961, стр. 172.

<sup>44</sup> Ф. Г. Исхаков. Некоторые предположения о происхождении конечных т и д в словах *аст, ұст, алд, арт* и т. п. Академику В. А. Гордлевскому к его семидесятилетию. Сборник статей, М., 1953, стр. 135.

<sup>45</sup> Н. А. Баскаков. О соотношении значений личных и указательных местоимений в тюркских языках. Доклады и сообщения ИЯ АН СССР, I, 1952, стр. 140.

қазақ тіліндегі көмектес септік жалғаулы жіктеу, сілтеу есімдіктерінің қолданылу дағдысында кездеседі. Мысалы: *mänin birlä* (КВ, II, 63<sub>29</sub>; W, 33<sub>29</sub>), *mänin birlä* (МК, I, 191, 195, 236, 405), *аның была* (РСл, I, 1079) деген сияқты формаларда қолданылған дағды ескі мұраларда кездессе, *меніңменен*, *сеніңменен*, *оныңменен* деген және «*Мұныңмен* бөтен кісінің ісі жоқ, жалғыз-ақ ақылы кемел патса сол бала екеш балаға да көзін салып тұрған екен» (Ыбырай) дегендей қазақ тілінде қолдану дағдысында да кездесетінін көреміз.

Үшіншіден, ілік септігінің толық сақталған түрлері есімдіктердің «үшін» шылауымен тіркесе қолданылған жағдайларында кездесіп отырады. Мысалы: *ануң учун* (О-Н, 47, 26, VII, 53, 32, I) деген формада ескі мұрада кездесетін болса, Қартайған атаң Базарбай *Сенің үшін* күймей ме? (Қыз Жібек); Мен айтайын, сен тыңда, *Соның үшін* келемін (Қазақ эпосы); Ол көкек сендер үшін емес, *менің үшін* шақырған екен (Ыбрай) дегендей қазақ тілінің әдеби мұраларында да кездесіп қалады.

Сол сияқты, ілік септігінің толық ізі есімдік сөздерге кейбір сөз тудырушы қосымшалардың қосыла айтылу амалдарында да кездеседі. Мысалы: *сәніндәғ*, *мәніндәғ* (М-Н, 165), *мунундәк*, *мунунча* (ЯЖУ, 170) деген сияқты ескі мұраларда кездессе, *меніңше*, біраз адам барып рахмет айтып қайтуымыз керек (Мүсірепов); Я, сонда, *сеніңше*, «ел» кім боп шықты (Мұқанов); *Меніңше*, адамның ой-санаға түсуі жасына байланысты емес сияқты (Мұқанов) дегендей қазіргі қазақ тілінің айтылу нормасында да кездесіп отырады.

Бұл келтірілген материалдар ілік септігінің есімдік сөздер құрамына сіңісуде өз формасының негізін сақтап қалған бір түрінің көрсеткіштері, солардың іздері болу керек. Бұдан өзге ілік септігінің жартылай фонетикалық өзгерістерге түсуі, яғни соңғы *ң* дыбысының түсіріліп айтыла, ықшамдалған *-ны*, *-ні* формасында қолданылу дағдылары да кездеседі. Бұл да — ілік септігінің жоғарыда келтірілген толық түрі сияқты есімдіктер мен «үшін» және кейбір қосымшалар не шылау сөздер арасында кездесіп отыратын заңдылық. Мысалы: *Бес-балық аны учун* озды — Поэтому Бешбалық спасся (Мог. 8), *Начүкін туруп муны тағ?* —

Как же жить при подобных обстоятельствах (Будд. 627). *Сені мен мен* деп отырмысың оны, еңбек ақымен ғана күн көретін (Мұқанов) деген сөйлемдердегі *аны, муны, сені* сөздерінің алғашқы толық түрі, сөз жоқ, *аның, муның, сенің* болған. Мұндай қысқарған формалар қазіргі қазақ тілінің көмектес септік жалғауын қабылдаған *менімен* (<меніңмен), *сенімен* (<сеніңмен), *онымен* (<оныңмен) деген сияқты есімдіктерге, сол сияқты, хакасс тілінің *миніненъ, синіненъ, анынанъ* деген сөздерінде және ойрот тілінің *мени-де, сени-де, аны-ла* деген көмектес септік жалғаулы есімдіктерінде де кездесіп отырады.

Бұған қарағанда, ерте заманда толық формада қолданылған ілік септік жалғауы бергін келе есімдік сөздердің бойына сіңген мағыналық тұлғаларға айналып, солардың құрамына енген сияқты. Бұдан соң ол мағыналық тұлға бірте-бірте фонетикалық өзгерістерге түсу, яғни ықшамдала қолданылу бағытында *-ны, -ні* формасына түсіп, ақырында *мен, сен, ол* (<ан), *қай* (<қан) дегендегі *-н* дыбысына, яғни ілік септігінің фонетикалық ықшамдалу бағытының ең соңғы сатысына ауысып қалыптасқан сияқты. Сонда әуелгі ілік септік формасы *-н* дыбысына дейін ықшамдала қалыптасу бағытында негізгі үш сатыны бастан кешірген болады: 1) *-нің* > 2) *-ні* > 3) *-н*.

Жоғарыда келтірілген мысалдардағы *ануң учун, сенің үшін, соның үшін, менің үшін* деген сөздер қазіргі қазақ тілінің қолданылу нормасында *ол үшін, сен үшін, сол үшін, мен үшін* болып, *-ның// -нің* формасы емес, *-н* формасында ғана айтылады. Сол сияқты, *сәніңдәғ, мәніңдәғ, мунундақ, канінча, мунунча* деген сөздер де және *меніңше, сеніңше* дегендер де қазіргі кезде тек *-н* арқылы ғана *сендей, мендей, мұндай, қанша, менше, сенше* болып айтылатын сөздер. Бұл сөздердің қазіргі кезде осылайша айтылу дағдылары, сөз жоқ, ілік септік жалғауы *-ның// -нің* формасының *-н*<sup>46</sup> тұлғасына түсіп қалыптасуының бірден-бір анық айғағы болып санала алады.

<sup>46</sup> *-н* дыбысының ілік септік жалғауынан шыққандығы жөнінде С. В. Ястремскийдің якут тілінің фактілеріне сүйене отырып жазған «Грамматика якутского языка», «Падежные суффиксы в якутском языке» деген еңбектерін де қараңыз.

Ілік септік жалғауының бұл қалыптасу ізі күні бүгінге дейін тілімізде сақталып отырылуына қарамай, өте ерте заманда болған құбылыс деп қарауды қажет етеді. Өйткені *-н* дыбысы осы күйде байырғы түбір есімдіктерге қосылып айтылу дағдысы көне заманғы ескерткіштердің бәрінде де кездесіп отырады. Мысалы, Орхон-енисей, Талас және басқа да ескерткіштерден біз *bän* (Топ, I, 7, 10, 14, 30), *män* *suw.* (608; Hib. 5), *мән* (О-Н, 33, 12, VII; МК, I, 327), *бән* (МК, I, 325), *сән* (МЧ, 17; КТм, 8; Суw, 8, 622; Qas. 2, 15, 42, 66—68; Hib. 1), *сән* (О-Н, 37, 16, VIII-IX), *ол* (КТм, 7; КТб, 33; Мор. 25; МЧ, 18; N, 44; КВ, II, 46; МК, I, 169, 171, 173), *қантан* (КТб, 23), *қанта* (Будд. 620), *қай* (М-Н, 158), *qajda* (КВ, II, 63<sub>29</sub>; 64; W, 33<sub>29</sub>, 34; N, 59), *қанча* (МК, I, 328) деген сияқты *-н* дыбысын құрамына ала қолданылған есімдіктерді өте жиі кездестіреміз. Бұл сөздердің бұлайша қолданылуына қарағанда, *-н* орхон-енисей жазуларынан да арғы кездерде пайда болған, ерте кезден бастап-ақ есімдіктерге қосылып айтылған тұлға болып шығады. Бұл жөнінде Ғ. Ғ. Мұсабаевтың: «Сонымен, есімдіктердің түрленуінде кездесетін *н* ді көне заманнан қалған жұрнақ деп қарау керек сияқты. Онда да көне түрік жазуларының ескерткіші қойылғанға дейін, көп ілгері болған құбылыс деу орынды сияқты. Өйткені көне түрік ескерткіштерінде V ғасырдан бастап *мен, сен, ол, бұл, сол* деген есімдіктер бар. Олардың бірде *мен, мән*, бірде *бен, бән* болуы — фонетикалық варианттары»<sup>47</sup>, — деген пікіріне толық қосылуға болады.

Бірақ біз *-н* дыбысын ілік септік жалғауының *-ның, -нің* формасының фонетикалық өзгерістерге түсу бағытында ықшамдала барып жасалған тұлға деп тауымызда, ол ілік септігін түбінде *нәң* «вещь», «предмет», «нечто» сөзінен шыққан деген пікірге күмән келтіреміз.

Бнді есімдіктер категориясына жататын жеке сөздердің құрамдары мен олардың шығу тегі және өзгерістерге ену жолдары деген мәселенің кейбір заңдылықтарын қарастырып көрейік.

<sup>47</sup> Ғ. Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің лексикасы. Алматы, 1960, 63-бет.

## § 2. Жіктеу есімдіктері

1. Жіктеу есімдіктері — тұлғалық жағынан алып қарағанда түгелдей туынды сөздер. Мысалы, *мен* (< ме-н), *сен* (< се-н), *ол* (< о-л) жіктеу есімдіктерінің *ме*, *-се*, *о* және *-н* дыбысынан құралатындығына жоғарыда айтқандай қазір ешбір ғалым шек келтірмейді. Бұл сөздердің құранды сөздер екені, әсіресе, алтай тілінің күрделі тармақтары монғол тіліндегі *бі*, *чі* және манжұр-тұңғыс тіліндегі *би*, *си* есімдіктерімен салыстыра қарағанда анық байқалады.

Ғалымдар арасында монғол және манжұр-тұңғыс тілдеріндегі *бі*, *чі*, *би*, *си* есімдіктерін түрік тілдеріндегі *мен*, *сен* есімдіктеріне қарағанда кейін пайда болған формалар деп қарау дағдысы бар. Ондай пікірді ұсынушы ғалымдардың бірі В. Я. Владимирцев: «...формы слов без *-н*, параллельные формам с *-н* на конце, являются более новыми»<sup>48</sup>, — деп көрсеткен болатын. Г. И. Рамstedт те<sup>49</sup> осы пікірде болып, *-н* дыбысы өте ерте кездегі тарихи дәуірде түсіп қалған болу керек дегенді айтқан. Г. И. Рамstedттің бұл пікірін Н. А. Баскаков пен Г. Д. Санжеев те<sup>50</sup> мақұл көреді. *-н* дыбысының тек монғол тілдері емес, сонымен қатар түрік тілдерінде де тұрақсыз боп келетіні жайлы Н. К. Дмитриев: «Согласный *н* в тюркских языках также принадлежит к числу неустойчивых и часто выпадает — особенно в исходе слова, создавая этим аналогию с монгольскими языками»<sup>51</sup>, — деп жазған болатын. Сөйтіп *бирлен*, *билен*, *илен* шылауының *бирле* > *биле* > *иле* сияқты *н* дыбысынсыз да варианты бар екенін, башқыр тіліндегі *табан* шылауы татар тілінде *таба* боп қолданылатынын және қарачай-балқар тілінде *-ман* (-мін) жіктік жалғауының «мен чабакыцыма» сияқты болып түсіріліп қолданылатынын ескерткен.

2. Жіктеу есімдіктерінің көпше түрі *біз*, *сіз*, сөздері де *бі-*, *сі-* және *-з* морфемасынан құралады. Бұл *-з*

<sup>48</sup> В. Я. Владимирцев. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и хакасского наречия. Л., 1929, стр. 356.

<sup>49</sup> Г. И. Рамstedт. Введение в алтайское языкознание. Морфология. М., 1957, стр. 69.

<sup>50</sup> Бұл да сонда, 226-бет.

<sup>51</sup> Н. К. Дмитриев. Неустойчивое положение сонорных *р*, *л*, *н* в тюркских языках. ИСГТЯ. М.—Л., 1955, ч. I, стр. 280.

морфемасы жөнінде ғалымдар арасында әр түрлі гипотезалық пікірлер бар.

Біріншіден, *biz*, *siz* есімдіктері *bi-si* (>биз) және *si-si* (>сиз) сияқты бөлшектерден тұрады деген пікір. Бұл пікірді алғаш рет Бётлингк<sup>52</sup> айтады да, оған В. В. Радлов пікірлес болады<sup>53</sup>. Осы гипотезаны С. Е. Маловтан да кездестіреміз. Мысалы, С. Е. Малов былай деп жазады: «Можно и по-другому объяснить этимологию местоимения *biz* и *siz*:

$bi + si = biz$  «я — ты — мы»

$si + si = siz$  «ты — ты — вы»<sup>54</sup>.

Екіншіден, *biz*, *siz* есімдіктеріндегі -з морфемасы жұптық мағынаны (двойственное число) білдіретін көрсеткіш болған деген пікір. Бұл пікірді қолдаушы ғалымдардың бірі В. Котвич түрік тілдеріндегі *miz*//*biz* және *siz* сөздерін бір кездерде жұптық мағынада қолданылған сөздер деп көрсете келе, морфологиялық бірыңғай типті сөздер деп, *köz*, *omuz*, (йық), *ikiz*<sup>55</sup> сөздерімен салыстырған болатын.

Бұл -з морфемасын А. Н. Кононов та жұптық мағынаны білдіруші көрсеткіш деп таниды. Мысалы, 1948 жылғы «Өзбек тілі грамматикасында»: «Как показатель двойственного числа -з сохраняется в ряде слов, выражающих преимущественно парные части тела: *куз* — «глаза», *оғуз* — «рот», (вероятно, из *икки* -з) «близнецы», «двойня и т. п.»<sup>56</sup>, — деп жазды, ал кейінгі кездегі грамматикаларында -з морфемасын жұптық-көпше мағынаны білдіруші (двойственно-множественный) формант<sup>57</sup> деп көрсетіп жүр. Осы пікірді А. М. Щербактың<sup>58</sup> еңбектерінен де кездестіреміз.

<sup>52</sup> O. B ö h t l i n g k. Über die Sprache der Jakuten, I (Jakutische Grammatik), 264.

<sup>53</sup> W. W. R a d l o f f. Die alttürkischen Inschriften der Mongolei. Neue Folge. St. Petersburg, 1897, 72.

<sup>54</sup> С. Е. М а л о в. Памятники древнетюркской письменности. М.—Л., 1951, стр. 52.

<sup>55</sup> W. K o f w i c z. Les pronoms dans les langues altaïques. Krakow, 1936, 13—14.

<sup>56</sup> А. Н. К о н о н о в. Грамматика узбекского языка. Ташкент, 1948, стр. 37.

<sup>57</sup> А. Н. К о н о н о в. Грамматика совр. узбекского литератур. языка. М.—Л., 1960, стр. 173.

<sup>58</sup> А. М. Щ е р б а к. Грамматический очерк языка тюркских текстов X—XIII вв. Из Восточного Туркестана. М.—Л., 1961, стр. 125.

Үшіншіден, Мункачи<sup>59</sup>, Г. И. Рамстедт<sup>60</sup>, В. Банг<sup>61</sup>, Л. Лигети<sup>62</sup> сияқты бір топ ғалымдар *біз, сіз* есімдіктерінің *-з* морфемасын көптік мағынаны білдіруші ерекше бір көрсеткіш деген пікірді айтқан. Бұл пікірді қолдаушы Н. К. Дмитриев 1940 жылғы грамматикасында: «...*біз* и *сіз* разлагаются на *би-з* и *си-з* и представляют собою особое множественное число с архаичным показателем *-з* ( $\begin{matrix} -ыз \\ -из \end{matrix}$ ;  $\begin{matrix} -уз \\ -уьз \end{matrix}$ ) ...»<sup>63</sup> — деп жазды. Ал 1948 жылғы грамматикасында *-з* аффиксы жайлы: «...он является архаичным показателем множественности»<sup>64</sup>, — дегенді айтты.

Бұл келтірілген үш түрлі пікір де, сөз жоқ, орынды да қонымды пікірлер. Бірақ, сонда да болса, бұл заңдылық әр жерде әр жақты қаралып, бүтін бір күрделі мәселенің әр түрлі сырларын жеке-жеке сөз етумен ғана шектеліп, бір бүтіннің жеке ерекшеліктерін дара-лап талдау шеңберінде ғана қалып отырған сияқты. Өйткені бұл келтірілген пікірлердің бәрінде де көрсетілген заңдылықтар, шындығына келгенде, бір-бірінен бөліп алуға келмейтін, бірімен-бірі ұштас және шарт-тас, бірімен бірін жалғастыра қарауды қажет ететін заңдылықтар есебінде көзге түседі. Сондықтан *-з* морфемасы туралы мынадай гипотезалық түсінік беруге болатын сияқты.

Ең алдымен, *-з* басында жеке бір дербес мағыналы сөз болған да, кейіннен фонетикалық өзгерістерге түсу негізінде тек түбір морфемаларға қосылып қолданылғанда ғана белгілі бір мағына үстемелей алатын тұлғаға айналған. Осы себепті алда келтірілген *-з* морфемасының толық түрі *-сі* болған деген пікірді орынды айтылған пікір деп ойлаймыз. Өйткені *-з* морфемасы-

<sup>59</sup> M u n k a c s i. Az altaji nyelvek. szamkepzese. «Budenz — Album», 305.

<sup>60</sup> G. J. R a m s t e d t. Pronomina..., 4.

<sup>61</sup> W. B a n g. Beitrage zur türkischen Wortforschung I, «Tur-an» I (1918), 307; W. B a n g. Das negative verbum der türksprachen. SBAW (Philol. -hist. k I), 1923, XVIII, 114.

<sup>62</sup> L. L i g e t i. Die Herkunft des volknemens Kirgis. KCSA I (1925) 381—383.

<sup>63</sup> Н. К. Д м и т р и е в. Грамматика кумыкского языка. М.—Л., 1940, стр. 77.

<sup>64</sup> Н. К. Д м и т р и е в. Грамматика башкирского языка. М.—Л., 1948, стр. 97.

ның фонетикалық өзгеріске түсу негізінде *сі* сөзінен<sup>65</sup> пайда болуы *біз, сіз* сөздерінің қазіргі түрік тілдерінде қандай формаларда қолданылуында сенімді тірек боларлықтай өзіндік ерекшеліктер қалдырғаны байқалады. Мысалы, бұл сөздер қазақ, қырғыз, ноғай, қарачай-балқар, караим, гагауз, түрікмен тілдерінде *біз, сіз*; азербайжан, түрік, құмық, қарақалпақ, өзбек, ұйғыр тілдерінде *биз, сиз*; татар тілінде *без, сез*; башқыр тілінде *без, хез*; тува, хакасс, алтай тілдерінде *пис, слер*; шор тілінде *пис, силер* және ойрат тілінде *бис, слер* болып қолданылады.

Бұған қарағанда, қазақ тіліндегі *-з* морфемасы алғаш *бис, пис, нис* дегендегідей *-с* түріне, онан соң *без, хез* дегендегідей *-з* түріне, ең соңында *біз, сіз* дегендегідей *-з* түріне түсіп, *-сі > -с > -з > -з* жүйесімен келіп қалыптасқан деп айтуға болады.

Оның үстіне, *-з* морфемасының басқы прототипі *сі* болды дегенге *сі* сөзінің негізгі түбірге үстемелейтін мағынасы да дәл келетін тәрізді. Мысалы, *бі* немесе *сі* сөздерінен осы күйінде ешқандай көптік мағынаны аңғаруға болмас еді. Ал, бұл сөздерге *сі* сөзін біріктіріп айтатын болсақ, *бі-сі* және *сі-сі* болып, I жақтық бір ғана кісі емес, II жақтық тағы бір кісінің қосылғаны аңғарылар еді. Сол сияқты, II жақ *сі* ұғымына тағы да бір *сі* үстемеленгені көрінер еді. Олай болса, бұл *бі* мен *сі* сөздерінің екінші *сі* сөзімен бірігуі арқылы алғашқы жекелік ұғымның орнына екі кісіні көрсету, екі адамды білдіру мәні пайда болған болар еді. Міне, осы жүйемен келгенде, ғалымдардың *-з* аффиксі жұптық-көпше мағынаны (двойственно-множественное) білдіреді деген пікірлері әбден-ақ орынды сияқты.

*Біз, сіз* сөздерінің алғашқы кезде тек екі адамды ғана көрсетуі, сөйтіп жұптық ұғымда қолданылуы бірден-бір мүмкін жағдай. Өйткені көптік ұғымның мұндай жұптық-көпше түрлері тек есімдік сөздерде ғана емес, сан есім мәнді сөздердің тобынан да көптеп табылады. Мысалы: қазақ тілінде *тақ, дара, жеке, сыңар* деген жекелік ұғымдағы сөздер бар да, *жұп, қос*

<sup>65</sup> Әрине, *сі* қазіргі қазақ тілінде, сол сияқты өзге де түрік туыстас тілдерде жеке сөз ретінде қолданылмайды. Бірақ қазіргі монғол манжур-тұңғыс тілдеріндегі *бі, сі, би, си* жіктеу есімдіктерін еске алып және мәселе тарих туралы болғандықтан *біз* оны сөз деп атауды дұрыс көрдік.



(қос ат жегу) деген сияқты жұптық-көпше мағыналы, сол сияқты *көп*, *мол* дегендей жалпы көптік мағынаны білдіретін сөздер бар. Қазақ тілінде мұндай жекелік, жұптық, көптік мағыналы сөздердің пайда болуы және олардың күні бүгінге дейін өмір сүріп отыруы, әрине, тегін нәрсе емес. Бұлар, сөз жоқ, белгілі бір өмір шындығының қажеттігінен туған, өз заманында қарым-қатынас жасау, пікір алысу амалының қажет еткен ұғымдары мен заңдылықтары.

Жұптық-көпше мағына тек түрік туыстас тілдерде ғана емес, сонымен қатар басқа жүйелі тілдерде де бар. Мысалы, Ф. А. Будагов орыс тіліндегі көптік мағынаның неше системадан тұратындығын сөз ете келе, оның бірі жұптық мағына (двойственное) екендігін атап өтеді. Сөйтіп: «Двойственное число предполагает наличие в языке особой морфологической формы, отличной как от формы единственного, так и от формы множественного числа и употребляется при обозначении двух предметов или явлений»,<sup>66</sup> — дегенді айтады. Ал, В. С. Воробьев-Десятовский<sup>67</sup> индоевропалық тілдердің жіктеу есімдіктері жекеше (единственное), жұптық (двойственное), көптік (множественное) мағыналар да қолданылады деп көрсеткен болатын. Бұған қарағанда, жұптық мағына тіл дамуының белгілі бір кезеңіндегі қажеттіліктен туған, өзіне тән морфологиялық көрсеткіші бар жалпы көптік ұғымның күрделі бір саласы есебінде қаралатын заңдылық болады.

Тіл дамуының белгілі кезеңінде пайда болған бұл жұптық көпше мағына жіктеу есімдіктерінде бертін келе, бірте-бірте өзінің мағыналық шеңберін кеңейте түскені, сөйтіп өзінің негізгі мағынасы жұптық мағынаға қосымша үш-төрт адамды, тіпті бір топ, бір аймақтағы не бір кәсіптес, отандас т. б. сияқты адамдарды түгел қамти айту сияқты кең көлемдегі мағыналық дәрежеге жеткендігі байқалады. Демек, әуелгі жұптық мағынадағы *біз*, *сіз* сөздері енді көптік мағынаға ауысып, көптік мағыналы сөздер қатарына көшкен.

Бұл жерде қазақ тіліндегі *сіз* сөзі ерекше тұрады. *Сіз* есімдігі қазіргі қазақ тілінде көптік мағынада қол-

<sup>66</sup> Ф. А. Будагов. Введение в науку о языке. М., 1958, стр. 231.

<sup>67</sup> В. С. Воробьев-Десятовский. Развитие личных местоимений в индоарийском языке. М.—Л., 1956, стр. 147.

данылмайды, тек өзінен үлкен немесе құрмет еткен адамдарға ізет есебінде қолданылатын жеке ұғымдағы сөз түрінде саналады. Бірақ бұған қарамай, *siz* есімдігі ерте заманда көптік мағынада қолданылғанын көреміз. Мысалы, VII-VIII ғасырлардан қалған ескерткіштердің бірі деп танылатын Ихе-Асхете ескерткішінде *siz* сөзі көптік мағынада қолданылған: калмыс ані оғуллары Торғул лакзын йыл бардыңыз *siz* —<sup>68</sup> Оставшиеся два сына его Торгул и Иэльгек, в год свиньи вы умерли (букв. ушли). Сол сияқты түрік тілдерінің ескі қолжазбаларының бірі Махмут Қашқарийдің сөздігінде *siz* сөзі<sup>69</sup> көптік мағыналы сөз түрінде көрсетіледі. Бұған қосымша, *siz* сөзі тіпті қазірдің өзінде де көптеген түрік тілдерінде: башқыр — *hez*, өзбекте *siz*, азербайжанда *siz*, қарачай-балқарда *siz*, түрікменде *siz* болып көптік мағынада қолданылады. Ал, татар тіліндегі *siz* есімдігі туралы В. Н. Хангильдин: «*Сез сузе, гадәттә, берничә, тынлаучыны белдерә*»,<sup>70</sup> — деп жазады. Олай болса, қазақ тіліндегі *siz* есімдігі де ерте заманда көптік мағынада қолданылған деп айтуға әбден болады.

Сонымен, жоғарыда келтірілген гипотезалық пікірлер жүйесін бір ізге келтіре жинақтай келгенде, қазақ тіліндегі *біз*, *siz* сөздері жөнінде мынадай қорытынды жасауға болатын сияқты. Ең алдымен, *біз*, *siz* сөздері *бі-сі* және *сі-сі* сияқты болып біріккен (I және II жақтық) жеке сөздердің құрамындағы екінші сыңарларының фонетикалық өзгерістерге түсуі негізінде пайда болған -з морфемасы мен I жақтық *бі* және II жақтық *сі* сөздерінен құралады. Екіншіден, осы бірігудің негізінде *біз*, *siz* сөздері екі жақтық екі адамды көрсету қалпына түсіп, жұптық-көпше мағынаға ие болады. Үшіншіден, *біз* сөзі бертін келе мағыналық шеңбері кеңейе түсу нәтижесінде, тек екі адамды ғана емес, сонымен қатар көптеген адамдарды да көрсете алу дәрежесіне жетеді. Яғни алғашқы жекелік ұғымдағы сөздер бір-бірімен бірігу арқылы жұптық мағынаға ие болып, ол жұптық мағына кейіннен көптік мағынаға

<sup>68</sup> С. Е. Малов. Памятники древней письменности монголов и киргизов. М.—Л., 1959, стр. 45.

<sup>69</sup> Махмуд Кашгарий. Туркий сузлар девони. т. I. Тошкент, 1960, 326-бет.

<sup>70</sup> В. Н. Хангильдин. Татар теле граммат.. Казан, 1954, 147-бет.

ауысады да, *сіз* сөзі қазақ тілінде, керісінше, өзінің мағыналық шеңберін дамытудың орнына өзіне тән алғашқы жұптық-көпше мағынасынан айрылып, құрмет, ізет мақсатында қолданылатын сыпайылық мәнге ие болу қалпына көшеді.

### § 3. Сілтеу есімдіктері

Қазақ тіліндегі сілтеу есімдіктері де — түгелдей туынды түбір сөздер. Олар негізінде байырғы сілтеу мәнді *бі//бә//мі//mä, и//ә//о//у* және *ош//уш* тұлғалары мен *-н* дыбысының әр қилы формаларда бірігуі арқылы жасалынған сөздер. Бұл тұлғалардың алғы *бі//бә//мі//mä* түрі қазақ тілі және басқа да түрік туыстас тілдердегі *міне* (мі-н-е), *мине* (ми-н-е), *мене* (ме-н-е), *ма-на* (ма-н-а) және *мына* (мы-н-а), *мона* (мо-н-а), *муна* (му-н-а), *бына* (бы-н-а) сілтеу есімдіктерінің *мі-, ми-, ме-, ма-* және *ма-, мо-, му-, бы-* сияқты түпкі түбірлерімен тектес екендігі қазіргі таңда ғалымдар арасында талас тудырмайтын мәселенің біріне айналған. Сол сияқты *и//ә//о//у* тұлғаларының да қазақ тілі және өзге де түрік туыстас тілдердегі *әні* (ә-н-і), *әнә* (ә-н-ә), *ане* (а-н-е), *ана* (а-н-а) сөздерінің *ә//а* сияқты түпкі түбірлерімен тектес екендігі күмән тудырмайтын мәселелердің бірі. Бұл тұлғалар манжұр-тұңғыс тілдерінде *и//а*<sup>71</sup> түрлерінде кездесетіні белгілі.

*Ош//уш* тұлғасы жайында пікірлер жүйесі әлі де бір ізге келе қойған жоқ. Ол жөніндегі пікірлер екі бағытта айтылады. Біріншіден, Г. И. Рамстедт<sup>72</sup> пен Ф. Г. Исхаков<sup>73</sup> *ош//уш* морфемасын *ол//ул* сөздерімен тектес деп қарайды. Мысалы, Ф. Г. Исхаков былай дейді: «...*ошол* и *ушул* разложимы на *уш-ал, ош-ол* и *уш-ул*, в которых вторые компоненты *ал//ол//ул* фонетические разновидности одного и того же местоимения, а первые компоненты *уш//ош//уш*, возможно, также являются фонетическими разновидностями *ол//ул* по закону звукового соответствия *ш//л*, т.е. *уш < ош//ол, уш//ул*».<sup>74</sup> Біздің ойымызша, бұл *уш//ош* пен *ул//ол* сілтеу

<sup>71</sup> Г. И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. Морфология. М., 1957, стр. 69, 74.

<sup>72</sup> Бұл да сонда, 75-бет.

<sup>73</sup> Ф. Г. Исхаков. Местоимения. ИСГТЯ, II. М., 1956, стр. 177.

<sup>74</sup> Бұл да сонда, 177-бет.

есімдіктерін ұштастыру әлі де болса ойлана түсуді, олардың аралық қатынастарды білдіру мағыналарының «жақын», «алыс» болып бір бірінен алшақ және қарама-қарсы жататындай негізгі белгілеріне көз жібере зерттей түсуді қажет ететін сияқты. Бұл жөнінде, яғни *ош//уш* пен *ол//ул* сілтеу есімдіктерінің тектес бола алмауы жөнінде Ф. Д. Ашниннің<sup>75</sup> берген түсінігіне қосылуға болар еді. Оған кейінірек тоқталамыз.

Екінші пікір *ош//уш* тұлғасын «өз» сөзімен қатар қойып қараумен байланысты. Бұл пікір А. Н. Кононовтың «Қазіргі өзбек әдеби тілі грамматикасында» кездеседі. Автор онда: Элемент *ұш, уш*, по-видимому, следует сопоставить со словом *уз* «сам», «свой»,<sup>76</sup> — дегенді айтады. Ол жөнінде «Өздік есімдігі» тұсында толық айтылады.

Бұл айтылған байырғы сілтеу мәнді тұлғалар қазіргі қазақ тілінің дағдысында жеке қолданылмайды. Олар тек сілтеу есімдіктерінің құрамында кездесіп отырады да, қазіргі тіліміздегі сілтеу есімдіктері осы тұлғалар мен *-н* дыбысының бірігіп қолданылуы арқылы жасалады. Сонда, егер сілтеу есімдіктерінің құрамдық, бөліктерін талдай көрсетсек мынадай болып келмек.

1. Бұл сілтеу есімдігі байырғы сілтеу мәнді *бі//ба* тұлғасы мен *ул* сілтеу есімдіктерінен құралады<sup>77</sup>. Бұл сөзінің мұндай құрамдық ізін ескі ескерткіштерде кездесіп отыратын *бу ол* сияқты қолдану дағдысынан өте айқын көруге болады. Мысалы: *Tilāgim bu ol: sāni māniǰarmadin (w, 53)* дегендегі *bu ol* сөздері — қазіргі айтылу дағдысында бұл түрінде жұмсалады.

Бұл сілтеу есімдігі өзге түрік туыстас тілдерде, айталық, қарақалпақ, қырғыз, құмық тілдерінде *бул*; башқыр тілінде *был*; түрікмен, гагауз, азербайжан, түрік, караим, қумық, қарачай, татар, ноғай, өзбек, ұйғыр, ойрат, қырғыз, алтай тілдерінде *бу*; тува тілінде *бо*, хакасс тілінде *пу*, шор тілінде *по* болып қолданылады. Ескі ескерткіштер мен жазбаларда *бу*

<sup>75</sup> Ф. Д. Ашнин. Указательные частицы в тюркских языках. «Известия АН СССР», Отд. лит. и яз., т. XVII, вып. 5. 1958, стр. 426.

<sup>76</sup> А. Н. Кононов. Грамматика современного узбекского лит. языка. М.—Л., 1960, стр. 177.

<sup>77</sup> Н. К. Дмитриев. Грамм. башк. яз.. М.—Л., 1948, стр. 100.

(МК, I, 254; Топ. 43; КВ II, 45; КТм, 4; Юр, 25, 26, 7), *му* (ЯЖУ, 78) түрінде кездеседі. Бұл сөзінің арғы тегін Ф. Г. Исхаков *бол* сөзімен ұштастырған. Сөйтiп олардың:

\*бол// > бул// > бол//был;  
\*бол// > бо// > по;  
бул// > бу// > пу//ку;  
бол// > бо,<sup>78</sup>—

деген даму тізбегін ұсынған.

2. *Ол* сiлтеу есiмдiгi *о* (i//ə) және *-л* (< -н) тұлғаларынан құралады. Алғашқы түпкi түбiр тұлға *о*- қазақ тiлiндегi өзге де сiлтеу есiмдiктерiнiң құрамында кездесетiн *ə*-(əне), *а*-(ана) тұлғаларымен тектес. Ол сөзi түрiкмен, қарачай, қарақалпақ, тува, хакасс, ойрот, шор, алтай тiлдерiнде *ол*; татар, башқыр тiлдерiнде *ул*, қырғыз тiлiнде *ал*; гагауз, азербайжан, түрiк, караим, құмық, ноғай тiлдерiнде *о*; өзбек, ұйғыр тiлдерiнде *у* боп келедi. Ф. Г. Исхаковтың айтуына қарағанда, қырғыз тiлiндегi *ал*<sup>79</sup> басқа тiлдердегi *ол*, *ул*, *у* есiмдiктерiнiң бәрiнен де бұрын жасалған. В. Котвичтiң пiкiрiнше *ол* сiлтеу есiмдiгiнiң алғашқы түрi *iн* болған да, кейiннен оны *ан* формасы ығыстырып шыққан. Ескерте кететiн нәрсе — В. Котвич бұл формаларды екi түрлi мағынадағы сөздер деп санайды: *iн* — жекелiк, *ан* — көптiк. Бiрақ *ан* формасының көптiк мәнi кейiн жоғалып кеткен дегендi айтады. Бұл пiкiрге қарама-қарсы айтылған В. А. Богородицкийдiң де<sup>80</sup> ойын ескерте кеткен жөн. Ол *ан* формасы тегiнде *-а* барыс септiгiнiң әсерiнен пайда болған дейдi.

*Ол* сiлтеу есiмдiгiнiң қазiргi түрiк туыстас тiлдерде, сол сияқты, тiптi орхон-енисей ескерткiштерi мен басқа да мұраларда *iн* түрiнде айтылуын кездестiре алмаймыз. Бiрақ *iн* формасы жоғарыда келтiрiлген *əнi* (əн-i), *əнə* (əн-ə), *мiне* (мiн-е), *мине* (ми-ин-е) сөздерiнiң құрамында кездесетiнi даусыз. Бұл формалар жеке қолданудан қалып, тек қана көне формалы сөздердiң (сiлтеу есiмдiктерiнiң) құрамында ұшырап оты-

<sup>78</sup> Бұл да сонда.

<sup>79</sup> Ф. Д. Исхаков. Местоимения. ИСГТЯ, II. М., 1956, стр. 248.

<sup>80</sup> В. А. Богородицкий. Введение в татарское языкознание («Сравнительный обзор личных местоимений»). М., 1953, стр. 116.

руы бізді қалай да осы форма (ін) ең көне форма болу керек дегенге итермелейді. Сондықтан да біз *ол* (<о-л) сілтеу есімдігінің құрамындағы алғы о тұлғасының прототипі *i* болған дегенді мақұлдаймыз. Яғни ол әуелде *ін* түрінде қолданылған. Көне ескерткіштердің қай-қайсында болса да *ол* сілтеу есімдігі күні бүгінгі қазақ тіліндегі сияқты *ол* (КТМ, 3; Топ. 10; МЧ, 18; Мог. 25; МК, I, 73. ССК, 197) түрінде кездеседі де, тек септік жалғауларын және кейбір сөз тудырушы аффикстерді қабылдаған кезде ғана *ан* (анта — МЧ, 2, 4, 7, 10, 12, 24; XI — I, 5, II, 6, VII, 2, XI; I; антаг — Тон. 9, 29; анча — 0,8; Оа, 3; Кч, 20; Мог, 23; ССК, 192; аны — МЧ, 22; Мог, 28; аңар — КТМ, II; анда — ССК, 192) формасына көшіп отырады. Әрине, *ол* сілтеу есімдігіне қарағанда *ан* тұлғасының көне форма екені күмән тудырмайды. Бірақ *ін* тұлғасымен салыстырғанда әлдеқайда беріректе, бұл ескерткіштерге дейінгі дәуірде пайда болған форма деп айтуға болады. *Ан*-формасын біз ескерткіштер текстінің ішінде бір-ақ жерде *ан бігіг* (Sow, 155) түрінде кездестірдік.

3. *Міне* (< міні) сілтеу есімдігі *мі-* және (*н-і*) тұлғаларынан құралған. Сонда *-мі* жоғарыда көрсетілген бұл сөзіндегі *бу-* түпкі түбір тұлғамен тектес болады да, *-н* дыбысы *-л* дыбысымен тектеседі. Ал, сөздің соңындағы *-е* (*-і*), біздің ойымызша, *ол* сілтеу есімдігінің *о* (<*i*) түпкі түбір тұлғасымен тектес.

*е* (*-і*) тұлғасы тіл мамандарының көзіне ерте кезден-ақ түсе бастаған. Сөйтіп сілтеу есімдіктерінің этимологиясын сөз етерде негізгі күрделі мәселенің біріне айналған. Мысалы, А. Н. Самойлович *ана*, *мына*//*муна* сөздерін *а!* одағайы<sup>81</sup> мен *о* (ан-), *бұ* (мун) сілтеу есімдіктерінің бірігуі арқылы жасалған сөздер деп баяндаған. Осы пікірді кейіннен қостаушының бірі Г. И. Рамстедт болды. Ол былай деп жазды: «Манчжурским *ere, tere*, монг. *ene, tere*, мн. ч. *ede, tede*, в которых конечный гласный является, собственно, эмфатическим или локализирующим элементом, аналогичны тюркские формы типа *туна* «вот!, этот!», тат., башк. *ана* «вон тот!, вон там!» и чув. *le* (<*əl*-а) образованные с помощью имеющего восклицательный (зва-

<sup>81</sup> А. Н. Самойлович. Опыт краткой крымско-татарской грамматики. Петроград, 1916, стр. 90.

тельный) характер *-a*, *-ä* от местоименной основы *тун-*, *ап-* соотв. *ol*!<sup>82</sup>.

В. Котвич *туна*, *ана*, *она*, *сона*<sup>83</sup> сөздеріндегі *-а* барыс септігінің формасы деп таниды. Ф. Д. Ашнин<sup>84</sup> де осы пікірді қолдайды.

В. М. Насилов *та-на*, *а-на*, *қа-на* дегендердегі *на* формасын «Нә»<sup>85</sup> сұрау есімдігінің сілтеу есімдіктерінің құрамында қолданылуы деп көрсетеді. Н. А. Баскаков *мына*, *ана* сөздерін — ілік септігі арқылы субстантивтенген сілтеу есімдіктерінен пайда болған сөздер, олар *бұл-ның* > *бунь*//*мунь* > *мына*; *ол-ның* > *оны*//*аны* > *ана*<sup>86</sup> деген ізбен ықшамдала кеп қалыптасқан дегенді айтады. Ал, М. Ряснен оны шақыру септігінің қосымшасы (окончание звательного падежа)<sup>87</sup> деп таныса, В. Банг<sup>88</sup> *а* иран тілдерінен ауысқан болу керек дегенді айтады.

Қазақ тілінің тұрғысынан алып қарағанда, бұл келтірілген пікірлердің көбіне қосылуға болмайтын сияқты. Мысалы, қазақ тілінде *міне* сілтеу есімдігінің соңындағы тұлға (-е) *мына* (мын-а), *мынау* (мын-а-у), *әне* (ән-е), *ана* (ан-а), *анау* (ан-а-у), *сона* (сон-а), *сонау* (сон-а-у), *түнеу* (түн-е-у) сияқты сілтеу есімдіктерінің соңында немесе ортасында және *қане* (қан-е) сұрау есімдігінің соңында да кездесіп отырады. Міне, осының өзі-ақ ол тұлғаны одағай не үндеу элементі немесе шақыру септігінің қосымшасы деп айтудың мүмкін емес екенін аңғарта алады. Біздің ойымызша, бұл сөздерді тұлғалауда біраз дәлсіздік бар сияқты. Мысалы, В. М. Насилов *тапа*, *апа*, *қапа* сөздерін талдағанда, ондағы тұлғалар жүйесін *та-на*, *а-на*, *қа-на* сияқты етіп бөлшектейді. Бізше, бұл сөздер *тап-а*, *ап-а*, *қап-а* болып бөлшектелуі керек еді. Сонда таласта тұрған *-н*

<sup>82</sup> Г. И. Рамstedт. Введение в алтайское языкознание. Морфология. М., 1957, стр. 75.

<sup>83</sup> W. Kotwicz. Les pronoms dans les langues altaïques, Krakow, 1936, 60.

<sup>84</sup> Ф. Д. Ашнин. Указательные частицы..., стр. 419.

<sup>85</sup> В. М. Насилов. Грамматика уйгурского языка. М., 1940, стр. 71.

<sup>86</sup> Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык. II. Фонетика и морфология. М., 1952, стр. 274.

<sup>87</sup> M. Räsänen. Materialien zur Morphologie der türkischen Sprachen. Helsinki, 1957, 34, 253.

<sup>88</sup> W. Bang. Vom Köktürkischen zu Osmanischen. I Mitteilung. APAW, N 6, Berlin, 1917, 5—6, 28—31.

дыбысы түбірге тән тұлға болып шығар еді. Автордың *a* тұлғасын сұрау есімдігі деп ойлануының да негізгі себебі осы тұлғалаудың негізінен туған болу керек.

Сол сияқты Ф. Д. Ашниннің түрікмен тіліндегі *ине* (вот) сөзін барыс септігінде тұрған сілтеу есімдігі деуі жөнінде де осыны айтуға болатын сияқты. Автордың өз пікіріне, ең алдымен, автордың өзі келтірген балқар тіліндегі *иол* «jener dort» және *инанда* «dort»<sup>89</sup> деген сөздердің өзі қайшы келеді. Бұл сөздерді автор *иол* (-ине «вон» -ол «тот») «вон тот» және *инанда* (-ине «вон» -анда «там») «вон там»<sup>90</sup> деген бөлімдерден құралған деп көрсетеді. Бұлай бөлу, бізше, автордың өз пікірін дәлелдеуге қажет болғандықтан ғана жасалған әрекет болу керек. Өйткені *иол*, *инанда* сөздерінің талдану жүйесі мүлде басқаша етіп бөлшектеуді, яғни *иол* сөзі *ин-ол*, *инанда* сөзі *ин-ан-да* болып бөлшектелуді *-ин* және *ол//ан* сілтеу есімдіктері деп бөлшектеуді қажет етеді. Бұл жағдай, мысалы, қазақ тіліндегі *мынандай* (мын-ан-дай), *анандай* (ан-ан-дай) деген сөздерді талдап тұлғалаумен және *эне* (ән-е), *міне* (мін-е) сөздерін тұлғалаумен бірдей. Сонда түрікмен тіліндегі *ине* сөзі *ин-е* болып бөлшектеледі де, *-е* барыс септігі емес, сілтеу есімдігі болып шығады. Бұған, біріншіден, балқар тіліндегі *-ол* (ин-ол) мен *-ан* (-ин-ан-да) дәлел бола алса, екіншіден, қазақ тіліндегі *-ан* (мын-ан-дай, ан-ан-дай) да дәлел бола алады. Оған қосымша, ескерткіштер мен қолжазбалардағы *типи* < *тип* + *и* (N, 49, W, 29<sub>8</sub>); *муна* < мун-а (ЯЖУ), *مونا، مينا، مينا* (Бсл. II, 255) сөздерін де сүйеніш етуге болады.

*Міне*, *эне* есімдіктері — тек таза сілтеу мәнде ғана қолданылып, өзгеріске де түспейтін, есімдіктердің көне түріне жататын сөздер. Сол себепті оның құрамындағы сілтеу есімдігі *-е* де қазіргі кезде қолданылатын сілтеу есімдіктерінің ерте кездерде қолдану дағдысының көне бір түрінің көрінісіне жатады. Бұл жерде *-е* тұлғасының алтай семьялас тілдердің бірі манжұр тілінде *i*, тұңғыс тілінде *-a* (гольд.) «этот»<sup>91</sup> түрінде келетінін және қазақ тіліндегі сілтеу есімді-

<sup>89</sup> Ф. Д. Ашнин. Указательные частицы..., стр. 420.

<sup>90</sup> Бұл да сонда.

<sup>91</sup> Г. И. Рамstedт. Введение в алтайское языкознание. Морфология. М., 1957, стр. 69, 74.



гінде -і түрінде де кездесетінін ескерте кету қажет болар.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде, *міне* (міні) сілтеу есімдігі *мін* (<бул) және -е (-і) тұлғаларынан құралған сөз болып шығады: *міне*//*міні* < *мін-е*//*-і*.

4. *Мына* есімдігі *міне* сөзі сияқты. *мын* және -а (-е//і) сілтеу есімдіктерінен құралған. *Мына* түрік туыстас тілдерде, айталық, караим, құмық, алтай тілдерінде *муна*; татар диалектісінде *мона*, башқыр тілінде *бына*; ноғай, қарақалпақ, хакасс, шор, қырғыз тілдерінде *мына*, өзбек, ұйғыр тілдерінде *мана* боп келеді.

*Мына* сілтеу есімдігінің құрамындағы *мын* және -а тұлғалары жайында алда *міне* сөзін талдауда толық айтылды. *Мына* сөзі түгелдей *міне* есімдігінің фонетикалық қана айырмашылығы бар бір варианты болып есептеледі. Олардың тұлғалық және құрамдық жіктерінде ешбір өзгешелік жоқ. Ерекшелік тек дауысты дыбыстардың бірінде *і*, *е*, бірінде *ы*, *а* болып айтылуында ғана. Бірақ бұл тегін нәрсе емес. Бұл ерекшелік — осы сөздердің қайсысы бұрын пайда болған дегенге тікелей қатысы бар заңдылық. Бізше, *міне* сөзі алғашқы форма болу керек. Одан да әріректегі форма *міні* болса керек, яғни *міні* > *міне* > *мына*.

5. *Мынау* есімдігі *мына* (<мын-а) және -у (<бу) сілтеу есімдіктерінен құралған. *Мынау* сөзі татар диалектісінде *монау*; башқыр тілінде *бынау*; ноғай, қарақалпақ тілдерінде *мынав*//*манав*, түрік тілінде *типау*//*типао* ұйғыр тілінде *манаву*, қырғыз тілінің шатқал говорында *буногу*//*муногу* болып және қырғыз тілінде *мабу* (мана-бу), ұйғыр тілінде *маву* (<ма-на-ву) болып қысқарған түрде де кездеседі.

*Мынау* сөзінің -у бөлшегі жөнінде әр кезде әр түрлі айтылған пікірлер бар. Мысалы, В. В. Радловтан басталып, кейіннен Н. А. Баскаков, Ф. Г. Исхаков, М. Рясянен т. б. ғалымдар қостаған пікір бойынша *мынау*, *анау* сөздеріндегі -у тұлғасы олардың әуелде *мынағы*, *анағы* түрінде айтылу жолымен -ғы қатыстық аффиксінің (аффикс отношения) өзгеріске түсуі негізінде пайда болған.

-ғы аффиксын В. В. Радлов<sup>92</sup> пен Ф. Г. Исхаков<sup>93</sup> мына, ана сөздеріне тікелей жалғайды да, Н. А. Баскаков пен М. Рясненнің айтуы бойынша былай болып келеді: (бул-ның > буны//муны) мына-ғы > манав > мана//мына: (ол-ның > оны//аны) анағы > анав > ана//ане<sup>94</sup>.

В. Котвич<sup>95</sup> анау, мынау сөздеріндегі -у мына, ана сөздерінің ул//ол есімдігімен бірігуінен пайда болған деген болатын. Бұл пікір А. Н. Кононовтың<sup>96</sup> грамматикасында да кездеседі. Ал, В. М. Насилов<sup>97</sup> керісінше ұйғыр тіліндегі анаву, манаву, танаву сілтеу есімдіктеріне сүйене отырып, ву сілтеу есімдігінен пайда болған деп көрсетті. Ф. Д. Ашнин<sup>98</sup> бұл қарама-қарсы айтылған екі ойдан ерекше, өзінше бір пікір ұсынды, яғни мынау сөзі мана//мына «вот» — бу «этот» мана-ву//манав//манау «вот этот» ал анау сөзі ана «вон» — у/л/о/л «тот» анау//ана//анаву «вон тот» жолымен қалыптасқан деді.

Бұл мәселе жөнінде Н. К. Дмитриевтің<sup>99</sup> пікірі өзгеше. Н. К. Дмитриев башқыр тіліндегі бынау, анау есімдіктерін бындағ, андағ > бын-нағ, ан-нағ > бынау, ан-нау жолымен пайда болған деп көрсетеді. Сонда сөздің соңындағы -у сын есімнің -дай (-дағ) қосымшасынан пайда болған болып шығады. Бұл пікірді Т. М. Гарипов<sup>100</sup> қостады.

Ал, қазақ тілі мамандарының ішінде оны -ау шылау деп танушылар да кездеседі. Мысалы, Ә. Төлеуов мынау, анау есімдіктері мына, ана сілтеу есім-

<sup>92</sup> В. В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий. т. I, СПб., 1893, стр. 228. Қараңыз: т. IV, стр. 184.

<sup>93</sup> Ф. Г. Исхаков. Местоимения. ИСГТЯ. II, М., 1956, стр. 259.

<sup>94</sup> Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык. II. Фонетика и морфология. М., 1952, стр. 274.

<sup>95</sup> W. Kofwicz. Les pronoms dans les langues altaïques. 1936, 59.

<sup>96</sup> А. Н. Кононов. Грамматика совр. узбекского литер. языка. М.—Л., 1960, стр. 177.

<sup>97</sup> В. М. Насилов. Грамматика уйгурск. яз. М., 1940, стр. 71.

<sup>98</sup> Ф. Д. Ашнин. Указательные частицы..., стр. 423.

<sup>99</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башк. яз.. М.—Л., 1948, стр. 100.

<sup>100</sup> Т. М. Гарипов. Башкирское именное словообразование. Уфа, 1959, стр. 144.

діктері мен шылау *-ау* морфемасының бірігуінен жасалған<sup>101</sup> дейді.

Біздің ойымызша, жоғарыда келтірілген пікірлердің ішінде В. М. Насиловтың пікірі орынды айтылған сияқты. Өйткені бұл пікірді тек ұйғыр тіліндегі *анабу*, *манаву*, *танаву* емес, сонымен қатар өзбек тіліндегі *анову*<sup>102</sup> сөзіндегі *ву*, қырғыз тілінің Октябрь райондық говорындағы *онову//оновул*<sup>103</sup> сөздеріндегі толық қолданылған *ву* сілтеу есімдіктері де немесе *манав*, *мынав*, *анав* сөздерінде ықшамдала қолданылған *-в* (<ву) тұлғалары да мақұлдай алады. Сондықтан тілімізде қазірдің өзінде де сақталып отырған мұндай фактілерді аттап өтіп, сөздің соңындағы *-у* сын есімнің *-дай* (бындағ) қосымшасынан не *-ғы* (мынағы, анағы) қосымшасынан немесе *ул//ол* сілтеу есімдіктерінен пайда болған деп айту ыңғайсыз сияқты.

Егер ана сөзіне *ул//ол* есімдігі бірігетін болса, көне ескерткіштер мен жазбалардан байқалатын заңдылық тәрізді ол сөзінің ізі білінбей жоқ болып, соңғы *а* әрпіне сіңісіп кеткен болар еді. Мысалы, *Bu bāglār ot ol*,

*otqa barma jaguq* (N, 57; W, 38); *Qazip aidy: asnu ma-na kālsūni* (N 48) сияқты болып толық және қысқарған түрде қолданылған болса да, бертін келе от (*otol*), *-i* (*kālsūni*) алдындағы сөздердің бойына сіңіп кетіп, ешбір тұлғасын сақтамай ноль қалпына жеткен фактілер бар. Демек, *мынау*, *анау* сілтеу есімдіктері *мына* (мына), *ана* (ан-а) сілтеу есімдіктері мен *бу* (<ву) сілтеу есімдігінің бірігуінен пайда болған деп таныған жөн.

6. *Әне* есімдігі *ән* (ол//ул//ал) алғашқы түбір мен сілтеу мәнді *-е* (о//у) тұлғаларынан құралған. Бұл құрамдар жөнінде *міне* сілтеу есімдігінің тұсында толық айтылды. *Әне* сөзі татар, ұйғыр, хакасс тілдерінде *әнә*, қарақалпақ тілінде *ане//ана* болып келеді.

7. *Ана* есімдігі *ан* (ол//ул) алғашқы түбір мен сілтеу мәнді *-а* (о) тұлғаларынан құралған, *әне* сөзімен тектес бөліктерден тұрады. *Ана* сөзі түрікмен, татар диалектінде, караим, өзбек тілдерінде *ана*; түрік,

<sup>101</sup> Ә. Төлеуов. Қазақ тіліндегі есімдіктер. Алматы, 1961, 12-бет.

<sup>102</sup> А. Н. Кононов. Грамматика узбекского языка. Ташкент, 1948, стр. 127.

<sup>103</sup> Г. Бакинова. Октябрь районундағы кыргыз тилинин говору. Канд. дисс.. Фрунзе, 1953, 114, 177-беттер.

башқыр тілдерінде *анау*, құмық тілінде *она*, шор тілінде *оно* болып келеді. *Ана* есімдігінің құрамы жөніндегі пікір *мына* сөзін талдағанда айтылған.

8. *Анау* есімдігі *ана* (ан-а) түбірі мен *бу* сілтеу есімдігінен құралған. Бұл құрамдар жөнінде *мынау* есімдігін сөз еткенде толық айтылады. *Анау* сөзі татар диалектінде, башқыр тілінде *анау*; ноғай, қарақалпақ, өзбек тілдерінде *анав*; ұйғыр, өзбек тілдерінде *анаву//анову* түрінде айтылады.

9. *Осы* есімдігі *ос* (<ош//уш) түпкі түбір мен *-ы* (<у < бу) тұлғасынан құралған. *Осы* есімдігі түрік тілінде *işbi*, караим тілінде *ушпу//успу*, өзбек, ұйғыр тілдерінде *ушбу*; татар диалектінде *ушы*, башқыр тілінде *ошо*, қарақалпақ тілінде *осу//осы//усу//усы* және өзбек, құмық, түрікмен тілдерінде *шо* боп келеді. Сонымен қатар татар тілінде *шошы//сосы* деген түрлері де бар. *Осы* сөзінің құрамы шайлы В. В. Радлов үш рет түсінік берді. Олардың бірінде қырғыз, шағатай тілдеріндегі *ошу* сөзін *ош-у*<sup>104</sup> болып құралудан пайда болған сөз десе, бірінде қазақ тіліндегі *осы* сөзін *ош-бу*<sup>105</sup>, ал тағы бірінде бұл сөздерді татар тілінде *шушы*<sup>106</sup> сөзімен қатар қойып сөз етті. Бұл пікірлердің ішінде қазақ тілі үшін *осу* сөзі *ош-бу* тұлғаларынан құралады деген пікірі орынды келетін сияқты. Өйткені бұл пікірдің орындылығы, ең алдымен, *осы* есімдігінің бойындағы «жақындық» ара қатнасты білдіруші мағынадан білінсе, екіншіден, қазіргі кезде қолдануда кездесіп отыратын түрік (*işbu*), өзбек, ұйғыр тілдеріндегі *ушбу*, караим тіліндегі *ушпу//успу* сілтеу есімдіктерінің құрамынан да өте айқын көрінеді. Сол сияқты, бұл дағдының ескі ескерткіштер мен жазбаларда да кездесіп отыратын жерлері бар. Мысалы: *işbu* — «именно этот» (КВ, II, 44; Rbg., 113; Qas. 35). *Ошбу* — «вот», «этот» (О-Н, 5, IX, 25, I). اوشبو (БСл. I, 137). Міне сондықтан да *осы* сөзінің қандай жағдайда қалыптасқаны жөнінде Ф. Д. Ашнин: «Последняя этимология показывает, что баш. *ошо*, казах. *осы*, ккалп. *осу//усу//осы//усы*, кирг. *ушу(л)* и тат.

<sup>104</sup> В. В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий. Т. I, СПб., 1893, стр. 1151.

<sup>105</sup> W. Radloff. Phonetik der nördlichen Türk Sprachen. Leipzig. 1882, § 240.

<sup>106</sup> Ф. Д. Ашнин. Указательные частицы..., стр. 428.

(диалект) *ушы* как бы «застряли на полпути», т. е. представляют собой своеобразную ступень в процессе превращения одной формы в другую (*ошбу* в *шу*)»<sup>107</sup>, — деген пікірін өте орынды деп танымыз. Сондай-ақ, өзбек, түрікмен, құмық тілдеріндегі *шу* сөзінің қалыптасуы жөнінде Ф. Д. Ашнин<sup>108</sup> қолдаған Г. И. Рамстедттің<sup>109</sup> *ошбу* > *ошву* > *ошу* > *шу* деген пікірлерін де дұрыс деп тануға болады. Егер *осындай* сөзінің М. Қашқари заманында *ош мундағ*<sup>110</sup> түрінде қолданылғанын еске алсақ, бұл пікірлердің қаншалық шындыққа жанасымды екені өзінен-өзі-ақ айқындала түсер еді.

Бұлардан өзге татар тілінде *шушы* деген сөз бар. Бұл сөзді В. Н. Хангильдин: «*Шушы* сузе *шу* (шул) алмашлығын кабатлау юлы белен ясалған тиеш: *шу-шу* > *шушы*»<sup>111</sup>, — деп көрсеткен болатын. *Шушы* сөзінің негізгі жақындық ара қатнасты білдіруші мағынасына сүйене айтылған В. Н. Хангильдиннің осы пікірі (*шу* сөзін *шул* деп танығаны болмаса) орынды сияқты еді. Бірақ соған қарамай, Ф. Д. Ашнин М. Рясненнің<sup>112</sup> пікірін қостай келе, бұл *шушы* сөзін татар тіліндегі *тушы* сөзімен жалғастыра отырып, *те-ушы* > *ту-шы* > *шушы*<sup>113</sup> жолымен қалыптасқан дегенді ұсынды. Сол сияқты, ноғай тіліндегі *шошы*//*сосы* сілтеу есімдіктерін де *те-ошу*//*ушу* > *тушы*//*тошы* > *шушы* > *шошы* > *сосы*<sup>114</sup> жолымен қалыптасқан деп көрсетті. Біздің ойымызша, бұл сөздердің қалыптасуы жөнінде В. Н. Хангильдин ұсынған *шушы* сөзінің жүйесімен *шо-шо* > *шошы*//*сосы* сияқты ізбен қалыптасқан деген пікірі орынды сияқты. Ноғай тіліндегі

<sup>107</sup> Сонда, 428-бет.

<sup>108</sup> Г. И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. Морфология. М., 1957, стр. 75.

<sup>109</sup> Махмуд Кашкарий. Туркий сузлар дивони. т. I. Ташкент, 1960, 40-бет.

<sup>110</sup> В. Н. Хангильдин. Татар теле грамматикасы. Казан. 1954, 149-бет.

<sup>111</sup> Бұл да сонда, 159-бет.

<sup>112</sup> M. Räsänen. Materialien zur Morphologie der türkischen Sprachen. Helsinki, 1957. 21.

<sup>113</sup> Ф. Д. Ашнин. Указательные частицы..., стр. 431.

<sup>114</sup> Сонда, 431-бет.

бұл *шошы*// *сосы* сөздерін Н. А. Баскаков<sup>115</sup> *со(л)-усы* жолымен құралған деп те айтқан болатын.

10. *Сол* есімдігі *с-* (<уш//ош) және *ол* сілтеу есімдіктерінен құралған. *Сол* сөзі түрікмен, ноғай тілдерінде *шол*; татар, башқыр тілдерінде *шул*; құмық, қарақалпақ тілдерінде *шол*//*шул*; ноғай, қарақалпақ тілдерінде *сол*; караим тілінде *осол*; қырғыз тілінде *ушу*//*ушұл*, *ошо*//*ошол*; ұйғыр, түрік тілдерінде *шу* түрінде келеді. *Сол* сөзінің құрамы жөнінде айтылған Н. К. Дмитриевтің<sup>116</sup> башқыр тіліндегі *шул* сөзі *шу-ул* болып бөлшектенеді деуі және оны қостаушы Ф. Д. Ашниннің<sup>117</sup> *шул*//*шол*//*сол* есімдіктері *ош*//*уш*//*шу* және *ул*//*ол*//*ал* сілтеу есімдіктерімен құралады деген пікірлері өте орынды айтылған деп ойлаймыз. Бұл пікірлердің дұрыстығы, ең алдымен, *сол* сілтеу есімдігінің, алыстық аралық қатнасты білдіру мағынасынан білінсе, екіншіден, қырғыз тілінде қазіргі күнде де қолданылатын *usul*, *osol* сөздерінен де айқын көрінеді. Сол сияқты, *сол* есімдігінің бұл құрамдық ізі ескі ескерткіштер мен жазбаларда да жиі кездесіп отырады.

Мысалы: Qaju nän quz ärsä, *osul nän kösüs* (КВ, II, 55), *osul* «тот» (N, 51, Ніб. 494, М-Н, 168а), *ошул* (РСл. I, 1151) т. б. *Сол* сөзі жөнінде Ф. Г. Исхаков<sup>118</sup> А. Н. Кононовтың<sup>119</sup> өзбек тіліндегі *уса* сөзін *уш-ул* > *ушал* > *уша* жолымен және Ф. Д. Ашниннің<sup>120</sup> түрік тіліндегі *su есімдігін os + ol > osol > sol > su* жолымен қалыптасқан деген пікірлерін де толық мақұлдауға болады. Бірақ әуелгі көне форма *ошол* неліктен қазақ тілінде *сол*, түрік тілінде *шу*, ал, қырғыз тілінде *ошол* түрінде кездеседі? деген сұрақ біраз дәлелдер мен түсініктерді қажет етеді. Бұл әлі тюркологияда сыры ашылмаған мәселенің бірі, сондықтан біз бұл формалардың тек көне, жаңалығына қарай қазақ тіліндегі *сол* есім-

<sup>115</sup> Н. А. Баскаков. Ногайский язык и его диалекты. М.—Л., 1940, 117, примеч. 2.

<sup>116</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башк. яз. М.—Л., 1948, стр. 100.

<sup>117</sup> Ф. Д. Ашнин. Указательные частицы..., стр. 428.

<sup>118</sup> Ф. Г. Исхаков. Местоимения. ИСГТЯ. II. М.—Л., 1956, стр. 249.

<sup>119</sup> А. Н. Кононов. Грамматика совр. узбекского лит. языка. М.—Л., 1960, стр. 177.

<sup>120</sup> Ф. Д. Ашнин. Указательные частицы..., стр. 42.

дігіне қарағанда *шу* формасы кейіннен пайда болған да, *ошол* формасы ертеректе пайда болған дегенді ғана айта аламыз: *ошол//ушул* > *сол//шул* > *со//шу*.

11. *Осынау* есімдігі *осы* (<ош-бу) және *анау* (<ана-бу) есімдіктерінен құралған. *Осынау* тек қазақ тілінде қолданылады да, өзге түрік туыстас тілдерде кездеспейді. *Осы* және *анау* есімдіктері жайында жоғарыда айтылды.

12. *Сона* сөзі *с-* (<у//ош) сілтеу мәнді тұлға мен *ана* сілтеу есімдіктерінен құралған. *Уш//ош* және *ана* тұлғалары жайлы да жоғарыда айтылды.

13. *Сонау* есімдігі *со* (<уш//ош-ол) және *анау* (<ан-а-бу) тұлғаларынан құралады. *Сонау* сілтеу есімдігі де — тек қазақ тілінде ғана кездесетін сөз.

14. *Түү* есімдігі *тү* (*те//та*) сілтеу мәнді тұлға мен *ол* (<он) сілтеу есімдігінен құралған. *Түү* сөзінің жеке қолданылуы гагауз тілінде *те//та*, татар диалектінде *те//та*, азербайжан тілінде *де//ди*; ойрат, алтай тілдерінде *ту*; тува тілінде *доо*, *дөө*, *дүү*, *дуу* болып келеді. Қазақ тіліндегі *түү* есімдігі жайлы Ш. Сарыбаевтың еңбектерінде<sup>121</sup> дұрыс айтылған.

*Түү* есімдігінің өзге түрік тілдерінде, айталық, татар, башқыр тілдерінде *теге*; хакас, қырғыз тілдерінде *тиги*; шор, алтай тілдерінде *тиги*; тува тілінде *доо//дөө//дуу//дүү* болып қолданылатын түрлері бар. Бұл сөздерді көптеген ғалымдар екі бөліп, *те//ти//ти* және *-ки* аффиксынан құралған деп қарайды. Сонымен қатар жеке қолданылатын *ту* есімдігінің өзін де осы формалардың қысқару, ықшамдалу нәтижесінде барып пайда болған сөздер дегенді айтады. Мысалы, бұл жөнінде Ф. Г. Исхаков мынадай қалыптасу жүйесін ұсынады: *теге* > *tee* > *тоо//түү//туу* > *ту* (алт.)<sup>122</sup>.

15. *Түнеу* (тонау) есімдігі сілтеу мәнді *тү* тұлғасы мен *анау* (<ана-у) есімдігінен құралған. Сілтеу есімдігінің бұл түрі ұйғыр тілінде ғана *танаву*, *таву*

<sup>121</sup> Ш. Ш. Сарыбаев. Междометие в казахском языке. Алма-Ата, 1959, стр. 81—82; Кейбір сөздердің этимологиясы. «Қазақ тілі мен әдебиеті», № 6, 1959, 68-бет. О местоимениях *ту*, *түнеу*. «Известия АН КазССР», серия фил. и искусств. вып. I, 1959, стр. 73—75. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 2-шығы. Алматы, 1960, 54-бет.

<sup>122</sup> Ф. Г. Исхаков. Местоимения. ИСГТЯ. II. М., 1956, стр. 449.

түрінде кездеседі. Ф. Д. Ашнин<sup>123</sup> *таву* есімдігін *тана-ву* сөзінен қысқарған форма есебінде көрсеткен.

Бұлардан өзге сілтеу есімдіктерінің *мінеки* (<міне-ки), *энеки* (<эне-ки) сияқты формаларда қолданылатын түрлері де бар. Бұл сөздер — ешқандай өзгерістерге енбейтін, көбіне сөйлемнің соңында не оқшауланып, одағай түрінде қолданылатын сөздер.

#### § 4. Сұрау есімдіктері

Сұрау есімдіктері де — түгелдей туынды сөздер. Олардың ішінде *кім? не? қай?* сөздері ескі көне сұраулы сөздер де, өзге түрлері — осы негіздерге әр түрлі қосымшалар қосылу арқылы жасалған сөздер. Сонда сұрау есімдіктерінің құрамы мынадай болмақ.

1. *Кім?* сөзі *кі-* және *-м* тұлғаларынан құралған. *Кім?* қазіргі түрікмен, азербайжан, құмық, ноғай, қарақалпақ, өзбек тілдерінде *ким*; түрік, караим, қазақ, ұйғыр, қырғыз тілдерінде *кім*; татар, башқыр, хакасс, шор, ойрат, алтай тілдерінде *кем*; тува тілінде *кым* түрінде қолданылады. *Кім?* сөзінің шығу тегі және оның құрамы деген мәселе — таласта жүрген мәселелердің бірі. Ол жөнінде тюркологияда мынадай пікірлерді кездестіруге болады.

Біріншіден, *кім* сөзін *кі-* және *-м* деген тұлғалардан құралады деп қарау да, *-м* тұлғасын *-ма*, *-ме* сұрау шылауларымен тектес деп тану. Бұл пікірді қолдаушы ғалымдар В. Котвич<sup>124</sup>, Г. И. Рамstedт<sup>125</sup>, және М. Ряснен<sup>126</sup> өз еңбектерінде *-м* тұлғасын *німә*, *нәмә*, *ниме*, *неме* сөздеріндегі *-мә*, *-ме* тұлғаларымен ұштастыра сөз етеді. Мысалы, Г. И. Рамstedт былай дейді: «Элемент *-та* наряду с *-т* заключен в тюркск. *kit*, тув. *qut*, шор. *kät* чув. *kat* «кто», могол. *jet* «что», *jetjetä* «что за, какого рода» общетюркск. *pätä*, тат. *nitä*»<sup>127</sup>. Бұл пікірді А. Н. Кононов<sup>128</sup> та қостайды.

<sup>123</sup> Ф. Д. Ашнин. Указательные частицы..., стр. 431.

<sup>124</sup> W. Kotwicz. Les pronoms dans les langues altaïques. Krakow, 1936, 34—35, 68—70-беттер.

<sup>125</sup> Г. И. Рамstedт. Введение в алтайское языкознание. Морфология. М., 1957, стр. 76—79.

<sup>126</sup> M. Räsänen. Materialien zur Morphologie der türkischen Sprachen. Helsinki, 1957, 40—43.

<sup>127</sup> Г. И. Рамstedт. Введение..., стр. 78—79.

<sup>128</sup> А. Н. Кононов. Грамм. совр. узб. лит. яз., М. — Л., 1960, стр. 182.



Екіншіден, *кім* сөзін монғол тіліндегі *küm-ün*<sup>129</sup> (человек), «адам», «кісі» деген сөзден пайда болған деп қарау.

Біздің — ойымызша, *кім* сөзінің *кі-* тұлғасы *қай* (<қан) сөзінің *қа-* тұлғасымен тектес болса керек. Бұған, ең алдымен, қазақ тіліндегі *қані* сөзінің *кәні* боп қолданылуындағы *қа-//кә-* түбір тұлғаларындағы *қ//к* дыбыстарының *кім* мен *қай* сөздеріндегі *қ//к* дыбыстарымен ыңғайлас болып келетіні дәлел болса, оған қосымша монғол және бурят тілдерінде *кім* сөзінің *қай* (<қан) сарынымен *хан* «кто?»<sup>130</sup> түрінде айтылуы бұл ойды толықтыра түседі. Мұндағы *a//ə//i* дауысты дыбыстарының алмасып қолданыла беруі жалпы алтай және түрік туыстас тілдерге тән заңдылық.

*Кім* сөзіндегі *-м* дыбысының шығу төркінін дәлдеп айту қиын. Бірақ оның *кі-* түпкі түбір тұлғаға адам жайындағы ұғымды үстеп тұрғаны даусыз. Ол ұғым *кі-* түпкі түбір тұлғаға үстейтін *н* дыбысының мағынасына мүлде қарама-қарсы. Егер *қа-* түбіріне *-н* морфемасы қосылса, *қан* > *қай* сияқты заттар мен құбылыстардың түрі-түсін, ретін білу үшін қойылатын атрибутивтік мәнді сөз болып шығады да, егер *-м* морфемасы қосылса, (*қам*>) *кім* сияқты адамға ғана қойылатын субстантивтік мәнді сөз болып шығады. Сол сияқты, қазақ тілінде жиі қолданылатын *неме* сөзінің «адам» мағынасында жұмсалуды да тегін заңдылық болмаса керек. Бұнда да *неңе* емес, *неме* қалпында *-м* түрінде қолданылып, тек адамға ғана айтылуы, әрине, *м* дыбысының түбірге өзіне тән жаңа мағына үстей алатындығымен тығыз байланысты. Яғни тұлғалық та, мағыналық та жағынан *неңе*, *неме* сөздері *қан* (*қай*), *кім* сөздерімен дәлме-дәл келіп отырады.

2. *Не?* сөзінің әуелгі формасы *нен*, яғни *нәң* «вещь, предмет» сөзінен шыққан болу керек. Мұндай фактіні, біріншіден, қазақ және қарақалпақ тілдерінің қолданылу дағдысында кездесетін *нендей* сөзінің

<sup>129</sup> W. Schott. Versuch über die tatarischen Sprachen. Berlin, 1936, 71.

<sup>130</sup> Г. Д. Санжеев. Современный монгольский язык. М., 1959, стр. 53; Д. Д. Амоголонов. Современный бурятский язык. Улан-Уде, 1958, стр. 181.

құрамынан өте айқын көрсек, екіншіден, салар тілінде *nän* сөзі күні бүгіннің өзінде *ne* «что»<sup>131</sup> сұрау есімдігі ретінде қолданылып отырғанын көреміз. *Нен*-тұлғасының соңғы *n* элементі жөнінде Н. А. Баскаков: «*нендей*//*недей*» «подобно чему?» — атрибутивно-обстоятельственная форма, образовавшаяся из основы *не-н-дей*, где *-н* субстантивирующий элемент, известный по множеству различных грамматических форм словообразования и словоизменения (напр., склоняемые в локальных падежах формы имен с аффиксами принадлежности 3-го лица)», — деген. Одан әрі *нен* тұлғасының шығу төркіні жайында *-н* элементін бөліп алып: «Возможно, что элемент *-н* является генетически общим с аффиксом родительного падежа местоимения *не* или с аффиксом принадлежности 3-го лица и представляет собой исторически слово с самостоятельным значением «тело, вещь» (ср. кк. *нень*, *неме*, *нема*, *теме*, *не*), а затем слово отвлеченной семантикой — «вещь, нечто, что?» (ср. кк. *не?*), с одной стороны, и слово с отвлеченным же значением — «владение, отношение или принадлежность субъекту владения» (ср. кк.  $\frac{-нынь}{-нинь}$ ,  $\frac{-дынь}{-динь}$ ,  $\frac{-тынь}{-тинь}$  аффикс родительного падежа), — с другой»<sup>132</sup>, — дегенді айтқан.

В. Банг *nä* сөзін алғашқы форма *ya*<sup>133</sup> түрінен пайда болған деп көрсеткен. Г. И. Рамстедт *ja* ~ *je* формасындағы *i*- мен *nä* түріндегі *n*- туралы: «начальный *j*- вследствие ассимиляции превратился в *n*-»<sup>134</sup> — деген де, М. Ряснен<sup>135</sup> осы пікірді қостаған.

*Не?* сөзі қазіргі азербайжан тілінде *nä*, гагауз, караим тілдерінде *nä*; түрік, құмық, ноғай, қарақалпақ, қазақ, ойрат, алтай тілдерінде *не*; татар, башқыр тілдерінде *ни*; шор тілінде *ноо*, тува тілінде *чуу* формасында айтылады. Бұлардан өзге түрікмен тілінде *нәме*, башқыр — *нәмә*, өзбек — *нима*, ұйғыр — *nimä*,

<sup>131</sup> Э. Р. Тенишев. Саларский язык. М., 1963, стр. 14.

<sup>132</sup> Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык. II. Фонетика и морфология. Ч. I. М., 1952, стр. 296.

<sup>133</sup> W. Bang. Von Köktürkischen zu Osmanischen, I Mitteilung. AFAW, N 6. Berlin, 1957, § 3.

<sup>134</sup> Г. И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. Морфология. М., 1957, стр. 56.

<sup>135</sup> M. Räsänen. Materialien zur Morphologie der türkischen Sprachen. Helsinki, 1957, 41—42.

хакасс — *нине*, алтай тілінде *нине* деген формалары бар. Бұл айтылу нормаларын фонетикалық ерекшеліктерімен жүйелейтін болсақ:

1) *nitä//nəme//nəmә//нима//нине*;

2) *ноо, чуу* және

3) *на//нә//ни//не* сияқты топтардан құралған болар еді.

*Не?* сөзінің даму жүйесіндегі бұл күрделі үш жіктің алғы *nitä//nəmә//нəме//нима//нине* формалары жөнінде ғалымдар арасында мынадай пікірлерді кездестіруге болады. Мысалы, В. В. Радлов<sup>136</sup>, В. Котвич<sup>137</sup> және Г. И. Рамстедт<sup>138</sup> *nämä, nīmā* сөздері, *nä, ni* сұраулы сөздер мен *mä* аффиксынан құралады деп көрсетеді. Н. К. Дмитриев башқыр тіліндегі *nəmә* сөзі туралы: «*Нәмә?* (что?) вообще может рассматриваться, как так называемое «местоимение существительное». Исторически было, повидимому, существительным в значении «предмет, вещь» и потом уже превратилось в вопросительное местоимение. Этимологически *nəmә*, возможно, разлагается на два элемента... На эту мысль наводит то обстоятельство, что в некоторых тюркских языках *nəmә* звучит, как *нимә*»<sup>139</sup>, — дейді. Сөйтіп *nəmә* сөзін *нә* және *мә* тұлғаларына бөлшектейді. К. Броккельманн<sup>140</sup> мен М. Рясянен<sup>141</sup> *nätä* сөзін *nä-tä* етіп бөлшектейді де, *-tä* тұлғасын одағай (Interjektion) деп таниды.

Бұл жөнінде Ф. Г. Исхаковтың пікірі өзгеше айтылған. Мысалы, автор былай дейді: «Местоимения *nəmә, нине, нима, нимә, нине* употребляемое в разных тюркских языках в значении «что», повидимому, являются сложными словами, исторически образованным

<sup>136</sup> В. В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий. Т. III, СПб., 1905, стр. 690.

<sup>137</sup> W. Kotwicz. Les pronoms dans les langues altaïques, Krakow, 1936, 69—70.

<sup>138</sup> Г. И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. Морфология. М., 1957, стр. 78—79.

<sup>139</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка. М. — Л., 1948, стр. 101.

<sup>140</sup> C. Brockelmann. Osttürkische Grammatik der Islämischen Literatursprachen Mittelasiens, Zweite Lieferung. Leiden, 1951, 79—80.

<sup>141</sup> M. Räsänen. Materialien zur Morphologie der türkischen Sprachen. Helsinki, 1957, 42.

из двух корней: 1) *нә//не//ни* и 2) *мә//ме//ма* < мен чувашская разновидность местоимения, означающего «что»<sup>142</sup>.

Бұл пікірлердің қай-қайсысы болса да ұсынушы авторлар үшін орынды және өз дәрежесінде тілдік материалдармен байланыстыра сөз етуге жөні бар ұсыныстар. Бірақ, сонда да болса, *-мә, -ме, -ма* тұлғасын *ма//ме* сұрау шылауларынан тектес деп тану әлдеқайда орынды сияқты болып көрінеді.

2. Қазақ тілінде сұрау есімдігінің *німә* түрі жоқ. Олай сұраудың қазақ тілінде *не* боп ықшамдалған түрі ғана қолданылады. Бірақ, соған қарамай, *немене?* сұрау есімдігінің құрамында *неме* формасының сақталып қалғаны байқалады. Біздің ойымызша, осы *неме* тұлғасы бір кездерде қазақ тілінде де *німә* сияқты дербес жеке қолданылатын сөз болған да, кейіннен өз орнын, өз функциясын *не* сөзіне аударып жіберген болса керек.

3. *Немене?* сөзі *неме* (<не-ме) және *не* деген тұлғалардан құралған. *Неме* туралы жоғарыда айтылды. Соңғы *не* бұл сөзге кейіннен қосылған сияқты. Ол үшін алдымен *неме* сөзі сұрау мағынасынан алшақтау дәуірін басынан өткізіп, кейіннен *не* сұрау есімдігінің қосылып айтылуы арқылы қайтадан сұраулы сөз дәрежесіне көшкен тәрізді. Бұны тек қазақ тілі тұрғысынан айтып отырмыз.

*Немене* сөзі қазіргі қырғыз тілінде ғана *эмне* түрінде қолданылады. Қырғыз тіліндегі *эмне* сөзінің тұлғасын Ф. Г. Исхаков: «Киргизское *эмне* (<эмене < эми-не < эмене < немене), повидимому, разложимо на *э* (< не(-м) < ме(-не) ср. казахское *немене*»<sup>143</sup>, — деп көрсеткен болатын. С. Құдайбергенов екі түрлі жолды айтады: 1) не-ме(н)-не, э-ме(н)-не; 2) эмейне > эми(й)-не > эмне<sup>144</sup>. Бұлардың ежелгі толық түрі *эрмейне* болған.

4. *Неше?* сөзі *не* (ja//je) және *-ше* қосымшасынан құралады. Бұл сөз қазіргі түрікмен тілінде *нәче*, азербайжан тілінде *нечә*, түрік — *неше*, құмық — *нече*, та-

<sup>142</sup> Ф. Г. Исхаков. Местоимения. ИСГТЯ. II, М., 1956, стр. 236.

<sup>143</sup> Бұл да сонда.

<sup>144</sup> С. Құдайбергенов. Кыргыз тилиндеги ат атоочтор. Фрунзе, 1960, 68-бет.

тар — *ничә*, башқыр — *нисә*, ноғай, қарақалпақ, қазақ, қырғыз тілдерінде *нешә*, өзбек — *неча*, ұйғыр — *пәссә*, тува — *чеже*, хакасс тілінде *нинче* түрінде қолданылады.

*Нешә* сөзіндегі *не* тұлғасы бір кездерде өзінің әуелгі толық формасы *нен* түрінде айтылған болу керек. Өйткені ол толық форма қазіргі хакасс тіліндегі *нинче* сөзіндегі *нин* және ұйғыр тіліндегі *пәссә* сөзінің *пәс* бөлшектерінен өте анық көрінеді, *пәс* басында *неп* болған да, кейіннен *-сә* қосымшасының *с* дыбысы әсерінен соңғы *п* дыбысы *с* дыбысына ауысқан. Ұйғыр тілінде кейінгі ықпалдың өте күшті екені жұртқа белгілі заңдылық. Сонымен қатар қазақ тіліндегі *нендей* сөзінің *нен* түбір тұлғасынан да оның әуелгі формасы өте анық көрінеді. *Нендей* формасы қарақалпақ<sup>145</sup> тілінде де кездеседі.

*Нешә* сөзінің *-ше* қосымшасы *қанша* сұрау есімдігінің *-ша* қосымшасымен тектес. *-ша* қосымшасын ғалымдардың көбі «шақ» сөзімен ұштастырады. Мысалы, Н. А. Баскаков былай дейді: «...аффикс *-ша*, указывающий на размер или количество восходит, по видимому, к слову с реальным значением «время, пора», а также «впору, как раз соразмерный» и пр.»<sup>146</sup> Н. К. Дмитриев *нешә* сөзінің құмық тілінде *не чагъы*<sup>147</sup> түрінде қолданылатындығын ескерткен болатын.

5. *Қай* (<қан) сөзі байырғы сұрау мәнді *қа-* тұлғасы мен *-й* (-н) дыбысынан құралған. *-й* дыбысы алғашқы кезде *-н* болған. Ол, ең алдымен, қазақ тіліндегі *қані*, *қанша*, *қандай* сияқты сөздердің түбіріндегі *-н* дыбыстарынан білінсе, екіншіден, ескі ескерткіштер мен мұраларда кездесетін *канга* (Будд. 620), *قاندە، قاندا* (БСЛ. II, 27), *канган* (КТб, 32), *қанда* (МК, I, 396), *қані* (ССК, 200) деген сөздердің түбірінде сақталатын *-н* дыбыстарынан өте айқын көрінеді. Бұған қосымша, С. Е. Маловтың «Памятники древнетюркской письменности» атты еңбегінен *qan* (какой? Ths, 36), *qanypca* (сколько? Ths, 63) деген сөздерді де кездестіреміз. Бұлардың бәрі де *қай* сөзінің бір кездерде *қан* болғанын толық дәлелдей алады.

<sup>145</sup> Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык. II. Фонет. и морфол., М., 1952, стр. 296.

<sup>146</sup> Сонда. 299—300-беттер.

<sup>147</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика кумыкского языка. М. — Л., 1940, стр. 81.

Қай сөзінің *қа-* және *-й* (<-н) болып бөлшектелуі — қазір талас тудырмайтын мәселе. Бірақ оны қандай тұлға деп тануда бір ізділік жоқ. Ол жөнінде ғалымдардың мынадай пікірін келтіруге болады. В. Банг *қауи, қап, қай* сөздерін *қа-уи, қа-п, қа-й*<sup>148</sup> етіп бөлшектідейді де, К. Броккельмани *қа-* тұлғасын бөлек қарағанмен, оны одағай (Interjektion)<sup>149</sup> деп таниды. Г. И. Рамстедт *ка-* тұлғасын ежелгі сұраулы түбір<sup>150</sup> деп атайды, Н. А. Баскаков<sup>151</sup>, А. Исқақов<sup>152</sup>, А. Н. Кононов<sup>153</sup> *қан, қай* сөздерін *қа-н, қа-й* деп бөлшектеп, *қа-* тұлғасын ежелгі сұрау мәнді тұлға деп көрсетеді. Дегенмен, соңғы *-н* дыбысы мен *мен, сен, ол* (ан) жіктеу есімдіктеріндегі *-н* дыбысының тектес екендігіне ешкім күмән келтірмейді.

6. *Қайсы?* сөзі *қай* (<қан) және *-сы* (<сол) тұлғасынан құралған. *Қайсы* сөзі қазіргі түрікмен тілінде *хайсы*, азербайжан — *хансы*, құмық, қарақалпақ, қазақ, қырғыз тілдерінде *қайсы*; ноғай тілдерінде *қайсы*; башқыр — *қайһы*, өзбек — *қайси*, ұйғыр — *қайси*, тува — *қайы*, хакас — *хайзы*, шор — *қайзы* және алтай тілінде *қажы* түрінде айтылады. Бұлардың әр тілде әр түрлі айтылуына қарамай, бәрі де екі бөлімнен: 1) *хан//қай//қай//хан* және 2) *-сы//һы//си//си//зы//ы* сияқты бөлімдерден құралатыны анық білінеді.

*Қайсы* дегендегі *қай* тұлғасы туралы жоғарыда айтылды. Ал, *-сы* жөнінде мына сияқты пікірлерді кездестіруге болады. Н. К. Дмитриев башқыр тіліндегі *қайһы?* сөзінің соңғы *-һы* тұлғасын III жақ тәуелдік жалғауының аффиксы дейді де, оның қалыптасу жүйесі жөнінде: «Прибавление именно формы *-һы* составляет предполагать здесь два аффикса принадлеж-

<sup>148</sup> W. B a n g. Von Köktürkischen zu Osmanischen. I. Mitteilug. APAW. N 6. Berlin, 1917, 30, 27.

<sup>149</sup> C. B r o c k e l m a n n. Osttürkische Grammatik der Islämischen Literatursprachen Mittelasiens. Zweite Lieferung. Leiden, 1951, 79—80.

<sup>150</sup> Г. И. Р а м с т е д т. Введение... Морфол. М., 1957, стр. 76.

<sup>151</sup> Н. А. Б а с к а к о в. Каракалпакский язык. II. Фонет. и морфол. М., 1952, стр. 299.

<sup>152</sup> А. И с к а к о в. Есімдік. «Қазіргі қазақ тілі». Алматы, 1954, 70-бет.

<sup>153</sup> А. Н. К о н о н о в. Грамматика совр. узбекского лит. языка. М.—Л., 1960, стр. 183.

ности 3-го лица; *-ы* и *-һы*, т. е. *қайһы* первоначально звучало *кай-ы-һы*<sup>154</sup>, — дегенді айтады. Осы пікірді С. Құдайбергеновтың<sup>155</sup> еңбегінен де кездестіреміз. Ф. Г. Исхаков *кайсысы* деген сөздегі *-сы* тұлғаларының екеуін де III жақ тәуелдік жалғауы деп таниды да, алғы *кайсы* дегендегі *-сы* түбір сөзбен сіңісіп, түбірдің құрамына айналып кеткен болу керек дегенді айтады. Сол себепті *қайсы* сөзі тәуелдік жалғауының қабаттаса *кайсысы*<sup>156</sup> боп қолданылуына көшкен дейді.

О. Бётлингк<sup>157</sup> *-si* дегеннің әуелгі формасы *-sin* болған ол бұйрық райдың *-sun* ~ *-zun* қосымшасымен тектес дегенді айтқан. Осы пікірге В. В. Радлов<sup>158</sup> та қосылған. Г. И. Рамстедт<sup>159</sup> *-si* дегендегі *s* *biz* *siz* жіктеу есімдіктеріндегі сияқты көптік көрсеткіш, демек, *-i* жекелік мағынаны білдіруші жұрнақ болған да, *-si* көптік мағынаны білдіруші жұрнақ болған деп таныған. В. Котвичтің пікірі де осыған саяды. В. Банг<sup>160</sup> керісінше *qaisisi* дегендегі элемент *-si* тәуелдік жалғауы емес, ерекше бір есімдік элемент, ол *-si* III жақ тәуелдік жалғаулары делініп теріс түсіндіріліп жүр, бұл элементтердің екеуі екі басқа функцияны атқаратын әр басқа тұлғалар деген. Кейіннен Н. А. Баскаков *кбайсы* дегендегі *-сы* сөз тудырушы аффикс болған дей келе, «Однако, допуская возможности генетической связи значения аффикса *-сы* сначала словообразовательного, а затем как словоизменительного аффикса принадлежности 3-го лица, можно согласиться с тем, что в данном случае местоимение *кбайсы* образовалось в ту пору, когда форма *-сы* имела в большей мере словообразовательное грамматическое значение, чем во времена, когда за ним уже была зак-

<sup>154</sup> Н. К. Дмитриев. Грамм. башк. яз.. М.—Л., 1948, стр. 103—104.

<sup>155</sup> С. Құдайбергенов. Қырғыз тилиндегі ат атоочтар. Фрунзе, 1960, 71-бет.

<sup>156</sup> Ф. Г. Исхаков. Местоимения. ИСГТЯ, II. М., 1956, стр. 239.

<sup>157</sup> O. B ö h t l i n g k. Über die Sprache der Jakuten, I (Jakutische Grammatik). I, 266.

<sup>158</sup> W. R a d l o f f. Die alttürkischen Inschriften. NF., 74, 82—83; Die Jakutischen Sprachen..., 37.

<sup>159</sup> Г. И. Рамстедт. Pronomina, 19—20.

<sup>160</sup> W. B a n g. Vom Köktürkischen zu Osmanischen. I. Mitteilung. ARAW, N 6, Berlin, 1917, 33.

реплена семантика аффикса принадлежности 3-го лица», — <sup>161</sup> деп көрсетті.

Біздің ойымызша, *қайсы* сөзінің *-сы* тұлғасы тәуелдік жалғауы емес. Бұл жөнінде В. Банг және Н. А. Баскаковтың пікірлерін орындды деп танымыз. *Қайсы* есімдігі *қай* (< қан) сөзі мен ежелгі сілтеу мәнді *со* тұлғасының бірігіп айтылуы негізінде пайда болған. *Со* сілтеу мәнді тұлғаның *қай* сөзіне қосылып айтылуы негізінде *қайсы* сөзінің жауап ретінде қажет ететін заттары мен құбылыстарына баса көңіл бөлуді, айқындықты талап етуді үстеген. Мысалы «қай бала» мен «қайсы бала» дегендегі *қай*, *қайсы* сөздерін бірдей дәрежеде айтылып тұрған сөздер деп қарауға болмайды. *Қай* сөзіне қарағанда *қайсы* сөзінің мағынасы дәлірек, нақтылырақ айтылып, жауап етер сөзіне баса көңіл бөлуді қажет етеді. Бұл үстеме мағына *-сы* тұлғасының өзіндік негізгі мағынасына — детерминативтік мағынасына — байланысты үстемеленетін мәндік ерекшелік. Ал, *қайсысы* дегендегі екінші *-сы* — тәуелдік жалғауы. Бұл жөнінде Н. А. Баскаковтың бірінші *-сы* сөз тудырушы (словообразовательный) аффикс, екінші *-сы* сөз түрлендіруші (слово изменительный) аффикс деп атауы өте орынды.

7. *Қанша?* сөзі *қан* (<> *қай*) және *-ша* қосымшасынан құралған. Бұл тұлғалар жайында *қай?* есімдігі мен *нешеш?* есімдігін сөз еткенде айтылған. *Қанша* сөзі қазіргі түрік тілінде *кас*, қарақалпақ, қазақ, қырғыз тілдерінде *қанша*, өзбек — *қанча*, ұйғыр — *qançə*, тува — *каш*, хакасс — *ханча*, шор — *канче* және алтай тілінде *канча* болып қолданылады.

8. *Қашан?* сөзі *қа-* және *-шан* тұлғаларынан құралған. *Қашан* қазіргі түрікмен, хакасс тілдерінде *хачан*, азербайжан — *начан*, құмық, ұйғыр тілдерінде *качан*, татар — *кайчан*, башқыр — *касан*, ноғай — *кашан*, қарақалпақ, қазақ тілдерінде *қашан*, өзбек — *качон*, тува — *кажан*, шор, қырғыз, алтай тілдерінде *качан* түрінде қолданылады. Сонда олардың бірінші бөлігі *ха//һа//қа//ка//қай* (< қан), екінші бөлігі *-чан//сан//шан//чон//жан* сияқты болып келеді. *Қа* — байырғы сұрау мәнді тұлға. Мұның толық түрі *қай* (қан) болса

<sup>161</sup> Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык. П. М., 1952., стр. 299.



керек. Өйткені татар тiлiнде *кайчан*<sup>162</sup> деген толық формада айтылу дағдысы бар. *-Шан* туралы мынадай бағытта айтылған пікірлерді кездестіреміз.

Бірінші, *-шан* формасын *шағын* > *шақ* сөзінен қысқарған форма деп қарау. Бұл пікірді ұсынушы ғалымдар В. Банг (*qai + sagin zu saq* «Zeit»),<sup>163</sup> Г. И. Рамстедт (*qasap* «когда» из *qai + sagin* от *saq* «время»)<sup>164</sup>, Н. К. Дмитриев (из кыай чагын, кай-сағ-ын? — в каку пору)<sup>165</sup>, Н. А. Баскаков (кыа (й) -ша (кыи) н, букв. «каким временем»)<sup>166</sup>, В. Н. Хангильдин (қай-чагын)<sup>167</sup> және Ф. Г. Исхаков (кай чагын)<sup>168</sup> т. б. өз еңбектерінде *-ша* тұлғасын *шағын*, *шақ* сөзінен қысқарған форма деп таниды.

С. Құдайбергенов қырғыз тiлiндегi *қашан* сөзін К. К. Юдахин айтқандай *қа-чен*<sup>169</sup> (*чен* «өлшем» деген мағынада) болуы мүмкін дейді.

С. А. Аманжолов *-шан* тұлғасын *шанда* боп қолданылатын *шан* түбірімен ұштастырады да, «В говоре Аральского района слово *шанда* (когда) вскрывает этимологию слова литературного языка *қашан*, состоящего из *қай-шан* и имеющего одно и то же значение, что *шанда*. Это же самое слово мы видим в парном слове *анда-санда* (иногда), очевидно, у первой половины этой пары начальный звук *ш* выпал, а у второй *ш* перешел в *с*»,<sup>170</sup> — дегенді айтқан.

Бұл екі пікірдің де орны бар. Өйткені *шағын* > *шақ* сөзі де, *шан* (*шанда* сөзі де — мезгілді, уақытты білдіретін, *қашан?* сұрауының негізгі мағынасына лайықты сөздер. Бұлардың тек мағына емес, тұлғалық, қысқа-

<sup>162</sup> В. Н. Хангильдин. Татар теле грамм. Казан, 1954, 155-бет.

<sup>163</sup> W. R a n g. Vom Köktürkischin zum Osmanischen... 27.

<sup>164</sup> Г. И. Рамстедт. Введение... Морфология. М., 1957, стр. 76.

<sup>165</sup> Н. К. Дмитриев. Грамм. кумыкского яз.. М. — Л., 1940, стр. 81; Грамматика башк. яз. М. — Л., 1948, стр. 98.

<sup>166</sup> Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык. II. Фонет. и морфол.. М., 1952, стр. 300.

<sup>167</sup> В. Н. Хангильдин. Татар теле грамм. Казан, 1954, 155-бет.

<sup>168</sup> Ф. Г. Исхаков. Местоимения. ИСГТЯ. II. М., 1956, стр. 243.

<sup>169</sup> С. Құдайбергенов. Кыргыз тилиндеги ат атоочтар. Фрунзе, 1961, 72-бет.

<sup>170</sup> С. А. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, стр. 152.

ру, ықшамдалу іздері де талас тудыра қоймайтын мәселелер сияқты. Осы себептен біз бұл сөздерді түп негізінде бір сөзден тараған, бірақ қалыптасу іздері екі басқа жолмен дамыған формалар деп танымыз. Яғни *қашан* сөзінің құрамындағы *шан* әуелде *шақ* (уақыт, мезгіл) сөзінің көне көмектес (инструментальный) септік жалғауының *-ын* формасын толық қабылдап, *шағын* (<шақ-ын) түрінде қолданылатын болған. Бертін келе, мүмкін ол *қа-* (қай <қан) тұлғасымен қосылып айтылу дәуірінен басталған да болар, *шан* (қа(й < н)шан) формасына көшкен. Демек, бастағы *шақ-ын* сөзінің түбір тұлғасының *қ* дыбысы түсірілген де, *-ын* көмектес септік жалғауынан тек *-н* ғана қалған. Сонда *қашан* сөзінің қалыптасу ізін *қай(<н) -шақ-ын > қайшан > қашан* жолымен пайда болған деуге болады.

9. *Қані?* (қане?) сөзі *қан* (< қа-н) және *-i//e* тұлғаларынан құралған. *Қан* тұлғасы жөнінде *қай?* есімдігін сөз еткенде айтылды. Ал, *-i//e* тұлғалары *міне* (міні), *әне* (әні) сілтеу есімдіктеріндегі *-e//i* тұлғаларымен тектес болу керек. Бұл сөз ескі мұраларда *һаны* (КТб, 9), *qanu* (Hib, 200, w, 52), *qaju* (w, 28, 30, 39; w, 51; suw, 15; M-H, 160<sup>δ</sup> деген сияқты формаларда кездеседі.

## § 5. Өздік есімдіктері

Өздік есімдіктері — өте ерте кезде пайда болған сөздер. Оған негізінде бір ғана өз сөзінен тараған *өзім*, *өзің*, *өзі* сияқты тәуелдік жалғаулы сөздер жатады. Бұл сөздердің тәуелдік жалғаулары олардың бөлінбес бір тұлғасына айналып кеткен, сондықтан әрқашан тәуелдік жалғауларын құрамына ала қолданылады. *Өзім*, *өзің*, *өзі* есімдіктерінің *өз-ім*, *өз-ің*, *өз-і* болып бөлшектелуі және олардың соңғы *-ім*, *-ің*, *-і* бөліктері тәуелдік жалғаулары екендігі — қазір ешқандай күмән келтірмейтін мәселе. Сол сияқты, бұл сөздердің алғы өз бөлшегі бір кездерде жеке қолданылған «сердцевина, сущность, внутренность» деген сияқты дербес мағынадағы сөз болғаны да жұртқа мәлім. Өз сөзінің осы мағынасына қарай П. М. Мелиоранский: «Собственно говоря «өз» не местоимение, а существительное, первоначальное значение которого есть «лучшая часть, сердцевина, сущность»,<sup>171</sup> деп те көрсеткен болатын.

<sup>171</sup> П. М. Мелиоранский. Краткая грамматика казак-киргизск. языка. Ч. I. Фонет. и морфол. СПб., 1894, стр. 42.

И. А. Батманов: «Это местоимение представляет из себя древнее имя «сущность, лучшая часть, сердцевина», утратившее свое самостоятельное значение и употребляющиеся в значении местоимения лишь с притяжательными аффиксами»,<sup>172</sup> — деген болатын.

Өз сөзінің алғашқы мағынасы «внутренность, сущность, сердцевина, самая основа, нутро» деген мағыналар болғаны жөнінде Л. Будагов,<sup>173</sup> В. Радлов<sup>174</sup>, Н. П. Дыренкова,<sup>175</sup> Н. К. Дмитриев,<sup>176</sup> К. Броккельманн,<sup>177</sup> Н. А. Баскаков,<sup>178</sup> және А. Н. Кононов<sup>179</sup> сияқты ғалымдардың еңбектерінде арнайы түрде атап өтілген.

Өздік есімдігі қазіргі азербайжан, құмық, қазақ, ұйғыр, қырғыз тілдерінде өз; татар, башқыр тілдерінде үз; қарақалпақ — *ез*, өзбек — *уз*, және тува тілінде *бот* боп, хакасс — *поз*, ойрат — *бой*, шор — *поз//пой*, алтай тілінде *пой*, түрік тілінде *kendi* түрінде қолданылады. Мұндағы *kendi* сөзін *ken* (пупок)<sup>180</sup> сөзімен байланысты емес пе екен деген пікір бар. Сонда түрік тіліндегі *kendi* қазақ тіліндегі *кіндік* сөзімен тектес болып шығады. Ал, *бот*, *поз*, *пой*, *бой* есімдіктері қазақ тіліндегі *бой* сөзімен тектес. Бірақ бұл сөздер қазақ тілінде өздік есімдіктері боп саналмайды. Қазақ тіліндегі «кіндік» сөзі — адамның, малдың кіндігі деген анатомиялық атау сөз ретінде танылады. Кейде «жер кіндігі» дегендей орталық мағынасында да қолданылады. «Бой» сөзі — адамның денесінің өсіп-жетілу бағытына сай «бойы ұзын», «бойы қысқа» дегендей мағыналарда жұмсалатын атау сөз. «Бой» сөзінің бұл негізгі мағынасы өзге де түрік туыстас тілдердегі

<sup>172</sup> И. А. Батманов. Грамм. кирг. яз., вып. II. Фрунзе, 1940, стр. 54.

<sup>173</sup> Л. З. Будагов. Сравн. словарь турецко-тат. наречий. I. СПб., 1869.

<sup>174</sup> В. В. Радлов. Опыт..., I, СПб., 1893, стр. 1298.

<sup>175</sup> Н. П. Дыренкова. Грамм. шорского яз.. М. — Л., 1941, стр. 100.

<sup>176</sup> Н. К. Дмитриев. Грамм. башкирского яз.. М. — Л., 1948, стр. 105.

<sup>177</sup> С. Броккельманн. Osttürkische Grammatik der Islamischen Literatursprachen Mittelasiens Zweite Lieferung. Leiden, 1951, 85-бет.

<sup>178</sup> Н. А. Баскаков. Каракалп. яз., II, М., 1962, стр. 293.

<sup>179</sup> А. Н. Кононов. Грамм. совр. узбекс. яз.. М. — Л., 1960, стр. 179.

<sup>180</sup> С. Е. Малов. Памят. древнетюркской письм., М. — Л., 1951, стр. 393.

*бот, поз, пой, бой* есімдіктерінің алғашқы мағынасы — «телo, туловище, стан, рост» деген мағыналарға сай келеді.

*Өз, үз, ез, уз* есімдіктері бір кездерде ешқандай тәуелдік жалғауынсыз жеке қолданылған сөз болу керек. Оған, ең алдымен, *өз* сөздеріне үнемі қосылып айтылатын тәуелдік жалғауларының өзі бертін келе пайда болған морфемалар екені дәлел болса, екіншіден, ескі мұраларда кездесетін *өз* сөзінің ешбір қосымшасыз таза түбір күйінде қолданылған формалары да айғақ бола алады. Мысалы: Махмуд Қашкарійде мынадай сөйлемдер бар. *Бу бизнің өз кіші ол* — бу бизнің яқин кишимиз (МК, I, 80). *Тэгмә кіші өз болмас* — хар бір киши узингдай булмайдн (МК, I, 406).

Осындағы *өз* сөздері — формалық жағынан алып қарағанда, ешқандай тәуелдік жалғауынсыз таза түбір есебінде қолданылып тұрған сөздер. Олар тәуелдік жалғауларының қосылып айтылмағандығынан ешбір нұқсан көріп те тұрған жоқ. Ал, мағыналық жағынан алып қарағанда, «жақын» деген мағынаны анық сездіреді. Бұл «жақындық» туыстық жағынан жақындығын да, көңіл жақындығын да қамти алатын ұғым болу керек. Мысалы, алғы сөйлемдегі *өз* сөзі «Бұл біздің жақын кісіміз» дегендей әйтеуір «жақын» мағынасында қолданылып тұрса, екінші сөйлемдегі *өз* сөзі «Әрбір кісі өз (індей) болмас» дегендей «жақын-туысындай» болмас мағынасында қолданылып тұрғанын көреміз. Бұл мақал қазіргі қазақ тілінің айтылу дағдысындағы «Жат жақын болмас» дегенмен мағыналас. Олай болса, *өз* сөзі алғашқы кезеңдерде тұлғалық жағынан ешбір қосымшасыз таза түбір қалпында «өз» формасында айтылатын, ал, семантикалық жағынан «жақын» деген мағынада қолданылған сөз болған деп айтуға әбден болатын сияқты.

*Өз* сөзін сілтеу есімдіктерінің көне сілтеу мәнді *ош//уш* тұлғасымен салыстыра сөз еткен зерттеулер де кездеседі. Мысалы. В. Радлов «Монғолдағы ескі түрік жазбалары» деген еңбегінде жариялаған текстерінің бірінде *азубу* (озу-бу?)<sup>181</sup> деген сөздің кездесетінін айта келе, ондағы *бу* тұлғасы *ош-пу* дегендегі *пу* формасымен тектес екенін айта келе, *азу* (озу?) формасындағы

<sup>181</sup> W. W. Radloff. Die alttürkischen Inschriften der Mongolei. Neue Folge. St. Petersburg, 1897, 74—75.

у тұлғасын VII ғасырларда ізсіз қалыпқа түскен ол есімдігімен тектес деп қарап аз (оз) тұлғасын өз сөзімен алғашқы кездегі түбірлес сөздер деп (ursprüngliche Wurzelverwandschaft) баяндаған.

Дәл осы пікірді А. Н. Кононовтан кездестіреміз. Автор туынды түбір *уша* (< ушал < уш-ул) және *ушбу* (< уш-бу) сілтеу есімдіктерінің құрамын сөз ете келе, ондағы *уш//уш* тұлғалары жөнінде былай дейді: «— элемент *уш, уш*, по-видимому, следует сопоставить со словом ұз «сам», «свой».<sup>182</sup>

С. Құдайбергенов өз сөзін *бой* дегеннен шығарады, сөйтіп оны *мен* жіктеу есімдігімен де байланыстырады. Автор былай дейді: «Бұл етістерді төмендегідей схемамен көрсетуге болады: *бод > бие* дене, организм (тело, организм) > *өз (сам) > мен (я)*»<sup>183</sup>.

Біздің ойымызша, бәрінен де өз сөзін *өре* сөзімен байланыстыра сөз ету әлдеқайда орынды сияқты. «Өресі жетпеді» деген тіркестегі *өре* сөзі — күні бүгінге дейін қазақ тілінде жиі қолданылатын және барлық елге бірдей түсінікті, түп негізінде *бойы* сөзімен мағыналас сөз. Ал, жаңа сөз жасалудағы *p* мен *з* дыбыстарының алмасуы, сондай-ақ, сөздің соңындағы дауысты дыбыстардың түсіп қалып отыруы түрік тілдерінің қайсысына болса да жат құбылыс емес. Тіпті *өз* (< *өре*) сөзінің тәуелдік жалғауынсыз қолданылмау себебінің өзі де осы соңғы дыбыстың орны толмай тұруынан да емес пе екен деген ой келеді.

Өз сөзі ежелгі бір көне заманда белгілі бір субъектінің тұлғасын, мүсінін (қазіргі ұғымдағы «өзін») көрсете қолданылатын сөз болған болу керек. Қазақ тілінде «өзің өз болғалы, етек-жеңің сөз болғалы» деген мақал бар. Осындағы *өз* біреудің белгілі бір тұлғаға ие болып, белгілі мүсінге келуін көрсету мақсатында қолданылып тұр. Сонда «өз болу» белгілі бір тұлға, мүсінге келу, яғни *өз* «ішін» мағынасында қолданылады. Дәл осы мағына ауру адамдар мен есінен танған адамдардың халі жөнінде қолданылатын «өзіне келмей жатыр», «өзіне келгенше» деген сияқты орындарда да аңғарылады. Мұндайда аурудың не есінен тан-

<sup>182</sup> А. Н. Кононов. Грамматика совр. узбекского литер. языка. М. — Л., 1960, стр. 177.

<sup>183</sup> С. Құдайбергенов. Кыргыз тилиндеги ат атоочтар. Фрунзе, 1960, 46-бет.

ған адамның бүтіндік қалпы (өзі) бұзылған, енді сол қалпына (өзіне) келуі керек боп тұрғаны — бұрынғы тұлға, мүсініне қайта оралуы қажет боп отырғаны аңғарылады. Өз сөзінің бұлай қолданылуы ескі мұраларда да *өзі кәтті* — растерялся (О-Н, 72), *өзүна галмак* — притти в себя, очнуться (РСл. I, 1299) сияқты түрде кездесіп отырады. Бұл жерде де өз сөзі кісінің бұрынғы қалпының, алғашқы тұлғасының, мүсінінің бұзылу кезеңдерін көрсетеді.

## § 6. Жалпылау есімдіктері

Жалпылау есімдіктері — түгел дерлік бертін келе пайда болған сөздер. Дәлірек айтқанда, жалпылау есімдіктері — түгелдей өзге сөз таптарына тән сөздерден, яғни жеке сөздердің өзіне тән лексикалық мағыналарынан алшақтай келе, белгілі бір заттар мен құбылыстарды топтай, жинақтай көрсету дәрежесіне түсу нәтижесінде келіп пайда болған сөздер. Бұл заңдылық тіл білімінде прономинализация<sup>184</sup> деп аталады. Бірақ сөздер прономинализацияланғанда, олардың шыққан тегінен әлі де болса, мүлде ажырап, қол үзіп кете қоймағаны байқалады. Оны жалпылау есімдіктерінің қай-қайсысынан болса да анық көруге болады.

1. *Бар* есімдігі, тюркологтардың<sup>185</sup> айтуы бойынша, лексикалық тәсіл арқылы «бар сөзінен («бар», «жоқ» дегендегі) пайда болған. Мысалы: Тамның *бар* қабырғасы тұскиіз, жібек кілеммен қапталған (Әуезов) деген сөйлемдегі «бар» тамда қанша қабырға бар болса, сол қабырғаның бәрін қамтып тұр. Ол қабырғалар біреу, екеу, үшеу де емес, қанша қабырға бар болса, сонша. Демек, *бар* есімдігі бар нәрсенің бәрін толық қамтып, жалпылай көрсетіп тұр. *Бар* есімдігі құмық, қарақалпақ, қазақ тілдерінде *бар*, алтай тілінде *нар* түрінде қолданылады. *Бар* сөзі басқа да жалпылау есімдіктерінің жасалуына негіз болған.

<sup>184</sup> А. Н. Кононов. О прономинализации в турецком языке. Сб. «Вопросы грамматики и истории восточных языков», М. — Л., 1958, стр. 168—196; Грамматика современного узбекского литературного языка. М. — Л., стр. 185; А. Ысқақов. Қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1964, 317—320-беттер.

<sup>185</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика кумыкского языка. М. — Л., 1940, стр. 82; Н. П. Дыренкова. Грамматика шорского языка. М. — Л., 1941, стр. 95; Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык. Ч. III, фонет. и морфол., М., 1952, стр. 292.

2. *Бәрі* деген жалпылау есімдігі *бар* есімдігіне III жақ тәуелдік жалғауын (-i) үстемелеу арқылы пайда болған. Қазақ тіліндегі сөздердің өзгеріске түсудегі өзіндік заңдылығына байланысты, бұл сөз (бәрі) тәуелдік жалғауын қабылдағанда, түбір сөз (бар) жуан буынды болғандықтан, тәуелдік жалғауын да (-ы) жуан түрінде, айталық, *бары*, *барың* сияқты түрде қабылдау керек еді. Бірақ олай емес, *бәрі* боп келеді. Мүмкін, бұл басында осылай да болған болу керек, ал, кейіннен *бар* сөзінің есімдіктер қатарына ауысуы негізінде мағыналық жіктің алшақтау әсерінен айтылу нормасы да өзгеше болып қалыптасуы ықтимал. Ал, түбірдегі *a* дыбысының *ə* болып кетуі осы соңғы *i* дыбысының ықпалына байланысты. *Бәрі* сөзінің ертеде *бары* түрінде айтылу ізі кейбір ескерткіштерде кездесіп қалады. Мысалы: Карлук тірігі *бары* тунгискә кәлтi — Карлуки, сколько их еще было в живых, попали к тюргашам (МЧ, 40), *baru* *все* (Малов. Сл. 1951). *Бәрі* есімдігі қазіргі құмық, қарақалпақ тілдерінде *бәри*, *өзбек* — *бары*, қырғыз тілінде *baarь* болып қолданылады.

3. *Барлық* есімдігі *бар* сөзіне *-лық* аффиксын қосып айту арқылы жасалған. *Барлық* есімдігін «бар» әр тарап сөзінің субстантивтенген «барлық» түрімен («Барлық жақсы ғой, жоқтық жаман» деген сияқты) шатастыруға болмайды.

4. *Барлығы* деген есімдік *барлық* (бар-лық) және *-ы* тұлғаларынан құралған. Мұндағы *-ы* III жақ тәуелдік жалғауы да, *қ* дыбысы *ы* дыбысының әсерінен *ғ* болып айтылып тұр.

5. *Барша* сөзі *бар* және *-ша* аффиксынан құралған. *Барша* қазіргі татар, өзбек тілдерінде *барча*; қарақалпақ, қазақ тілдерінде *барша*; ұйғыр — *barsь*, шор — *парчын* және алтай тілінде *парчан* боп қолданылады.

6. *Баршасы* деген есімдік *барша* және *-сы* III жақ тәуелдік жалғауынан құралған. *Баршасы* қазіргі шор тілінде *парказы* түрінде қолданылады.

7. *Бүкіл* (бүтін) есімдігі — тюркологтардың айтуы бойынша «біт» (бітіру, біту) етістігінің негізгі мағынасынан алшақтай қолданылу негізінде, лексикалық жолмен пайда болған сөз. Мысалы, Н. К. Дмитриев былай дейді: «*бөтә* (весь, целый) этимологически происходит от глагольного корня *бөт* — (расти, выра-

статья, проявляться до конца, кончатся»<sup>186</sup>. Н. А. Баскаков та<sup>187</sup> осы пікірді ұсынады. Бүкіл қазіргі түрікмен тілінде *бутин*; азербайжан, түрік, ноғай, өзбек, құмық тілдерінде *бүтүн*; башқыр — *бөтә*, қарақалпақ — *бютюн*, тува — *будун* және хакасс тілінде *пудун* боп қолданылады. Қазақ тілінде *бүтін*||*бүткіл*||*бүкіл* деген варианттарда қолданылу дағдысы бар.

8. *Күллі* сөзі арап тілінен ауысқан *күллүн* (كۈللۈن) сөзінен пайда болған. *Күллүн* араб тілінде «целое, совокупность» және «весь, вся, все, всякий, каждый» деген мағыналарда қолданылады. *Күллі* қазіргі түрік тілінде *külli*<sup>188</sup>, қарақалпақ тілінде *гюллен* болып айтылады.

9. *Тамам* сөзі де араб тілінен ауысқан, *тамамун*<sup>189</sup> (تامام) сөзінен пайда болған. *Тамам* араб тілінде «полнота, совершенство» және «окончательно, совсем, совершенно, вполне полностью» деген мағыналарда қолданылады. Қазақ тіліндегі *тамам* қолданылуда *күллі*, бүкіл есімдіктерімен мағыналас болып кеткен. Араб тіліндегі мағыналық ізі тек мынадай жағдайларда ғана сақталып қалған. Мысалы: өзге оқуды осыны *атамам* етіп алып ескермекпін; ол кештегі сөзін *тамам* еткен еді (Әуезов).

## § 7. Белгісіздік есімдіктері

Белгісіздік есімдіктері де — бертін келе пайда болған сөздер. Олар негізінде өздерінің негізгі лексикалық мағыналарынан алшақтай келе белгісіз мәнге ауысқан (прономиналданған) және кейбір өзге тілдерден ауысып келген сөздерден құралады. Сонда белгісіз есімдіктердің шығу тегі мен даму жүйесі мынадай болмақ.

1. *Бір* есімдігі сан есім «бір» сөзінен пайда болған. Басында бір ғана зат не құбылысты белгілей алатын «бір» сөзі сөйлемде қолданылу мақсаттарына сай өзі-

<sup>186</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка. М. — Л., 1948, стр. 105.

<sup>187</sup> Н. А. Баскаков. Составные глаголы в каракалпакском языке. Сб. «Вопросы изучения языков народов Средней Азии и Казахстана». Ташкент, 1952, стр. 84.

<sup>188</sup> А. Казем-Бек. Грамматика турецко-татарского языка. Казань, 1839, стр. 129; Арабско-русский сл., М., 1958, стр. 889.

<sup>189</sup> Арабско-русский словарь. М., 1958, стр. 127.



нің бірлік ұғымының үстіне ол заттың сапалық жағын көрсетудің белгісіз болу мағынасын аңғарту функциясын қабылдаса керек. Кейіннен бұл белгісіздік мағына сандық ұғымға қарағанда анығырақ аңғарыла барып, саннан гөрі белгісіз мән басым болу дәрежесіне көшсе керек. *Бір* сөзінің қазіргі белгісіз есімдік ретінде қолданылу дағдысында «бірлік» ұғым қоса аңғарылып отырылады. Бірақ ол сандық ұғым негізгі мағына болып саналмайды. Мысалы: *Күреңкөз қожа Игіліктің ескі бір серігі* (Мүсірепов); *Бір жерің ауырар, байқап көтер!* (Мұқанов) дегенде, бірінші сөйлемде Игіліктің серігінің қандай серік екені, неткен серік екені анық айтылмай, белгісіз қалдырылып отыр да, сонымен қатар серіктің бір ғана адам екені қосыла аңғарылып тұр. Сол сияқты, екінші сөйлемде Ботакөздің қай жері ауыратыны ашық айтылмай белгісіз қалдырылып тұр да, әйтеуір бір жері ауыратыны сандық жағынан «бірлік» ұғымды аңғартады.

2. *Біреу* сөзі *бір* және *-еу* қосымшасынан құралған. *Біреу* де сан есім қатарында қолданылатын «біреу» сөзінен лексикалық тәсіл арқылы ауысқан. Қазіргі татар тілінде *берәу*; ноғай, қарақалпақ тілдерінде *бирев*; өзбек тілінде *бирев* сияқты болып әр түрлі фонетикалық өзгерістерімен ғана айтылады.

3. *Кей* сөзінің шығу тегі туралы белгілі бір пікірді кесіп айту қиын. Сонда да болса, мынадай жорамал ұсынуға болатын сияқты.

Біріншіден, *кей* сөзі *қай* есімдігінің фонетикалық өзгеріске түскен бір түрі емес пе екен деген ой келеді. Оның фонетикалық өзгеріске түсуінің негізгі себебі алғашқы айтылу нормасы *қай* түрінен мағыналық алшақтауға түсудің (проминалданудың) әсері болса керек. *Кей* сөзін *қай* есімдігінен шықты деудің кейбір тілдік фактілерге сүйене алатын орындары бар. Мысалы, қазақ тілінде *кейбірі* деудің орнына *қайбірі* деп *кейбіреулері* деудің орнына *қай біреулері* деп айту дағдысы бар. Сондай-ақ *кей кезде* деудің орнына *қай кезде* деп те айта береді. *Кей* мен *қай* сөздерінің мағыналық алшақтығы, яғни сұраулық мағынадан белгісіздік мағынаға көшу жолы *қай* сұрау есімдігінің қатыстық мағынада қолданылуы негізінде «*Қай күні*

ол маған былай деді» деген сияқты белгісіз мәнде айтылу дәуірін бастан өткізген болу керек, соның негізінде барып қалыптасса керек.

4. Әр есімдігі «həp»<sup>190</sup> деген парсы сөзінен алдыңғы *h* дыбысын түсіріп айту негізінде пайда болған. Бұл заңдылық күншығыс тілдерінен енген сөздердің көбінде кездеседі. Әр қазіргі азербайжан, түрік, татар, башқыр тілдерінде *her*; құмық — *гьар*; ноғай, шор, қырғыз тілдерінде *ар*; қарақалпақ — *хар*, өзбек — *хар* және ұйғыр тілінде *hə(p)* болып қолданылады.

5. Әлде есімдігі араб тіліндегі *illa* (ألی)<sup>191</sup> сөзінің алғы *i* дыбысының *ə* дыбысына және екінші *l* дыбысының *ð* дыбысына алмасып қолданылуы негізінде пайда болған. Әлде араб тілінде «если не, исключая, кроме» деген мағыналарда қолданылады. Әлде сөзінің араб тіліндегі бұл мағынасы тек талғаулы жалғаулықтар есебінде қолданылатын орындарда ғана сақталған. Әлде қазіргі татар, башқыр тілдерінде *əллə*, өзбек тілінде *алла* түрінде қолданылады.

6. Пәлен есімдігі араб тіліндегі «фуләнун» (فولان)<sup>192</sup> сөзінен пайда болған. Пәлен араб тілінде «такой-то» мағынасында айтылады.

7. Бұлардан өзге қазақ тілінде *бір*, *біреу*, *кей*, *әр*, *әлде* есімдіктерінің сұраулы-қатыстық есімдіктері және кейбір белгісіздік есімдіктерімен біріге қолданылуы арқылы жасалынған мына сияқты белгісіздік есімдіктеріне тән сөздер бар: *бірдеңе* (<бір-неңе), *бірнеше* (<бір-неше), *бірнәрсе* (<бір-нәрсе), *кейбір* (<кей-бір), *кейбіреу* (<кей-біреу), *әлдекім* (<әлде-кім), *әлдене* (<әлде-не), *әлденеше* (<әлде-неше), *әлденемеңе* (<әлде-немеңе), *әлдеқай* (<әлде-қай), *әлдеқайда* (<әлде-қайда), *әлдеқашан* (<әлде-қашан), *әлдеқалай* (<әлде-қалай), *әркім* (<әр-кім), *әрне* (<әр-не), *әрқайсы* (<әр-қайсы) т. б.

<sup>190</sup> Н. А. Баскаков. Каракалп. яз. II, фонет. и морф., М., 1952, стр. 293.

<sup>191</sup> Н. К. Дмитриев. Грамм. башк. яз.. М. — Л., 1948, стр. 119; Арабско-русский словарь. М., 1958, стр. 46.

<sup>192</sup> А. Казем-Бек. Грамм. турецко-татарск. яз.. Казань, 1839, стр. 131; Арабско-русский словарь. М., 1958, стр. 781.

## § 8. Болымсыз есімдіктер

Болымсыз есімдіктер — қазақ тілінде ерте заманнан-ақ қолданылып келе жатқанына қарамай, түп негізінде есімдіктен өзге категорияларға тән сөздерден пайда болғаны анық аңғарылады. Кейбір грамматикаларда болымсыз есімдіктердің пайда болу себептері және даму жүйелеріне көңіл бөлу дағдысы кездеседі. Мысалы, Н. К. Дмитриев былай дейді: «...Во многих языках категория отрицательных местоимений или развита сравнительно слабо, или не развита, так сказать, за ненужностью... По нашему мнению, в тюркских языках их не было, и они только начинают вырабатываться (под влиянием русского языка). Главным проводником этого процесса является, несомненно, *нис*, которое и в качестве отдельного слова уже начинает приобретать значение «ничего»<sup>193</sup>.

Бұл жерде болымсыз есімдіктер көптеген тілдерде осал дамыған деген пікіріне қосылуға болар еді. Өйткені біраз түрік тілдерінде, әсіресе хакасс, тува, якут тілдерінде, болымсыз есімдіктер тек *да, де, даа, дее, дағаны* қосымшалары (частица.— Л. Н. Харитонов) арқылы ғана жасалады. Мысалы, хакасс тіліндегі *кем дее* — никто, *ниме дее* — ничто, *хайдаг даа* — никакой, *хачан даа* — никогда;<sup>194</sup> якут тілінде *ким дағаны* — никто, *ханник да* — никакой, *тугу дағаны* — ничего, *хайдах да* — никакого<sup>195</sup> т. б.

Ал, автордың болымсыз есімдіктер түрік тілдерінде болмаған, оның бастаушысы «нис» сөзі деген пікірі біраз ойлануды қажет етеді. Себебі болымсыз есімдіктердің пайда болуын парсы тілінен ауысып келген болымсыз мәнді *еш* (عش) сөзімен байланыстыру кішкене ыңғайсыздау көрінеді. Олай дейтініміз түрік туыстас тілдердің өзіне тән *ни-, -не, дэ, -да, де, даа, дее, дағаны* сияқты қосымшалар арқылы жасалатын болымсыз мәнді төл сөздері, айталық, чуваш тіліндегі *никам* — никто, *нимен* — ничто т. б., қазақ тіліндегі *дәнеңе, қазақ, башқыр, қарақалпақ, татар, азербай-*

<sup>193</sup> Н. К. Дмитриев. Грамм. башк. яз.. М. — Л., 1948, стр. 109.

<sup>194</sup> Н. П. Дыренкова. Грамматика хакасского языка. Фонет. и морфол. Абакан, 1948, стр. 48.

<sup>195</sup> Л. Н. Харитонов. Современный якутский язык. Фонет. и морфол. Якутск, 1947, стр. 164.

жан т. б. тілдердегі *бір де* (бір) және жоғарыда аталған хакасс, тува, якут тілдеріндегі *кем дее, кым даа, ниме дее, чу даа, ким дағаны* т. б. сияқты сөздері толып жатыр. Бұл сөздер, сөз жоқ, түрік тілдерінің өз төл сөзі де, «еш» сөзіне қарағанда әлдеқайда жасы үлкен. Оның үстіне, түрік тілдерінің ішінде, «еш» сөзінің кірікпеген тілдері де бар. Бұған якут, тува, хакасс тілдерін-ақ алуға болады. Оларда болымсыз есімдіктері «еш» сөзінсіз-ақ жасалады. Одан келетін ешқандай нұқсан да жоқ. Міне, осы жағдайлар есімдіктердің болымсыз мәнді амалы ертеден-ақ бар болғанын аңғартады.

Ал, кейбір тілдерде, әсіресе қазақ тілінде, *еш* сөзінің қазіргі дәуірде көне құбылыстарды ығыстырып бара жатқанын, олардың қолданылу өрісін өзіне игеріп ала бастағанын сөз ететін болсақ, онда мәселе басқаша болар еді. Шынында, болымсыз есімдіктердің қазіргі кезде қолданылу дағдысында «дәнеңе» деудің орнына «ештеңе» деп, «бірде-бір» деудің орнына «еш-бір» деп айтуды қолайлы көреді. Бірақ бұл жағдай қайткенде де «еш» сөзінің болымсыз есімдіктер жасау амалының бастаушысы болды деуге негіз бола алмайды, қайта керісінше бұрын бар амалды жаңаша түрде ығыстыру амалының бір айғағы ғана. Болымсыз есімдіктеріне тән сөздердің шығу тегі мынадай болмақ.

1. Түрік тілдерінің лексикасында араб-парсы тілдерінің тікелей қарым-қатнасының нәтижесінде ауысып келген сөздер жиі кездеседі. Міне, осындай сөздердің бірі — парсы тілінен ауысқан «еш» сөзі. *Еш* парсы тілінде анықтау (определ.) есімдіктері қатарында аталады. Бірақ онда *еш* сөзінің болымсыз мәнді есімдік екендігі арнайы түрде ескертіледі. Мысалы, Н. Березин құрастырған «Парсы тілінің грамматикасында» анықтау есімдіктері тобында او — он (-а, -о) және خود — сам (-а, -о) сөздері аталумен қатар мынадай жағдай еске салынады: «Кроме этих определительных местоимений находится в персидском еще два вида определительных местоимений: положительный *هر* каждый, отрицательный (*هیچ*) (*ایچ*), никакой. Эти местоимения, когда стоят без имени существительного, изменяются только по падежам, с именами же существитель-

ными не подвергаются никаким изменениям, потому что ставятся впереди их»<sup>196</sup>.

Бұдан, ең алдымен *еш* сөзі парсы тілінің өзінде болымсыз мәнде қолданылатын есімдік екенін көреміз. Осы болымсыз мәнді *еш* сөзі қазақ тіліне ауысқанда да сол ежелгі болымсыз қалпын сақтап, тек қана жеке айтылу емес, сонымен бірге *ешбір*, *ешқандай* сияқты атрибутивтік болымсыз есімдіктердің жасалуына себепкер болады.

2. *Түк* сөзі адамның, малдың т. б. тірі жәндіктердің төніне, денесіне шығатын өте нәзік уақ қылшықтар, жүндер дегенді білдіруші «түк» сөзінен пайда болған. «Түк» — өзге түрік тілдерінде де осы мәнде қолданылатын сөз. Мысалы, қырғыз, өзбек, ұйғыр, қарақалпақ тілдеріндегі *түк*; тува тіліндегі *дук*, татар тіліндегі *төк* т. б.

3. *Дым* сөзі не құрғақ деп айтуға, не су деп айтуға келмейтіндей болып, белгілі бір заттың болар-болмас қана сулану дәрежесіне түсуінің атауы «дым» (дымқыл) сөзінен пайда болған. «Дым» өзге түрік тілдерінде де осы «влага, сырость» мәнінде қолданылады. Мысалы, башқыр, татар, қарақалпақ тілдеріндегі *дым*; түрікмен тіліндегі *нем*; ұйғыр тіліндегі *нәм*; қырғыз тіліндегі *ным//ым* т. б.

Міне, осы *түк* пен *дым* сөздері сөйлеу қажеттігіне сай қолданылу ретіне қарай, өзіне тән реальдық мағыналарын осалдату негізінде есімдік сөздер мағынасына ие болған. Былайша айтқанда, *түк* пен *дым* сөздері өзінің негізгі лексикалық мағыналарынан айрылып, тиянақсыз жалпылық мағынадағы *ешнәрсе*, *ештеңе*, *дәнеңе* сияқты болымсыз есімдіктер дәрежесіне ауысып, солармен мәндес қалыпқа түскен.

*Түк* пен *дым* сөздерінің болымсыз есімдіктер қатарына ауысуының негізгі себептерінің бірі олардың лексикалық мағыналарының өзі болмашы ғана уақ затты білдіруінен де болса керек. Мысалы, көлемді, көзге көрініп, қолмен ұстарлықтай зат түгіл, *түк те* немесе *дым да* жоқ деген сияқты.

4. *Дәнеңе* сөзі *дә* және *неңе* тұлғаларынан құралған. Мұндағы *неңе* сөзі туралы сілтеу, сұрау есімдік-

---

<sup>196</sup> Грамматика персидского языка, сост. Н. Березиним. Казань, 1859, стр. 90.

терінің тұсында айтылды. Ал, *дә*- тұлғасының пайда болу жүйесі туралы мынаны айтуға болар еді.

Біріншіден, *дә* — тұлғасын туыстық атаулар қатарында қолданылатын атадан-атаға ауысып, үрім-бұтақты қуалай келе жатқан «немене» (не-мене) сөзіндегі *не*- тұлғасымен ұштастыруға болатын сияқты. Мысалы, ата қуып санағанда, егер әкеден төмен қарай түсетін болсақ:

1) *Әке* өзі болады да, 2) өз баласы өзіне — *бала* болады, 3) баласының баласы — *немере* болады; 4) немеренің баласы — *шөбере* болады; 5) шөберенің баласы — *немене* болады.

Бұдан ары атаудың өзі де бітеді. Сонда бұл «немене» деген кім? «Немене» деген енді «әкеге» дәнеңе де емес, оның жақындық туыстығы болмашы ғана, жоқ есебінде, яғни ол енді бастағы тарған «әкеге» түк те емес, ешкімде емес деген сөз. «Немене» бұл жерде *дәнеңе*, *ештеңе*, *түк* сөздерімен мағыналас болымсыз мәнде қолданылып тұрған сөз ретінде көзге түседі. Демек, «немене» сөзіндегі *не* қосымшасын «дәнеңе» сөзіндегі *дә* қосымшасымен тектес, негіздес, соның бір варианты деп есептеуге болады.

Екіншіден, бұл *дә*- тұлғасын, *немене* сөзіндегі *не*-тұлғасын еске ала отырып, чуваш тіліндегі болымсыз есімдіктер тудырушы *ни* қосымшасымен ұштастыруға болады. Чуваш тілінде болымсыз есімдіктер тек *ни* (частица) арқылы ғана жасалады. Мысалы: *нимен* — ничто, *никам* — никто, *нименлә* — никакой, *никаман* — ничей (р. п. нимак)<sup>197</sup> т. б. Осындағы *ни* — қосымшасы түп негізінде қазақ тіліндегі *дә*, *не* қосымшаларымен тектес, бірақ әр тілдің өз ерекшелігіне байланысты айтылу жүйелерінің өзгеше болып келетіндігінен дыбыстық алмасуға ( $d > n$  немесе  $n > d$ ,  $i > e$  немесе  $e > i$ ) ұшыраған тұлға болу керек. Мұндай дыбыстық алмасулар — түрік тілдері арасында өте жиі кездесетін заңды құбылыс.

Ал, енді осы *дә*, *не* қосымшалары неден пайда болған, бұлар қайдан шыққан қосымшалар деген мәселеге келетін болсақ, ол жөнінде мынадай жорамал ұсынуға болатын сияқты.

Түрік тілдерінде «влага», «сырость» деген мағына-

<sup>197</sup> Н. А. Резюков. Очерки сравнительной грамматики русского и чувашского языков. Чебоксары, 1954, стр. 83.

да қолданылатын лексикалық тәсілмен болымсыз есімдіктер қатарына ауысқан «дым» сөзі бар екенін айттық. Міне, осы «дым» сөзін біз *дә, не-* болымсыз қосымшаларының ежелгі түп негізі болуы мүмкін деп ойлаймыз. «Дым» сөзі түрік тілдерінде әр түрлі болып айтылады. Мысалы: қазақ, қарақалпақ, башқыр, татар тілдерінде *дым*; өзбек тілінде *дим*; түрікмен тілінде *нем*; қырғыз тілінде *ным*; чуваш тілінде *ним* т. б.<sup>198</sup>. Бұларды негізгі екі жүйеге бөлуге болады: 1) *дым//дим*; 2) *ным//ним//нем*. Олай болса, осы екі жүйені болымсыз мәнді қосымшалардың екі түріне теңдеуге келетін орны бар. Солай еткенде, *дым//дим* түріне *дә-*, *ным//ним//нем* түріне *не-* қосымшасы тән болып шығады. Демек, бұл қосымшаларды әуелгі «дым» сөзінің соңғы *м* дыбысының түсіп қалуы негізінде *дым//дим* > *ди-//дә*; *ным//ним//нем* > *не-* сияқты жолмен өзгеріске түсіп қалыптасқан деп айтуға болады.

«Дым» сөзінің бұлайша өзгеріске түсу ізін қазіргі түрік тілдерінің біразынан кездестіруге болады. Мысалы, қарақалпақ тіліндегі *дәннеңе* — *ничего, дәннеңе жоқ* — *ничего нет*<sup>199</sup> дегенді алайық. Бұл *дәннеңе* сөзі әуелде *дым-нәнңә* болып, кейіннен соңғы *нәнңе* сөзіндегі *ә* дауысты дыбысының әсерінен (регрессивтік ассимиляция жолымен) *ы* дауысты дыбысы *е* дыбысына (*ден-нәнңә*) ауысып, сол сияқты *нәнңе* сөзіндегі *н* дыбысының әсерінен (бұл да регрессивтік ассимиляция жолымен) *м* дыбысы *н* дыбысына (*ден — нәнңе*) айналса керек. Сонда, бастағы *дым-нәнңе* сөзі *дым-нәнңе* > *дәм-нәнңе* > *дән-нәнңе* сияқты өзгерістерге түсу арқылы қазіргі айтылу нормасына жетіп қалыптасқан деуге болады. Ал, қазақ тіліндегі *дә-неңе* болымсыз есімдігін алатын болсақ, оны *дән* (< *дым*) сөзінің соңғы *н* және *неңе* сөзінің алғы *н* дыбыстарының сіңісуі арқылы

<sup>198</sup> Каракалпакско-русский словарь. Под ред. Н. А. Баскакова. М., 1958, стр. 184; Русско-башкирский словарь. Под ред. Н. К. Дмитриева. М., 1948, стр. 84; Русча-татарча сузлек. 2-басмачи. Казан, 1940, 70-бет; Узбекско-русский словарь. Гл. ред. А. К. Боровков. М., 1959, стр. 128; Русско-туркменский словарь. Под ред. Н. А. Баскакова и др. М., 1956, стр. 71; Русско-киргизский словарь. Под ред. К. К. Юдахина. М., 1957, стр. 83; Проф. Н. И. Ашмарин. Словарь чувашского языка, вып. IV, н-ң-п. Чебоксары, 1935, стр. 23.

<sup>199</sup> Каракалпакско-русский словарь. Под ред. Н. А. Баскакова. М., 1958, стр. 163.

*дән-неңе* > *дә-неңе* жолымен пайда болған сөз деп та-  
нуға болады.

Екіншіден, чуваш тіліндегі *нимен* (ним-мен — нич-  
то, ничего; *нимен тума та сук* — ничего нельзя поде-  
лать<sup>200</sup> дегендегі болымсыз есімдік те әуелде *ним-нен*  
(<нән) сияқты сөздерден құралып, кейіннен *ним-ен*  
формасына түсіп қалыптасқан деп жорамалдауға бо-  
лар еді. Осы сөздегі екінші бөліктің (-ен) әуелде дәл  
осы күйіндегі морфема болмағанын оның *е* дыбысы-  
ның созыңқы айтылуының өзінен-ақ анық аңғаруға  
болады.

Осы жүйемен *ним* сөзін, түрікмен тіліндегі *нем*  
тұлғасын еске ала отырып, қазақ тіліндегі *не-* қосым-  
шасымен («немене» дегендегі) ұштастыруға болатын  
сияқты. Сонда қазақ тіліндегі *не-* басында *ним//нем*  
болып, кейіннен *неңе* сөзімен біріге қолданылуда *м*  
дыбысының әсерінен (прогрессивтік ассимиляция жо-  
лымен) *н* дыбысы (*неңе*) *м* дыбысына (*нем-неңе*) ауы-  
сып, ол *м* дыбысы өз кезегінде *ң* дыбысын (*неңе*) *н* ды-  
бысына ауыстырған (*нем-мене*), одан соң екі *м* дыбыс-  
тарының сіңісу жолымен *немене* (<нем-мене) сөзі қа-  
лыптасып шыққан деп ойлауға болады.

*Дым* сөзінің қазақ тілінде өте сирек қолданылуы-  
ның өзі де оның негізінде болымсыз мәнді қосымша-  
лар дәрежесіне ауысып кеткендігінен болар деп те  
жорамалдау жүйелі сияқты.

5. *Бір де* болымсыз есімдігі шығу тегі жағынан сан  
есім *бір* және *де* шылауларымен ұштасады. *Бір* — жар-  
ты, ширек және ондық, жүздік т. б. бөлшектерді еске  
алмағанда, санаудың ең соңғы шегі, ұсақ бөлімі болып  
саналады. Міне, сол санның шектік ұсақ бөлімі деген  
ұғым *де* шылауының көмегі арқылы болымсыз мәнге  
ие болып, ол болымсыз мән кейіннен бірте-бірте бо-  
лымсыз есімдіктермен мәндес дәрежеге түсіп одан бо-  
лымсыз есімдік пайда болған болу керек.

6. Бұлардан өзге қазақ тілінде *ешкім*, (<еш-кім),  
*ештеңе* (<еш-теңе <неңе), *ешнәрсе* (<ешнәрсе), *еш-  
бір* (<еш-бір), *ешбіреу* (<еш-біреу), *ешқайсы* (еш-қай-  
сы), *ешқандай* (<еш-қандай) деген сияқты *еш* сөзімен  
бірігіп жасалған толып жатқан болымсыз есімдіктер

---

<sup>200</sup> Н. И. Ашмарин. Словарь чувашского языка, вып. IX,  
н-ң-п. Чебоксары, 1935, стр. 267.



бар. Олардың құрамдық тұлғалары өз-өзінен-ақ анық көзге түсіп тұрады.

\* \* \*

Сонымен, жоғарыда келтірілген материалдар жүйесін жинақтап айтсақ, мынадай қорытынды жасауға болар еді.

Жұртқа белгілі, сөз таптары тарихи категориялар қатарына жатады. Тарихи категория болғандықтан, олар сан және сапа жағынан үнемі өзгерістерге түсіп отырады. Есімдіктер табиғатынан да біз осы заңдылықты көреміз.

Тіл мамандарының айтуына қарағанда, тілдің даму тарихының алғашқы кезеңінде сөздер қазіргі күндегідей болып таптастырылып, жіктері ажыратылмаған. Сөз таптарының танылып жүрген қазіргі түрлері — тілдің даму процесінің бергі дәуірлерінде пайда болған категориялар. Міне, сол категориялардың бірі — есімдіктер категориясы.

Есімдіктер — адам баласының көптеген ұғымдарды тез және қысқа түрде жеткізу әрекетінде, сөздерді орынсыз қайталай бермеуге және өз сөздерін ықшамдап жеткізуге әрекеттену негізінде келіп пайда болған сөздер. Бұл жөнінде орыстың ұлы ғалымы М. В. Ломоносов: «Множество понятий и поощрение к скорому и краткому их сообщению привело человека нечувствительно к способам, как бы слово свое сократить и выключить скучные повторения одного речения»<sup>201</sup>, — деген болатын.

Есімдіктердің әрқашан белгілі бір заттың, сан-сапа, құбылыстың, іс-әрекет және кейбір ойлардың орнына, оларды қайта қайталап жатпау үшін белгілі бір ғана сөзбен ауыстыра, алмастыра ықшамдай айтылатын сөздер екені қазақ тіліндегі есімдіктердің сөйлемде қолданылу жүйесінде өте айқын көрініп отырады.

Есімдіктер қазақ тілінің сөздік құрамында сонау көне заманнан бері қолданылып келе жатқан, демек, оның негізгі сөздік қорының құрамынан тиянақты орын алған байырғы сөздердің қатарына жатады. Әрине, есімдіктердің көне замандағы тұлғалық және мағыналық та түрлері мен қазіргі қолданылу дағдысын-

<sup>201</sup> М. В. Ломоносов. Полное собрание сочинений. Изд. во, АН СССР, 1952, т. VII, §42.

дағы нормалық шегін бірдей деп айтуға келмейді. Тілдің даму тарихының алғашқы кезеңінде қай сөздің болса да түр-тұрпаты дәл қазіргідей болмағаны сияқты, есімдіктердің де түр-тұрпаты тіпті басқаша, сан жағынан да шағын сөздер болған. Бертін келе ол сөздер форма жағынан көптеген өзгерістерге еніп, мағыналық, неше алуан құбылыстарға көшу және көптеген жаңа сөздердің пайда болуы негізінде сан жағынан да, сапа жағынан да байып өрістеген.

Мысалы, алғашқы кезде есімдіктер қазіргі кезде жеке қолданылмайтын, бірақ есімдік сөздердің құрамындағы жігі анық сезіліп тұратын *бі-, ме-, ос-, ан-, қа-, кі-* сияқты көне түпкі түбір сілтеу, сұрау мәнді тұлғалардың бертін келе *біз, мен, осы, қай, кім* сияқты сөздерге ауысуы; одан соң *қайсы, ана, мына, қане* сияқты құрамы жағынан күрделі сөздердің пайда болуы; сол сияқты, өзге сөз таптарынан *бір, біреу*, өзге тілдерден *еш, әр, әлде* сияқты сөздердің ауысып келуі; сөздердің өзара бірігіп не қосарлана айтылуы арқылы *ешкім, әркім, әлдене, кімде-кім, бірде-бір* т. б. тәрізді сөздердің пайда болуы, әрине, есімдіктердің үнемі даму, баю жолымен бір сападан екінші сапаға көшіп отырғанын толық аңғартады.

### ЕСІМДІКТЕРДІҢ СЕПТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕН

Септік жалғаулары негізінде зат есім, есімдіктер, тұйық етістіктер және субстантивтенген (заттық ұғымда қолданылған, заттанған) сын есім, сан есім, есімше сөздерге жалғанады. Бұл аталған сөз таптары мен грамматикалық категориялардың қай-қайсысына болса да септік жалғаулары әрқашан біркелкі формада, бірыңғай жүйемен жалғанып отыратыны мәлім. Бірақ соған қарамай, есімдік сөздердің септелуінде, әсіресе, жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелуінде, септеу жүйесінің жалпы заңдылығынан біраз ауытқып кететін орындары бар. Бұл ерекшеліктер негізінде есімдіктердің бойында көне формалар мен көне грамматикалық көрсеткіштердің молырақ сақталып қалуымен тікелей байланысты.

Жіктеу есімдіктерінің көпше түрінің септелуінде ешқандай ерекшелік жоқ, негізгі ерекшеліктер тек жекеше түрінің септелуінде кездеседі. Мысалы:

	Мен	Сен	Сіз	Ол
Атау	мен	сен	сіз	ол
Ілік	менің	сенің	сіздің	оның
Барыс	маған	саған	сізге	оған
Табыс	мені	сені	сізді	оны
Жатыс	менде	сенде	сізде	онда
Шығыс	менен	сенен	сізден	онан, одан
Көмектес	менімен	сенімен	сізбен	онымен

Осы келтірілген кестедегі *сіз* сөзі зат есімдердің септелу жүйесіндегі септік жалғауларының жалғану ретімен септелген болса, онымен салыстырғанда *мен, сен, ол* есімдіктерінің септелу жүйесінде біраз ерекшеліктер бар. Ол ерекшеліктер негізінде бес түрлі:

1) ілік, барыс, табыс, шығыс септіктерінде түбір сөздің соңғы *н* дыбысының түсіп қалуы;

2) *мен, сен* түбірлерінің барыс септігінде *ма* (н), *са* (н) болып өзгеріске түсуі;

3) барыс септігінің *-ған* формасында келуі;

4) көмектес септігінде *-ы, -і* дыбыстарының пайда болуы;

5) *ол* есімдігінің соңғы *л* дыбысының септік жалғауларын қабылдауда *н* дыбысына айналуы.

Ілік, барыс, табыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі *-н* дыбысының түсіп қалуы не сақталуы жөнінде ғалымдар арасында көптеген пікірлер бар. Ол пікірлерді жүйелей келгенде, негізгі үш салаға бөлуге болады. Бірінші — *мен, сен, ол* (ан) сөздерінің соңғы *-н* дыбыстары қосымшалар қатарына ауысып кетеді деген пікір, екінші — *мен, сен, ол* (ан) сөздерінің соңғы *-н* дыбысы түсіп қалады деген пікір, Үшінші — *мен, сен, ол* (ан) сөздерінің соңғы *-н* дыбысы түбірде сақталып отырылады деген пікір.

Бірінші, *мен, сен, ол* (ан) сөздерінің соңғы *-н* дыбысы септелгенде қосымшалар қатарына ауысып кетеді деген пікірді қолдаушылар В. А. Богородицкий және В. Бангнан бастап М. Рясяненге дейінгі шетел ғалымдары.

Екінші, *мен, сен, ол* (ан) сөздерінің соңғы дыбысы *-н* түсіп қалады деген пікірді қолдаушылар — түрік

тілдерінің көптеген мамандары және түгел дерлік қазақ тілінің мамандары.

Үшінші, *мен, сен* сөздерінің соңғы *-н* дыбысы түбірде сақталып отырылады деген пікірді ұсынушы — Н. К. Дмитриев.

Септік жалғаулары мен *-н* дыбысы жайлы бұл келтірілген пікірлердің ішінде, ғалымдардың басым көпшілігі мақұлдап отырғанындай, *н* дыбысының қысқартылу, ықшамдалу (редукция) негізінде түсіп қалатындығы дұрыс екендігі анық байқалады. Ол үшін мынадай дәлелдерді келтіруге болады.

*-н* дыбысының қазақ тіліндегі ілік, барыс, шығыс, табыс септік жалғауларында түсіп қалуы, біріншіден, қазақ тілінің өз жатыс септігіндегі *менде, сенде, онда* сөздерінде сақталып отырылатын *-н* дыбысынан айқын көрінеді. Екіншіден, өзге түрік тілдеріндегі басқа да септіктерде сақталып отырылатын *-н* морфемасынан анық сезіледі. Дәлел келтіріп байқайық.

а) барыс септігі қазіргі өзбек тілінде *менга, сенга, унга*; ұйғыр тілінде *униңға* боп айтылса ескі қолжазба мен ескерткіштерде *мэнгэ* (О-Н, 21, III-IV), *сэнгэ* (О-Н, 22, V-VI) түрінде жалғанады. Бұл сөздердің бәрінде де *н* дыбысының сақталып отырғанын көреміз. Сол сияқты ескерткіштерде жиі кездесетін *маңа* (КВ, II, 48, 53), *мәңа* (МК, I, 191, 192, 193, 194), *саңа* (Тон, 32; КВ, II, 49; КВ, II, 15, 53, 54, В, 12, 31), *аңа* (Сув, 624; ЯЖУ, 16) деген сияқты сөздерде *н* мен *ғ* дыбыстарының ара қатысынан пайда болған *ң* дыбыстарының болуы да түбір сөздердің соңында *н* дыбысының сақталып отырғанын байқатады. Бұларға қарап, бір кездерде қазақ тілінің жіктеу есімдіктерінің түбірінде де *н* дыбысы сақталғаны, бірақ оның кейінгі кезде түсіріліп қолданылу дағдысына айналғаны сезіледі.

ә) шығыс септігінің қазіргі түрікмен, түрік тілдерінде *бенден, сенден, ондан*; гагауз, караим тілдерінде *бэндэн, сэндэн, ондан*; құмық, қарачай, қырғыз тілдерінде *менден, сьенден, андан*; татар тілінде *миннэн, синнэн, аннан*; өзбек тілінде *мендан, сендан, ундан*; тува тілінде *мэннэн, сэннэн, оннан*; хакас тілінде *миннень, синнень, аннань* және ұйғыр тілінде *мениңдин, сениңдин, униңдин* боп айтылуы, сол сияқты ескі қолжазбалар мен ескерткіштерде *мэндэн* (МК, I, 181, 267), *мэндін* (МК, I, 207, 222), *сэндэн* (О-Н, 21, IX), *ан-*

дун В, 28; О-Н, 4), *андан* (МК, I, 150, 228; ЯЖУ, 16), *андін* (МК, I, 361, 377) деген сияқты *н* дыбысын сақтай қолданылуы, әрине, қазақ тілінде де бір кезде *н* дыбысының түсірілмей айтылғандығын аңғартады. Оның үстіне, барлық түрік тілдерінде жатыс септігінде барлық дыбыстың сақталып отырылуы да осыны мақұлдайды. Бұған қосымша кейбір ескерткіштерде ілік септігінің *мәннің* (О-Н, 21, II-III), *сәннің* (О-Н, 22, II-III) боп қолданылған дағдылары да кездеседі. Демек, бұл фактілер қазақ тіліндегі *мен, сен, ол* жіктеу есімдіктерінің септелу жүйесінде қысқарта, ықшамдай айтылу бағытында, *мәннің* > *мә-нің*, *сән-нің* > *сә-нің* деген сияқты *н* дыбысының түсіп қалғанын толық дәлелдей алады.

Септеу үлгісіндегі екінші ерекшелік — *мен, сен* есімдіктерінің барыс септігінде *ма-, са-* болып өзгеріске түсуі. Мұның негізгі себебін *мен, сен* есімдіктерінің тарихи шығу төркінімен байланысты, яғни олардың ертеректегі көне қалыптарын бойында сақтағандық дағдыларымен байланысты сөз еткен жөн болады. Мысалы, қазақ тіліндегі *мен, сен* есімдіктері туыстас түрік тілдерінде, айталық, гагауз, қараим, ноғай, тува тілдерінде *бән, мән, сән*, орхон-енисей ескерткіштерінде *мән, сән* және X-XIII ғасыр түрік текстерімен Орта Азия тәфсирлерінде *мән, мән, сән, сән* болып келеді. Бұған қарағанда түрік тілдерінде *мен, сен* сөздерінің көне түбір морфемалары бір кездерде *ма-, са-* формасында қолданылғаны анық сезіледі. Демек, қазақ тіліндегі *мен, сен* жіктеу есімдіктерінің септелу жүйесінде ерекшеленіп отырған бұл өзгешелік те осы сөздердің көне тарихымен тығыз байланысты қаралғаны жөн. Жалпы алғанда, барыс септігі қазақ тіліндегі есімдіктердің септелу жүйесіндегі көне дағдылар мен формалардың ұясы, солардың қорланған орны есебінде көзге түседі.

Септеу үлгісіндегі үшінші ерекшелік — барыс септігінде *н* дыбысының пайда болуы. Барыс септігі қазіргі түрікмен, түрік тілдерінде *-на*; азербайжан *-нә*; гагауз, караим, карачай, татар, ноғай, ұйғыр тілдерінде *-на*; башқыр, тува тілдерінде *-ңә*, құмық, ноғай, хакас, қырғыз тілдерінде *-ға*; өзбек, шор тілдерінде *-га*; ойрот *-ге*; қарақалпақ, қазақ тілдерінде *-ған*; құмық *-ғар*; алтай тілінде *-а//е* боп келеді. Ал, ескі қолжазба-

лар мен ескерткіштерде *бәнгә* (О-Н, 20, VII-VIII), *мәңә* (МК, I, 195, 210, 212), *саңар* (Н, 54; В, 31), *саңа* (Тон, 32; КВ, II, 15), *сәңа* (МК, I, 372), *аңару* (Тон, 20), *аңар* (Н, 42, 44; В, 24, 28; КВ, II, 43, 46), *мәә* (ОИУ, § 49) дегендей түрлерде кездеседі.

Барыс септік жалғауының түрлері мен даму жүйесі жайлы мынадай пікірлер мен ескертулер кездеседі. Мәселен, «Алтай тілі грамматикасында» қазан татарларының жіктеу есімдіктерін септеудегі ерекшеліктер есебінде *ол* сөзінің барыс септіктегі *аңар*<sup>202</sup> формасы келтіріледі. Н. К. Дмитриев құмық тіліндегі *магза*, *сагзе* дегендегі *гз* дыбысы *н-г* дыбыстарынан шыққан, ал, *магза* дегендегі *гза* түбірдегі *е* дыбысына регрессивтік ассимиляция жолымен әсерін тигізуші *-гзар* аффиксінен *мен + гзар > мангзар > мангза > магза*<sup>203</sup> — жүйесімен пайда болған деп көрсеткен. Сөйтіп бұл көне аффикстің құмық тілінде III жақ *огзар* сөзінде сақталып отырғанын атап өткен. Ал «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында бұл *-ған* жалғауын «нағыз ескі (көне) қосымшаның қалдығы болуға тиіс»<sup>204</sup>, — деп көрсетілген.

Э. В. Севортян «Септеу категориясы» деген еңбегінде: «Аффикс *-ған* двухсоставный: *га + н*, где *-н* представляет собой, повидимому, тот же элемент *-н*, что и в личных местоимениях *мә + н*, *сә + н*, *о + н*, и по мнению некоторых исследователей является остатком особого пространственного падежа»<sup>205</sup>, — деп жазды.

Ф. Г. Исхаков барыс септігінің *-ған* аффиксінің соңғы *н* дыбысы туралы: «возможно, по-нашему, три варианта объяснений: 1) *-ған < -ғар*; 2) *оған «ему» < <онға: н и ғ* путем метотезы поменялись местами; 3) *оған «ему» оға < оғар*»<sup>206</sup> — деген жорамалдарды ұсынды.

Ал, шетел ғалымдары арасында кең тараған пікір — барыс септігінің *маңар*, *саңар* түрі *мән + ғару*,

<sup>202</sup> Грамматика алтайского языка. Казань, 1861, стр. 43.

<sup>203</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика кумыкского языка. М. — Л., 1940, стр. 77.

<sup>204</sup> Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 165—166-беттер.

<sup>205</sup> Э. В. Севортян. Категория падежа. ИСГТЯ. Ч. II. М., 1956, стр. 50.

<sup>206</sup> Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч. II, морфология. М., 1956, стр. 223.

сан + ғару (Рамст, Морфол, § 9; Рясян. Морфол. 14) көне формаларынан қысқарған деген пікір. Қазақ тіліндегі маған, саған формаларын Рясянен (Räsän. Morphol. 14) шалғай метотезис деп таниды да, В. Бангтың (Bahg, Kosm. I, 7) пікірінше бұл форма көне ан, н аллатив боп саналады.

Бұл келтірілген пікірлерді жүйелей келгенде, негізінде үш салаға топтауға болатын сияқты. 1) Барыс септік жалғауы басында -ғару болған да, кейіннен -ғар формасына түсіп, одан -ған түріне ауысқан. Сонда -ғару > -ғар > -ған боп қалыптасқан. 2) Барыс септік жалғауының соңғы н дыбысын ингредиент деп тану, Бұл негізінде оғар > оға > оған дегенге тура келеді. 3) Шалғай метотезис арқылы н және ғ дыбыстарының орын алмасуы, яғни онға > оған боп қалыптасу.

Бұл пікірлердің қай-қайсысы болса да айтушы үшін орынды да, белгілі дәрежеде тілдік фактілерге арқа сүйей айтылған пікірлер. Бірақ соның өзінде де н дыбысын ингредиент деп тану немесе шалғай метотезис деп қарау ыңғайсыз сияқты көрінеді. Өйткені интредиент деп танылатын мен, сен, ол сөздерінің соңындағы -н өзінің шығу тегі, белгілі бір ізі бар дыбыс боп саналады. Ал -ған дегендегі н мүлде басқаша. Екінші, қазақ тіліндегі метотезис — әдетте көрші екі дыбыстың орын ауысып (түпкір//түпкір, әпкел//әкпел т. б. боп) қолданылуында ғана кездесетін заңдылық. Мұнда ешбір көнелік не жаңалық дегендей, немесе мағыналық ерекшелік дегендей із қуалай сырын ашатын өзіндік белгілер де, ерекшеліктер де жоқ. Бұл тек айту дағдысында кездесетін бірлі-жарым алшақтықтар боп танылады.

Үшінші, -ғар арғы кезде -ғару формасынан қысқарған деген пікірде екі түрлі жағдай бар: 1) -ғар қосымшасын ғару формасынан қысқарды деу; 2) -ған қосымшасын -ғар қосымшасынан пайда болды деу. Бұл екі пікірдің алғысын толық мақұлдауға болады. Өйткені -ғару > -ғар ізі — ескі қолжазба ескерткіштерден бастап бүгінгі түрік туыстас тілдердің қазіргі айтылу нормасынан да көптеп кездесетін дағдының бірі. Ал, соңғы пікір біраз ойлануды қажет етеді.

Біздің ойымызша, барыс септігінің -ған формасы -ғар формасынан шықпаса керек. Бұл формаларды тілдің даму процесінің бір кезеңінде бірқатар пайда бо-

лып, күні бүгінге дейін қатар өмір сүріп келе жатқан формалар деп қараған жөн сияқты. Бұлай деп айтуымызға осы екі формадан жеке-жеке салаға бөліне өрбіп тараған көптеген қысқарған формалардың *-ғар > -ңар > -ңа||-ңә||-ңе* және *-ған > -ға||-га||-гә||-ге* сияқты формалардың бар екені берік тиянақ бола алады.

Сонда, қазіргі қолда бар материалдарда кездесетін және барлық ғалымдардың ең көне форма деп жүрген *-ғару||-ғары*<sup>207</sup> формасының бір кездерде *-ғану||-ғаны* сияқты варианттары болуы да мүмкін. Бұл варианттар бертін келе екі түрлі бағытта ықшамдалып,

*ғару||-ғары > -ғар*  
*-ғану||-ғаны > -ған*

деген сияқты қатар формалар тудыруы да ықтимал. Олай болса, *-ғар* сияқты *-ған* формасы да барыс септігінің көне жалғауларының бір түрі есебінде танылуы шарт.

Септеу үлгісіндегі төртінші бір ерекшелік — көмектес септігінде *i, ы* дыбыстарының пайда болуы. Көмектес септігі хакас тіліндегі *миніненъ, синіненъ, анынанъ*; ойрат тіліндегі *мени-ле* (мен-ле), *сени-ле* (сен-ле), *аны-ла* (ол-ло//ол-ла) және қазақ тіліндегі *менімен, сөнімен, онымен* дегендерден өзге түрік туыстас тілдерде кездеспейді.

Бұл көмектес септігінің тұлғалық құрамы *ме-ні-мен, ми-ні-нен, ме-ни-ле* деген сияқты жеке бөлшектерден тұрады. Ондағы *ме-, ми-* дегендер — түбір морфемалар да, *-ні, -ни* дегендер — бір кездерде толық түрде қолданылған *-нің* морфемасының фонетикалық өзгеріске түсе ықшамдалған дәрежесінің бір көрінісі, *-мен, -ненъ, -ле* дегендер — көмектес септік жалғаулары. Олар — ертеде толық мағыналы сөздерден *бірлән > билән > білә > ілә > лә||ле; бінән > мінән > інән > нән; мынан||менен > ман||мен* деген сияқты жолдармен пайда болған қосымшалар.

Көмектес септігінің құрамындағы бұл формалар мен қосымшалардың алғашқы тұлғалары ескі қолжазбалар мен ескерткіштерде *мәнің бірлә* (КВ, 11, 63; В,

<sup>207</sup> *-ғары* қазақ тілінде барыс септігінің көне формасы ретінде, жоғары, *ілеері, сыртқары, ішкері* т. б. сөздерде сақталған. Қараңыз: Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 332-бет.



33; МК, 1, 190, 194, 234, 352), *аның бірлә* (МК, 1, 235, 238, 240), *аның билә* (МК, 1, 244, 266) сияқты боп өте жиі кездесіп отырады. Сол сияқты ауыз әдебиеттерінің нұсқаларында кездесетін «меніңменен», «сеніңменен» сияқты көмектес септік жалғауының түрлері де тегін формалар емес. Бұл формалар, сөз жоқ, көмектес септігінің көне түрлерінің сарқыма қалдығы да, біздің ұсынып отырған пікірімізге бірден-бір тапжылтпас дәлел боп табылады.

Септеу үлгісіндегі бесінші ерекшелік — ол есімдігінің соңғы *л* дыбысының септік жалғауларын қабылдауда *н* дыбысына айналуы. Бұл мәселе *ол* сөзінің түпкі төркінімен байланысты сөз болуды қажет етеді. Мысалы, *ол* сөзі көне ескерткіштерде *ан*, *анлар* деген формаларда кездеседі. Ал, қазіргі түрік тілдерінің біразында *андағ*, *ондағ* және көпшілігінде *ондай*, *онсыз*, *онша* деген сияқты формаларда *ан*, *он* түрінде қолданылады. *Ол* сөзінің бұлайша *ан* түрінде, яғни соңғы дыбысының *н* болып айтылуы оның *мен*, *сен* есімдіктерінің соңғы *н* дыбыстарымен байланыстыра сөз етуді қажет етеді. Анығырақ айтқанда, *ол* сөзінің соңғы *л* дыбысы бір кездерде *н* түрінде қолданылған деген ойға тоқталуды мақұлдайды. *Н* және *л* дыбысының алмасып, ауысып қолданылу дағдысы — түрік тілдерінің қай-қайсысына болса да тән ортақ заңдылық.

#### ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Еванг.	— Евангельский текст «Поклонение волхвов».
КТб.	— Большой текст памятника Кюль-Тегина.
КТм.	— Малый текст памятника Кюль-Тегина.
ОИУ.	— Н. О. Катанов. Опыт исследования урянхайского языка. Казань, 1903.
Юр.	— Юридические документы уйгуров.
Ніб.	— Уйгурская рукопись «Подарок истин».
Qas.	— Касыда на чагатайском языке уйгурскими буквами.
Rbg.	— История пророков.
Suw.	— Сутра «Золотого блеска».

- Топ. — Памятник Тоньюкука.  
 Мог. — Памятник хану Могильяну.  
 Будд. — Памятники буддийского содержания.  
 Мч — Памятник Маюк-чуру.  
 КВ, II. — Radloff W. Das Kudatku Bilik. Theil II, SPB, 1900-1910.  
 N. — Наманганская рукопись «Кутадгу билиг».  
 Q. — «Каирская рукопись «Кутадгу билиг»».  
 W. — Венская рукопись «Кутадгу билиг».  
 РСл. — В. В. Радлов. Опыт словаря в тюркских наречиях. I-IV. СПб, 1893-1911.  
 БСл. — Л. Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. I, 1869.  
 МК. I. — Махмуд Қашгарий. Девону луғотит турк. Т. I. Ташкент. 1960.  
 ЯЖУ. — С. Е. Малов. Язык желтых уйгуров. Алма-Ата, 1957.  
 ССК. — А. Курышжанов. Формы и значения надежей в языке Codex Cumanicus. Диссертация на соискание учёной степени кандидата филологических наук. Алма-Ата, 1958.  
 O-H — А. М. Щербак. Огуз-наме. Москва, 1959.  
 M-H — А. М. Щербак. Мухаббат-наме. Москва, 1959.  
 Bang, Kosm — Bang W. Vom Köktürkischen zum Osmanischen.  
 Рамст. — Г. И. Рамстедт. Введение в алтайское языкознание. Морфология, М., 1957.  
 Морфол. — Räsänen M. Materialien zur Morphologie der tütischen Sprachen. Helsinki, 1957.  
 Räsän.  
 Morphol.
-

## М А З М Ұ Н Ы

Кіріспе	3
§ 1. Жалпы мәселе	9
§ 2. Жіктеу есімдіктері	19
§ 3. Сілтеу есімдіктері	25
§ 4. Сұрау есімдіктері	38
§ 5. Өздік есімдіктері	48
§ 6. Жалпылау есімдіктері	52
§ 7. Белгісіздік есімдіктері	54
§ 8. Болымсыз есімдіктері	57
Есімдіктердің септелу ерекшеліктерінен	64
Шартты белгілер мен қысқартулар	71

**Ибатов Арсен Медетович**

**Из истории местоимений в казахском языке**

(на каз. языке)

Редактор *С. Айтмухамбетова*  
Худ. редактор *И. Д. Суцих*  
Тех. редактор *З. П. Ророкина*  
Корректор *Н. Сулейменова*

Сдано в набор 21/II 1966 г. Подписано к печати 4/IV 1966 г.  
Формат 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Бумага № 2. Физ. л. 4,62. Усл. печ. л. 3,78.  
Уч.-изд. л. 4. Тираж 2850. УГ03780. Цена 24 к.

---

Типография издательства «Наука», г.-Алма-Ата, ул. Шевченко, 28  
Зак. 23.



Цена 24 коп.